

84(5Қаз)

С58

Бақымжан СОВЕТҰЛЫ

Бұл -
менің фоты

84(5K03)
C.68

Бақытжан
СОВЕТҰЛЫ



Бұл - мен ғой

сықақ, әзіл әңгімелер, қалжыңдар



Алматы 2016

ТАРАЗ ҚАЛАСЫ
ОККЖ

ИНВ.№ 77565

Б 87

СОВЕТҰЛЫ Б.
БҮЛ – МЕН ҒОЙ:

сызық әлі жұзімсіз, қажығандар
Альбом. "Информ-А", 2016. – 168 бет.

ISBN 978-601-7504-20-5

Таңымал сатирик Бақытжан Советұлының 50 жылдық мерейтойына орай шығарылып отырған бұл кітапты оның таңдамалы шығармаларының жинағы деуге болады. Кітапқа автордың әр жылдары жазған шығармалары топтастырылды. Сыздақшы сатираның барлық жанрында қалам тербеген. Ол әзіл-сықақтарымен күлдіре отырып, қоғамның қотырын қасып, қоясын ақтарады. Қатқылдай отырып қығытып, ойнай отырып оспақтан, келеңсіз нәрселерді келеке етеді. Мысалдай отырып мысқылдан, шымбайға бағырып шымшай алады.

Сатириктің шығармаларына арқау болған оқиғалар – түгел дерлік өмірде болған жайттар мен қоғамда бар түйткілдер. Автордың тілі өткір, уытты.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01

БІРІНШІ БӨЛІМ



Мен де бірдеңе
дейінші...

*сатиралық
әңгімелер*



ҮШЕМ

Таңқыбайдың әйелінің аяғы ауыр. Төрт қызы бар. Енді міне тағы да жүкті. Таңқыбай да тоқтар емес. «Бір ұл керек қой» деп, ұмсынып жүр. Сөйткен Таңқыбайым елең-аланда сәлпиіп есік қағып тұр.

- Тілеуіңді бергір, Тәкежан, әйелім толғатып жатыр. Көлігің бар ғой. Тездетіп перзентханаға жетпесек, болмайды. Қараң өшкір калада сенен баска кімім бар. Досым деп саған келдім, - дейді.

Мен не дейін. «Жазған құлда шаршау жоқ», ілбіп алдына түстім. Мәшениеге Таңқыбайдың толғағы қысқан қатынын салып, перзентханаға да жеттік-ау әйтеуір. Күтіп отырмыз. Таңқыбай Құдайға жалбарынып шекесі торсықтай бір ұл сұрауда. «Досымның тілеуін бере гөр!» деп, ішімнен тынып мен отырмын.

Бір уақытта доғдырдың да домалақ басы көрінді.

- Сіздер кім боласыздар? – деді салған жерден.

- Мынау – әкесі, ал мен – оның досымын.

Менің де таңдайым тақ ете қалды. Сол-ақ екен доғдыр «Құттықтаймыз әйеліңіз ұл босанды» деп, Таңқыбайдың аркасынан қағып, қолын қысты. Таңқыбайда ес жоқ. «О, құдайым, бар екенсің ғой. Рахымы шексіз Алла, рахмет, рахмет!» деді де, «Сүйіншіңіз дайын, міне» деп, мың теңгені доғдырдың қолына қыстырды. Доғдыр мұрнын тыжырайтып, «Бұны пол жушыға бере сал» деп, жактырмаған қалпы жөніне кетті. Байқаймын, мың теңгені пұл деп тұрған жоқ. Тек кетіп бара жатып, «Бағың бар екен, бір емес, үш ұл туды әйелің» деді. Қуанышы қойныма сыймай, ұшып тұрған Таңқыбайым осы кезде еңіреп жылап жіберді. Қуанған мен қайғырған деген осы да.

- Міне, бауырым, ақ түйенің қарны жарылды деген осы да. Үшем құтты болсын! Құдай тілеуіңді берді. Бір ұлға зар боп жүр едің, енді міне, бірден үш ұлды болдың, - деп шын

ықыласымды білдіріп, шыр-пыр болдым да калдым. Бірақ Таңқыбайым қояр емес. Жылаған былай тұрсын, өкіріп, өксі бастады. Шыдамым таусылған мен:

- Өй, саған не болды?! Қуанышта көз жасыңа ерік бергеніңе түсінем. Болды енді, одан да сүйінші сұрайық ағайын-туыстан.

Осы кезде Таңқыбайым:

- Тәкежан, мен сүйініштен емес күйініштен жылап тұрмын, - демесі бар ма?

- Тәйт ары, не деп тантип тұрсың?! Бір ұл деп едің, міне, үшем дүниеге келді. Бұдан басқа қандай бақыт керек саған?

- Тәкежан, мен сарыла, сарғая сегіз жыл бойы бір бала күттім. Құдайдан шын көңілмен сұрадым. Енді үшемді қайтіп асыраймын? Төрт қызымның тентіреп жүрісі – анау. Менің жұмыссыз жүрісім – мынау. Жатақхананың қуықтай бір бөлмесінде қалай күн көреміз? – деп еңірейді ерім.

- Өй, сен де қайдағыны айтады екенсің! Үшем дүниеге келген соң әкімдік те қарап қалмас. Оның үстіне әйелің «Батыр Ана» атанды. Көр де тұр, тағы да тілеуіңді берер тәңір. Үш бөлмелі пәтер алып, ырғап-жырғап қаласың әлі.

- Солай ма? – деп көз жасын сүрткен Таңқыбайым қазір мен үй алып беретіндей үмітпен қарайды. «Кеттік, онда қалтамда қалған 500 теңгеге бірдене алып, жуайық»

- О, солай демейсің бе, бағанадан бері. Қуаныш ортақ, жусак, жуайық.

Екеуміз ентелеген бойы «Кафе, қайдасың?» деп тартып кеттік.

Араға алты ай салып, Таңқыбайды аялдамадан жолықтырдым. Ұнжырғасы түсіп кетіпті.

- Не болды? – десем.

- Өй, бәрі құрысын! Құдайдан бала тілеп нем бар еді?! Алла да менен ала алмай жүрген өші бардай біреу емес, үшеуін бере салғанын айтам. Төрт қызымды жетілдіре алмай жүргенде, енді міне, үш ұл қосылды. Әйелім де, мен

де ұйқыны қойдык. Тар бөлмеде түрегеп ұйықтайтын халге жеттік. Әсіресе қыздарыма обал болды. Олар да жатпайды. Бізді аяп, «Сіздер демалыңыздар» деп, бәйек болып жүргені.

- Әкімдік не дейді?

- Не деуші еді. «Үшемді біз үшін тудыңдар ма? Өздерінде 4 қыз бар екен. Жатақханада тұрасыңдар. Үшем туылды дегенде асылып өлмедіңдер ме?» дейді. Иә, шынында да мен сөйтсем-ау деймін. Тек әйелім мен балаларыма обал. Мені жерлей алмай, жер бола ма деп қорқам. Жарайды, автобус келді. Балаларға сүт апаруым керек. Кеттім.

Ол кетіп қалды. Менің көңілім әлем-тапырық. О, құдайым-ау, дүние не болып барады. Шынында да баладан безетін кез келді ме? 15 миллион халық. Қытай – 1,5 миллиард, Ресей – 150 миллион. «Мәңгілік ел». Міне, олар мәңгілік ел болуы әбден мүмкін. Ал біз... Иә, түйені түгімен жұтса да жұмырына жұтын болмайтын шекпенді шевеуліктер мен атқа қонса Құдайын танымай кететін әкімдерге не дерсің?! Ішіп-жеуден өздері тойса да, көздері тоймайтын тонмойындар тоқтамға келіп, халыққа үлесін бермесе, бір күні елдің де, жердің де жұтылып кетерін сезер ме екен?! Әй, қайдам?!.

«БАЗАР ЖОҚ»

Бүгін – күн жексенбі. Рахат. Демалып жатырмын. Жұма күні жалақы алып, жарылқап қалғам. Сенбі күні тойға бардык. Ал бүгін...

Айтпақшы, осы мен мең-зең болып неге жатырмын?! Қой, одан да сыртқа шығып, «құрыс-тырысымды» жазайын. Базарға барып, балаларға базарлық алайын. Осыны ойлағаным мұн екен, орнымнан атып тұрдым. Ас бөлмеде жүрген әйелімнің «Жын ұрғандай жүгіріп қайда барасың, бүгін демалыс қой» деген сөзін де құлағыма қыстырғаным

жоқ. Жолға шығып, көлікке қол көтердім. Таксист екен. Маған таяп келіп, лық тоқтады.

- Қайда барасыз?

- Базарға.

- Базар жоқ.

- Онда кеттік, - дедім де алдыңғы жақ орындыққа жайғаса кеттім.

Байқаймын, таксист баланың көзі шарасынан шығып барады.

- Оу, көке, мен сізге «базар жоқ» деп шынымды айтып тұрмын. Қазір онда тек полицейлер жүр, бәрібір кіргізбейді.

Түк түсінсем бұйырмасын. Көшпелі кезеңнен бастап, көсегеміз көгерген бүгінгі заманға дейін, толассыз жұмыс істеп келген базар айдың-күннің амаанында қайда кетті? Таңданысымды тіл ұшына әкелгенше «Сіз не, телевизор көрмейсіз бе?» деп, таксисімнің таңдайы тақ ете қалды.

- Енді, түріктердің телесериалын тапжылмай отырып, тамашалаймыз ғой, - дедім мен де сызданып.

- Телесериал емес, «Жаңалықтарды» көру керек.

Шыдамның да шегі бар, дәл осы жерде «Әй, сен кімнің өзі, маған ақыл айтатын?!» деп айқайға басқым келді де, өз-өзімді сабырға шақырдым:

- Иә, онда не дейді? – деген сөзді тырсылдап отырып, тісімнің арасынан сыздықтатып отырып әрең шығардым.

- Онда екі мың жылдық тарихы бар Тараз қаласының бар байлығы орталық базардың астында жатыр. Соны казып алу керек дейді, - деді ол.

- Онда не тұрыс? Тарттық.

- Болмайды.

- Неге?

- Бөтен бір адамды жібермейді. Тек археологтар ғана жүр.

- Қап! Тараздың зор байлығынан құр қалатын болдық-ау! Жарайды, байлығы да, басқасы да құрысын! Маған базар керек, базар! – деп ақырып жібергенімді байқамай қалдым.

- Көке, сіз де қоймадыңыз ғой, тегі. Жарайды. Қазір бізде бір емес, үш базар жанадан салынып жатыр.

- Онда соның біреуіне тарт.

- Жоқ, сізге не керек, соны айтыңыз? Киім-кешек пе, құрылыс материалы ма? Жоқ, әлде азық-түлік пен көкөніс пе?

- Онда сенің қандай шаруаң бар?

- Болғанда қандай?! Бұрынғыдай олар бір жерде емес, үшеуі үш жерде сатылады. Құр босқа сандалмай, біліп алайын дегенім ғой.

- Жарайды, киім-кешекке кеттік.

- Оған барудың қажеті жоқ.

- Неге?

- Онда өрт шығып, дау-дамай болып жатыр.

- Кім өртепті?

- Кім болушы еді, бәсекелестері-дағы. Базар дегенін – бүгінде ең басты байлық. Қып-қызыл ақша. Бекерден-бекер жапты дейсіз бе бұрынғысын. Қазір Таразда базар дауы қызып тұр. Бір-бірін аяйтын да, аянып қалатын да түрлері жоқ. Базарды қайтесіз, одан да мен сізді киім-кешек сағатын сауда дүкеніне апарайын.

Мен сасайын дедім. Қаржым да оңып тұрған жоқ.

- Енді былай ғой, базардың аты – базар ғой. Аралайсың, саудаласасың, арзандатып аласың дегендей.., - деп мінгірледім.

- Ой, көке, бізде аралап көретін қай бір оңған базар бар дейсіз. Соғылып бітпей, қирап жатыр.

- Қап-ай, ә! Енді қайттім?! Мақұл. Базары құрысын, сауда үйіне тарт.

Зуылдап келеміз. Дүкеннен киім-кешек алмағалы қашан? Ақшам жете ме, жоқ па? Машина зуылдаған сайын, жүрегім суылдайды. Жарайды, бара көрермін. Айтпақшы...

Бұрынғы базар астынан не шықты екен? Алтын-күміс, жауһар мен гауһар?.. Әйтеуір әнебір жолы телевизордан бір-

екі құмыра табылды дегеннен басқа тілшілер де, тыңшылар да тіс жарған жоқ. Қой, бір-екі құмыра мен баяғыда құрдымға кеткен моншаның сынық құбыры үшін халықтың басты күнкөрісі алып базарды жауып тастамайтын шығар. Не болса да мұнда бір гәп бар. Бірақ оны айтпайды. Әрине, айтпайды. «Алтын көрсе, періште де жолдан таяр» деген. Айтса, елдің барлығы күрек пен кетпен алып, сонда шауып кетпей ме? Мен тас қараңғы болғанда...

Осы жерде өз ойымнан өзім селк ете түстім. Таксист балаға қараймын, оның менде еш шаруасы жоқ сияқты. Қуанып кеттім. Иә, не болса да күрек алып, түнде барып көру керек.

«АБЫРОЙ ЕМЕС, АТАҚ-НАМЫС ЕМЕС, ТАБЫС КЕРЕК»

Мен ауылдан Астанаға келдім. Әдейілеп. Ауылдағы мен сияқты қарақөздер үшін күніге көгілдір экраннан көрсетіп жатқан ару қаланы көру арман болатын. Сол арманымға жетіп, әй, бір айызым қанғанша араладым. Барлық жеріне бардым. Көрдім. Риза болдым. Енді міне, мұз айдынындағы кәдімгі «Барыс» командасы ойнайтын спорт сарайында отырмын. Кеудені қуаныш кернейді. Жанкүйерлердің барлығы дерлік өзім сияқты қарақөз бауырлар. Неткен гашибет! Жалшы, мен – спорт десе, ішкен асымды жерге қоятын жанкүйермін. Кеңес Одағы кезінде Алматыға арнайы ат басын бұрып, көгалдағы хоккей мен допты хоккейді де көргенмін. Ой, сондағы жігіттердің ойнасын айтсаңызшы! Чемпион болғанда шекірейіп жүретінбіз. Қазір бұл екі спорт түрі де Кеңес одағымен бірге күйреп, құрдымға кетті. Бірақ ұнжырғамызды түсіруге болмайды. Бүгінде бір кездері түсімізге де кірмеген шайбалы хоккей бар бізде. Ал астаналық «Барыс» болса, Ресейдің маңдайалды командаларымен бірге

жоғары дивизионда дүрідеп тұр. Алғашқы орыннан болмаса да, ондықтан көрінуде. Жігіттер аянып жатқан жоқ. Енді бұл – спорт. Спорттың өзі жеңіс пен жеңілістен тұрады. Кейінгі кезде тіпті жеңісіміз көбейіп келеді. Оған қалай қуанбасқа?! Тамаша! Бір кездері орыс ағайындар «Шайбу, шайбу!» деп тамақтары қарлыққанша қиқуламаушы ма еді. Телевизорға телміріп отырған біз байқұс та сол дүрмекке қосылатынбыз. Қазір Құдайға шүкір, «Шайбу, шайбуды» қойып, өз тілімізде «Алға, алға!» деп, жігіттерді жігерлендіретін болдық. Бірақ оған селт еткен спортшы болса. Қайта «селк» етіп, мына туристер қайдан келді деп таңдануы мүмкін. Өйтпегенде ше? Хоккейшілердің ішінде емге бір қазақ жоқ. Қазақты қойшы, қазақстандық тумалардың өзін табу қиын. Шетінен – шет елден келгендер. Құдайы көрші «көк көз» ағайындарға етіміз өліп, олардың ойнағандарына көніп кеткелі қашан. Енді міне, орысты да қойып, мұхит асып Канада мен Америкадан бір-ақ шықтық. Құдайға шүкір, ақша деген – бізде пішен. Көк қағазды көсіп-көсіп беріп, сол жақтан алып келіп жағырмыз ойыншыларды. Ойнасын. Біз тамашалайық. Қазақ жігіттері дейсіз бе? Оларды қайтеміз? Коньки тептіріп, таяқ ұстатып, шайба соқтырып жатқанша «дайын асқа, тік қасық» болмаймыз ба? Мейлі, олар өз жерінде 3-4-сортты ойыншылар-ақ болсын. Зато, бізде бірінші нөмірлі хоккейшілер. «Барысымыз» табысты болса – болғаны. Намыс дейсіз бе? Қазір соған кім қарап жатыр? Ең бастысы – жарыс. Абырой емес, атақ керек. Намыс емес, табыс керек. Сондықтан да шет елдерден спортшыларды шақыра береміз, шақыра береміз. Оған долларымыз да, арқалатып жіберер дорбамыз да жетеді. Келсін, қызығын көрсін. Қазақ халқы жомарт екенін білсін, басқаларға айта жүрсін. «Жергілікті жастар мен жасөспірімдерді неге баулымасқа?» дейсіз бе? Өй, қойшы соларды. Бас қатырып қайтеміз? Бұлар кеткенде, басқаларын шақырып аламыз. Ол жақта 3-4-сорттағылар жетеді.

Токта... Міне, «Барыс» ойыншылары алаңға шығып келеді. «Жігіттер, алға, алға!». Әй, құрысын! Бәрібір олар түк түсінбейді. Одан да орысша «Шайбу, шайбу» немесе ағылшынша... Айтпақшы, ағылшынша не деп айқайлайды екен өзі? Үйреніп алу керек еді. Бәрібір үш тіл үш тұғырымыз болып келеді ғой. Иә, сөзсіз үйреніп алу керек.

ӘЛЕМДЕГІ «ӘДІЛ СӨТ» ЖАСАСЫН!

1.

Орындарыңнан тұрыңдар. Сот келеді!

Бұл сөзді естігенде Кедей Байқұсұлы орынынан ұшып тұрып, «Әлемдегі ең әділ сот – Қазақстан соты жасасын!» деп қол шапалақтап, шаттана айқайлап жібергенін байқамай қалды. Мұнысы дәл «Кавказ тұтқыны» киносындағыдай болып шықты. Бірақ Кедей байқұс шын көңілмен айтты. Сеніп отырғандығы – келмеске жеткен Кеңес үкіметіндегі емес, Қазақстан соты. Бар үміт енді сонда. Сот тағына жайғасып, жәй ғана «Отырыңдар» деп әмір берді. Алғашқы сөз қашанда прокурорда. Ол тамағын кенеп алып, Кедейдің қылмысын бетке баса бастады.

- Бұл өзі – барып тұрған бауқеспе ұры. Дәлел. Дәлел керек болса, айтайын. Кедей Байқұсұлы осыдан 3 жыл бұрын Беделбай Берекелдиевичтің бес тауығын ұрлап алған. Бір емес, екі емес, тіпті үш те емес, бақандай бес тауық. Міне, осылайша Беделбайдың беделіне нұқсан келтіріп қана қоймай, қып-қызыл шығынға ұшыратты. Солай ма, Беделбай Берекелдиевич?

- Иә, солай. Мен банкрот болып қала жаздадым ғой. Сол қайран бес тауығым аман болса, бес жылда қаншама жұмыртқа табар еді. Оны балапан етіп шығарсам, олар да тауық болып жетіліп, жұмыртқа тағы да еселене түсер еді. Ел экономикасын көтеріп, өзім де, өзге де, өңір де жеңсік

асқа қарық болып қалар едік. Енді міне, алаяқтың алдауына түсіп, қаншама қаржыдан қағылдым. Осының бәрі – Кедей Байқұсұлының кесірінен, – деп Беделбай ботадай боздап қоя берді.

Сот оны сабырға шақырумен әлек. Басқалары да мүсіркеп, кәсіпкердің жұмысы мен тұрмысына нұқсан келтірген «қылмыскерді» ала көздерімен атып отыр.

- Міне, көрдіңіздер ме? – деді прокурор. – Беделбай Берекелдиевич өзін емес, елді ойлап отыр. Сол үшін ертелі-кеш бел жазбай еңбек етеді. Ал бауқеспе ұры Кедей Байқұсұлы олардың алаңсыз, адал жұмыс істеуіне кедергі келтірумен келеді. Қарапайым ғана есептеп қарайық. Бес тауық бес жылда бір жарым мыннан астам жұмыртқа табады. Ал әрбір жұмыртқадан шыққан балапан алты айда өсетіндігін ескерсек, бес жылда қаншама тауық өсіп жетіледі. Бұл деген – тұнып тұрған байлық қой! Міне, мәселе қайда? Сондықтан Беделбайдың байлығын талан-таражға түсірген Кедей Байқұсұлына 5 миллион айыппұл салынып, бес жылға бас бостандығынан айыруды сұраймын.

- Рахмет, сіз отыра беріңіз. Ал сен не дейсің?

Сот енді Кедей Байқұсұлына қарады.

- Ал жемқор, сен бұған не айтасың?

- Кешіріңіз, мен жейін деп жегенім жоқ. Бес тауығы да кәрі екен. Бір жылда екеуі тырайып өліп қалды. Қалған үшеуі де өмірем қаппасын деп, сойып алып, жеп қойдым. Ол тауықты Беделбайдың өзі берген. «Шиегтей бес балаң бар ғой, сорпа жасап ішіндер. Мен сияқты байып кетсең, кейін қайтарарсың. Әйтпесе, Құдайы садақа, саған бердім» деп еді. Енді міне, бес жылдан соң келіп тұр. «Тауықтарымды қайтар» деп тықылдап қоймаған соң, көршімнен қарызға деп 5 тауық сұрап алып берсем, алмайды. «Жұмыртқасы, балапандары қайда?» дейді.

- Ал сен не дедің?

- Мен не деуші едім. Қанша жұмыртқа, қанша тауық

десем, «Оны қайтесің, бәрібір санына жетпейсің, одан да 5 миллион теңге бере сал» дейді.

- Ал, сен...

- Мен талып қалдым.

- Неге?

- 5 миллионды өнім түгіл, түсімде де көргенім жоқ қой.

Қайдан табамын?

- Ал содан?

- Содан не болушы еді. Сотқа берді. Мен келдім. Енді міне, алдарыңда тұрмын.

- Түсінікті. Соттың шешімі мынадай: Кедей Байқұсұлы еліміздің елеулі азаматы, ауыл шаруашылығының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген Беделбай Берекелдиевичтің шаруасына нұқсан келтіріп, 5 тауығын ұрлап жеп қойғаны үшін.

- Мен ұрлаған жоқпын! Өзі берген.

- Тәйт, әрі! Опасыз жемқор! Міне, сол тауықтың өсімін бермегені үшін 5 миллион теңге Кедей Байқұсұлынан өндірілсін.

- Менде ондай ақша жоқ.

- Үніңді өшір, сұмырай! Ақшасын бермеген жағдайда үй-мүлкі тәркіленіп, басында не бар, бәрі алынып, Беделбай Берекелдиевичке берілсін. Өзі бес жылға темір тордың арғы жағына тоғытылсын. Аудандық соттың шешіміне келіспеймін деп облыстық, республикалық сотқа шағымданбас үшін қолына қаламсап пен қағаз беруге қатаң тиым салынсын. Осымен сот істі жабық деп жариялайды.

Беделбай Берекелдиевичті барлығы бетінен сүйіп құттықтап жатыр. Ал барынан айырылып, түрмеге түскен Кедей Байқұсұлының әйелі бес баласын құшақтап, булығып жылап тұр.

P.S: «Сыбайластық жемқорлыққа байланысты бір іс осылайша аяқталды. «Әлемдегі әділ сот жасасын!»

2.

- Орындарыңыздан тұрыңыздар. Сот келеді!

- Отыра беріңіздер, бастайық. Бүгін қайсысы еді? Ә, міне, таптым. «Жемқорлық пен сыбайластық». Иә, елімізді, жемқорлық жайлап барады. Біз онымен аяусыз күресудеміз. Қаншама адамды ұстадық. Қамадық. Торға тоғыттық. Әлі де жемқорлардың желкесін үзбей тоқтамаймыз. Айтпақшы, түйені түгімен жұтқан экс-әкім қайда? Бүгін соның соты емес пе? Сот залында көрінбейді ғой?

- Рұқсат етіңіз, мәртебелі сот!

- Сіз кімсіз?

- Адвокатпын ғой.

- Жарайды, жарты сағат мыжымай, жарты минутқа сыйғызыңыз. Не дейсіз?

- Не дегенде, былай ғой, ол жейін деп жеген жоқ, абайсызда байкамай... Әйтпесе, ол жақсы әкім болатын. Қаншама мәселені шешті.

- Қандай мәселе?

- Ии... соны игім біліп пе? Әйтеуір әкім болып тұрғанда «Ана нысанды тұрғызды, мына құрылысты жүргізді, газ келді, су берді» деп журналистер жазып та, айтып та жатты ғой.

- Мына жерде үкіметтің қаржысын жеп қойғаны жөнінде бұлтартпайтын дәлел бар. Оған не дейсіз?

- Енді оны бір өзі жеген жоқ қой, бөлісті, келісті, берді дегендей. Онсыз болмайды. Жемесе, бермесе, жұмыс та жүрмейді. «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген. Бірақ бұл жолы келте болды. Содан шу шықты. Әйтпесе, ол осы кезге дейін қаншама қымқырып жымқырса да жымын білдіртпейтін. Алды, берді, жеді, өсті.

- Паһ,шіркін, шенеунік деп осыны айт! Жарайды, өзі қайда?

- Шетелде.

- Шет елде?! Онда неғып жүр?

- Енді халықты басқару оңай дейсіз бе? «Ішіп-жегеннің» өзі жүйкеге қаншама салмақ түсіреді. Ем алып, демалып дегендей...

- Қап, енді қайттік?! Боқты, істі қарай берейік. Осы кезге дейін де қашып кеткен талай экс-тің сыртынан «жаназасын шығарып, соттадық кой. Бұл жолы да солай істейік. Әйтпесе, құлаққа тыныштық жоқ. Айыпталушыға сот мынандай үкім шығарды: экс-әкім есіріп кеткендігі, ішіп жеп қойғаны, үкіметтің ақшасын қалтаға басқаны және шет елге қашқаны үшін 20 жылға сотталсын. Соттың шешімі бүгіннен бастап күшіне енсін. Болды. Бітті. Сот істі жабық деп жариялайды.

Балғаның «тың» еткен дыбысы шықты, жемқорлыққа байланысты тағы бір іс архивке кетті. Екі жак та разы. Сот сырттай соттап, істі жауып «жемқордан» құтылғанына, экс-әкім миллиардты қалтаға басып, шет ел асып кеткеніне.

Әлемдегі «әділ сот» жасасын!

ТЕҢ – ТЕҢІМЕН, ТЕЗЕК – ҚАБЫМЕН

*немесе мен Ұлыстың ұлы күнін
қалай қарсы алдым?*

Бүгін – Ұлыстың ұлы күні. Самарқанның көк тасы да еріп, бай мен кедей теңесетін күн. Ұлы мейрам. Олай болса, не жатыс? Мен орнымнан атып тұрдым. Жуынып-шайынып, үстіме барымды киіп, сыртқа шықтым. Ойым – орталық алаңға жету. Телсарнадан кешелі бері көрсетіп жатыр, 30-ға жуық киіз үй тігіліп, наурыз көже таратылады. Түрлі ойын-сауық та көрсетілмекші. Мен де ел қатарлы наурыз көжеден дәм татып, қызықты тамашаламақпын. Үйден шықпағаным да бір айдай уақыт болыпты. Ауылдан қалаға келгелі бері тіпті жүнжіп кеттім. Қайбір жетіскенімнен келді дейсіздер бұл жаққа. Ауылдың сәні кетті. Бәрі тараған. Екі қолға бір күрек табылмаған соң, Таразға тартып тұрдым. Енді қайтем,

аштан өлейін бе? Бар жұмақ осында ма десем, қалаң да қатулы қарсы алды. Қайда барсам – Қорқыттың көрі. Жұмыс жоқ. Жарайды жұмыссыз жүрген жалғыз мен емес қой. Одан да бүгін көңіл серігтейін. «Көптен күткен көктем келді. Наурыз мейрамы, жаңа жыл. Жадырап жүріп, жарқылдап күліп қалаймын». Осындай оймен өз-өзімді жұбатып, тіпті ыңылдап ән де айтқан болдым.

Міне, орталық алаң. Халық ығы-жығы. Мен келгенде әкім халықты құттықтап жатыр екен. Ой, не деген көсем?! Ой, не деген шешен?! Қазақ халқы қазір қарыштап дамып, ғарышқа қол созуда. Көп ел тозып жатқанда біз бәрінен озып жатырмыз. 2030 жылы ару Айда, 2050 жылы күлімдеген Күнде өмір сүреміз. Әкімнің сөзіне сүттей ұйыған елдің есі кеткен. Бәрі риза, «О, Құдайым-ай, сол күнге тезірек жеткізе көр!» дейді. Мен де ризамын. Қалай риза болмасын, бес құрылықты артқа қалдырып, Ай мен Күнге аттанатын болсақ, «Жасасын Қазақстан!» «Жасасын Күн Отан!» деп барлығымыз айқайладық. Аспанда найзағай ойнап, күн күркіреді. Білмеймін, біздің бұл шаттығымызға шын ықылас білдірді ме, жоқ әлде Күнге жасаған күпірлігімізге қабақ шығтты ма? Абырой болғанда, жерге жасын түскен жоқ. Міне, әкім мінбеден түсіп келеді. Осы кезде мен оның қолын алып, амандасып қалайын деген сандырақ ой санама сақ ете қалды. Қос қолымды алға созып: «Ассалаума...». Арғы жағын айтып үлгермедім. Басыма сарт ете түскен соққыдан есеңгіреп барып ес жисам, қалың елдің ортасында сең соққандай теңселіп тұрмын.

- Өй, сенің есің ауысқан ба? Әкімге қол созып нең бар?! Алақаныңа ақша қыстырып алсаң, бір сәрі. Құр қолға бата жүрмейді.

- Соны білмеген бұда да ми жоқ! Анау еңгезердей екі жігіт мұны аяды ғой. Қайта басыңды жарып, көзіңді ойып тастамағанына рахмет айт. Аман қалғаныңа риза бол, тек жүрсен – тоқ жүресің.

Елдің бәрі мені келемеждеп күліп тұр. Мен не дейін.

- Бүгін бай мен кедей теңесетін күн ғой, - деп мінгірледім.

- Иә, теңестің. Мүмкін, саған бір күнге тағын босатып беретін шығар. Тағы да алдынан шығып, сәлем беріп көрерсің?

«Бүйткен әкімі де»... Жок, күпірлік жасамайын. Бүгін ешкімге ғайбат сөз айтпау керек. Одан да киіз үйге кіріп, наурыз көже ішейін.

Қаз-қатар тігілген ақшаңқан казак үйлер көз жауын алады. Ішінде аста-төк жасалған тағамнан дастархан майысып тұр. Бірінші үйге жақындап, «Ассалаудан» аузым күйіп қалған мен байқус: «Саламатсыздар ма!» дедім сызылып. «Ұлыс оң болсын!» дегенім сол еді, алдымды кес-кестеген үй иелері:

- Аулақ жүр! Әкім келмей, бір адам да мұнда кірмейді. Дастарханның сәнін кетіресіңдер, - деп зекіді.

«Үмітсіз – шайтан», әкім үйге бас сұғып, бас мүжіп, Алматыдан арнайы алдырған бір-екі әншінің әнін тыңдап, әбден жырғап шыққанша күте тұруға тура келді. Уф! «Ол шықты-ау» дегенде тағы солай қарай аяңдадым. Қайдағы... «Баяғы жартас – сол жартас». Бұл жолы алдымыздан шыққан апайтөс екі жігіт:

- Мұнда жоламаңдар! Бұл – әкімдіктің үйі. Ақ орданың адамдары отырады. Қара халыққа қалғандары жетеді. Барындар, - дегені бар емес пе.

Басқа үй де басымыздан сипай қойған жок.

- Сендерге не бар мұнда? Не, үйлерінде тамақ жоқ па? Давай, басты қатырмай, тайып тұрыңдар!

Лаж жок, салым суға кетіп, үйге қайттым. Есік алдына келгенде «Жалғызбай» деп саңқ ете қалған даусқа жалт қарасам, құрдас досым Маңғызбай тұр, екі езуі құлағында.

- Өй, саған не болған? Көңіл күйің пәс қой. Ауылдан қашан келдің. Давай, жүр менімен! Біздің аулада наурыз көже таратып жатыр. Соған барамыз. «Қажеті жоқ» деген сөзіме қарамастан, қолтығымнан демеп ала жөнелді. «Қап,

ұят болатын болды-ау!» деймін ішімнен. Бүгін әбден зәрезап болған мен бейбақ. Жоқ, оным бекер екен. Мұнда наурыз көже де ішіліп, аула адамдары әуелетіп ән де салды. Алматыдан алдырған әншілердікіндей емес, әрине. Бірақ шын көңілден шықты. Мұның барлығы керегесі кең киіз үйлерде емес, ашық аспан астындағы дастархан басында өтті. Мен сияқты құдайы қонақтар да көп болды. Барлығы да мәз-мәйрәм. Иә, «тең – теңімен, тезек – қабымен» деген – осы да.

P.S:

Ендігі менің арманым – 2050 жылға аман-есен жету. Ол кезде 90-ға келеді екенмін. Жәкең-Жамбыл бабамыз сияқты 100-ге жетсем. Ең болмаса, 10 жыл жырғап қалар едім-ау. Құдай соған жеткізсін. Мен сияқты Ай мен Күнде өмір сүруді армандап жүргендер қаншама?! 100 жас деген не, тәйірі?! Шыдай тұрайық. Үмітсіз – шайтан. Оған дейін шынында да шайтан болып кетпесек. Мейлі, не болса да 2050 жыл тезірек келсе екен!..

...Мен тәтті қиялмен ұйықтап кеттім.

БАЙЛАР ДА ЖЫЛАЙДЫ

Иә, байлар да жылайды. Жыламағанда қайтсін, үкімет салықты күшейтіп жатса. Ең бірінші қымбат көліктерге көзі түсті. Енді міне, үй салығы шықты. Үйің 1 миллион доллардан асса, салыққа жылына қыруар қаражат төлейсін. Оңай емес, әрине. Халықтың аузынан жырып, қалталарына тығып жатқан жандар үшін. Айтпақшы, ана жолы Ақшабай досымды көрдім. Қатты жүдеп кетіпті. Не болды десем, «Әй, құрысын бәрі. Мен бейшарада небәрі бес-ақ машина бар. Бірі – ұлым мен қызымдікі, бірі – әйелімдікі және екеуін өзім мінем. Барлығы – «Джип» пен «Ланд крузер». Құдай сақтағанда, депутаттар араласып, үкіметті райынан қайырды. Әйтпесе, 5 көлікке опырып ақша беріп, салық

төлеу оңай дейсің бе? Енді оған жаңа жылдан бастап көлік алғандар бас қатырсын. Біз сияқты бейшаралар құтылды» дейді мүләйімсіп. Мен не дейін, «Дұрыс бопты» дедім. Ол одан бетер екіленіп:

- Дұрысы құрысын, енді үй салығы шықты. Үйің 1 миллион доллардан асса, тағы да қалтаңды қаккалы отыр. Бұл не деген маскара?!

- Онда үйіңді сат. Арзанырағын ал, - дедім ақылгөйсiп. Оны естіген досым шоршып түсті. «Арзанырақ?! Сонда менің атақ-дәрежем адыра қалғаны ма? Жоқ, әлде мен ана дөкейлерден кеммін бе? Тоқта. Тісіннен шығып кетпесiн. Ішіме симай барады. Саған айтайын. Мен тура сен айтқандай істедім. Үйді саттым.

- Міне, мұның дұрыс. Арзанын алдың ба?

- Өй, сен де!.. Не, мені ақымақ дейсің бе?

- Сонда не істедің?

- Мен құжат бойынша үйді сатып, бір айдан соң оны 900 мыңға қайта алдым. Түсіндің бе?

- Жоқ.

- Андағы бас па, жоқ әлде қауақ па? Мен үйді тек құжат бойынша қымбат сатып, арзан бағаға қайтара сатып алдым. Енді мен салықтан құтылам. Енді түсіндің бе?

- Сонда қалай?

- Қалайы несі? Айтып тұрмын ғой, мен оны 1 миллионға сатып, 900 мыңға қайтып алдым. Ал шын мәнінде үй сатылған жоқ. Құжатты рәсімдеп, құтылып отырмын. Енді мына бірдене барды ма?

- Е, с... Енді түсіндім.

- Түсінсең болды, мен байқұс үйді рәсімдегенше өліп кете жаздадым ғой.

- Неге?

- Негесі несі? «Салықтан қалай құтылам?» деп. Біз байқұста артық ақша қайдан болсын? Салықты бұлай күшейте берсе, басқалар сияқты мен де шет елге тайып

тұрам. Жарайды, сырымды айтам деп шынымды ақтарып салдым-ау деймін. Қалай дегенмен де ескі доссың. Ескі дос жаңа екі достан артық деуші ме еді? Иә, солай. Айтқан сөз осы жерде «өлсін». Ал мен кеттім.

Ескі дос. Дұрыс айтады. Мектепте жүргенде Ақшабай, Кедейбай үшеуіміздің арамыздан қыл өтпейтін дос едік. Иә, ол да бір заман еді-ау! Қайран, балалық шақ десейші! Сөйткен Ақшабайымыз шет елді аңсайды. Ал мен... Мені қойшы. Кедейбай өмір бойы базарда арба сүйреп, өмірден өтті. «Өкіметтен 9 сотық жер алып, оймақтай үй салсам» деп армандайтын. Жер бұйырды. Бірақ 9 сотық емес, 2 метр ғана. Енді қалай, көз жұмған соң көму керек қой. Өкіметтің онысына да рахмет. Енді оған ештеңенің керегі жоқ. Ал сол сияқтылар әлі де көп. Үміттерін үзбей өкіметтен жер сұрап жүр. Оларға қашан, қанша бұйырады? Ал мен... Мені қойшы, ел қатарлы көрерміз де. Әйтеуір біз шет ел асып кетпесіміз анық. Түбі бір жер бұйырар. Оған да тәуба! Туған жердің топырағына не жетсін?!

ТОЙДЫҢ ӘЛЕГІ

– Кешіріңіз, мен «Отанды» іздеп жүр едім.

– Отан? Қандай Отан?

– «Отан» ше, кәдімгі «Отан».

– Әй, сен осы қазақсың ба?

– Оллаһи-биллаһи, қазақтың.

– Қазақстанда жүрсің бе?

– Енді сіз де қызықсыз, Қазақстанда емей, Америкада жүргем жоқ қой. Бірақ қолымнан келсе, тартып кетер едім сол жаққа. Әттен, қаржының жоқтығы-ай!

– Жә, жә, қиялданбай-ақ қой. Сенің іздеп жүргенің дәу де болса, «Күн-Отан» шығар?

– Иә, иә, дәл өзі.

– Олай болса, хатшысы алдында тұр. Айта бер бұйымтайыңды.

– Бұйымтай болғанда былай ғой, мен әйел алып едім.

– Әйел? Әйел алсаң, оған «Күн-Отанның» қатысы қанша?

– Қатысы болғанда былай, той алдында қыдырсақ па деп едік.

– Ал қыдыр, сонда Америкаға барасың ба?

– Қойыңызшы, сіз де қайдағыны айтады екенсіз.

– Жарайды, қыдырсаң қыдыр, біз не, келіннің шашбауын көтеріп жүрейік пе?

– Жоғ-э. Телевизордан да, газеттен де «Күн-Отан» көмектесіп жатыр, барлық мәселені шешіп жатыр» деп айтады ғой.

– Вот, сінді түсіндім. Сен қыздың қалыңмалына қаржы сұрап келдің ғой?

– Жоғ-э. Қалың малға деп әкем үйдегі сиыр мен 5 қойды беріп қойған.

– А, онда той жасау үшін бе?

– Жоғ-э. Әкем ауылдың асханасын жалдап, «ақшасын тойдан соң қайтарам» деп келісіп қойған.

– Енді не үшін?

– Айттым ғой, «қыдыруыма көмектессе» деп.

– Әй, сенің осы есін дұрыс па, қайдағы қыдыру?!

– Енді той алдында «гулянка» болмай ма. Сонда былай-былай қыдырмаймыз ба?

– Тфу, сен де бір... Жарайды, сонда не, ағайынтұмстарыңның көлігі жоқ па?

– Бар ғой.

– Бар болса, мініп алып, қыдыра бер!

– Болмайды.

– Неге болмайды?

– «Лимузин» керек.

– Не?

– «Лимузин» деймін. Қалыңдығым айтады: «Қаладағы жастардың барлығы «Лимузинмен» қыдырады, біз не олардан кембіз бе?! Тойды қалада жасаймыз деп едік, ата-анаң: «Ағайынның барлығы ауылда, қалаға баруға шамалары жоқ» деп отырып алды. Жарайды, қалада емес, даллада-ақ жасайық, бірақ «современный» жастар сияқты біз де «Лимузинмен» қыдырайық ең болмаса» дейді. Мен не істеймін? Көндім. Сөйтіп, көмек сұрап сіздерге келдім.

– «Лимузин» емес, маған десеңдер, самолетпен қыдырыңдар. Оған «Күн-Отаның» қатысы қанша? Сол көліктің несіне бармайсың ба?

– Бардым.

– Ә, онда ақшаң жетпеді ме?

– Жоғ-ә. Әкем «жалғыз балам үшін жылқының құнын сұраса да берем» деген.

– Жылқы? Жылқың көп пе өзі?

– Жоғ-ә. Үйде бір жабағы бар. Оның өзін қарындасым тұрмысқа шыққанда құдалар қалыңмалы деп әкеп тастаған.

– Жарайды, жабағын да, жарың да өзіңе. Сен оларға «мал берем, айда кеттің» демейсің бе?

– Дедім.

– Ал.

– Олар ауылың қайда дейді?

– Ал.

– Мен «Қайтпаста» дедім.

– Қайтпас? Ол қайда?

– Ол таудың ішінде.

– Мәссаған, безгелдек! Сөйтіп?

– Сөйтіп, олар «Соғым қымбат болған соң, мына тұрған ауыл ма десек, «Қайтпасыңа» тікұшақ жалда» деп күледі.

– Енді?

– Енді не болушы еді. Сіздер көмектесе ме деп келдім. «Қолымыздан бәрі келеді. Қала мен даланы тең етеміз, «дипломмен ауылға» барыңыздар!» деп жатырсыздар ғой.

Менің әйелім – мұғалім, институт бітірген. «Лимузин» болмаса, бітті, кетем» деп отыр.

– Мәссаған, безгелдек! Енді не істесе кекен-ә? Жарайды, сен үйіңе қайта бер. Біз бір жауабын берерміз.

– Болмайды.

– Неге болмайды?

– Әйелім «Олар уәдені үйіп-төгіп орындамай кетуі мүмкін. Жауабын бүгін әкел» деген.

– Қап... Қайтпас... Қайтпас... Сен осы шынында неғып тойыңды далада емес, қалада жасамадың өзі? Сонда жылқының құнына «Лимузиннің» көкесі мен әкесін мінер едің.

– Енді әкем ғой...

– Өй, сенің әкенің... Қазір ауылда не бар, түк те жоқ. Нормальный адам далада тентіремей, қалада жүреді. Қалада! Әкенді тыңдаған сенің де басыңда бір шайнам ми жоқ екен. Жарайды, үйде бір көлік бар шығар.

– Атамнан қалған «Запорожец» бар.

– Во! Сендерге сол да жетеді. Әйтпесе, әйелің екеуіңе көз тиіп кетеді. Болды, мәселе шешілді. Бар енді. Бар! Айтпақшы, мә, мынаны ала кет. Клубтың алдына іліп қой.

– Бізде клуб жоқ.

– Неге?

– Баяғыда қираған.

– Онда кітапхананың алдына іл.

– Кітапхана да сатылып, кірпіштері қалаға тасылып кеткен.

– Сонда сендерде не бар өзі?

– Ауылдық әкімият.

– Во! Міне, соның алдына іл. Барлығы көретін болсын.

– Бұл не?

– Бұл ма, бұл – «Күн-Отан сендермен бірге» деген плакат!

САТЫЛҒАН ЖЕР, СОРЛАҒАН ЕЛ

Баяғыда бір кемпір мен шал болыпты. Кемпір үй тірлігімен айналысып, ал шалы өзеннен балық аулаумен күндерін күнелтіпті. Бір күні шал «Алтын балық» ұстап алады. Балық байғұс шалға жалбарынып. «Егер де мені жіберсең, 3 тілегіңді орындаймын» дейді. Шал балықты аяп кетіп, жібере салады. Үйге келіп кемпіріне мән-жайды айтса, ол бұлқан-талқан ашуланып:

- Ең болмаса, ел қатарлы егін егетін 50 сотық жер әпер демедің бе? Қазақтың күллі жері пышак үстінде сатылып жатқанда біз қалай күн көреміз? – деп, еңірегенде етегі жасқа толыпты, Кемпірінің сөзін кәллесіне құйып алған шал өзенге келіп, балықты шақырады.

- Не қалайсың, шал, айта бер, - депті балық. Шал кемпірінің сөзін жеткізіпті.

- Бара бер, - дейді балық, - Сенде де 50 сотық жер болады. Сенер-сенбесін білмеген шал үйіне келсе, шарбақпен қоршалған 50 сотық жер тұр. Тек кемпірінің қабағы кату екен.

- Әй, арамтамақ! Елдің еркектері олай жүгіріп, былай жүгіріп, бизнесмен болып алды. Үйде омалып отырған – сен ғана. Құдай өзі қолдап, бір алтын балық ұстап едің, оған бұйрық бере алмайсың. Қазір кез-келген коммерсант пен бизнесменнің 5 мың гектардан жері бар. 50 сотық жерді қай бетіңмен сұрадың? Бар, берсін бізге 10 мың гектар жерін!

Кемпірінің айтқанын екі еткізбейтін байғұс шал томпаңдап өзенге тағы жетті. Балық бұл жолы да айтқанын айнытпай орындайды. Шал үйіне келсе, 10 мың сотық жерде жайқалып тұрған егінді көреді. Бірақ кемпірдің қабағы бұрынғыдан да бетер түксініп кетіпті. Шалды көре сала, одан әрі зәрін төгеді.

- Жатырынан жарымаған жарлы байғұс, 10 мың гектар жер алдым деп қай бетіңмен келдің?! Үкіметте істегендердің

менен несі артық? Қазақстанның қорығын алмай, қоймаймын! Айт алтын балығына, табиғаты тамылжыған, аң мен құсы ойнақ салған «Ақсу-Жабағылы» қорығына иелік ететін болайын. Ал өзі маған малай болып келсін!

Басы салбыраған шал байғұс бұл тілекті де сол калпында балыққа жеткізеді. Бұл сөзге шамданған балық құйрығымен суды шалп еткізіп, өзен түбіне сүңгиді. Оны күте-күте көзі талып, төзімі таусылған шал үйіне келсе, тулақтай жерге зар болып, еңіреп отырған кемпірін көріпті.

P.S. Біз мына жақта сіздерді жинап алып ертегі айтып отырғанда, өзен де сатылып кеткен болатын. Енді кемпір мен шалдың қалай күн көретінін бір Құдайдың өзі білсін.

КӘКҮР-ШҮКІР

Әрине, Әлекең айтқысы-ақ келіп тұр. Бірақ өзі сезсін дегендей:

- Еш өзгеріс жоқ, тек қызмет, – деп, маңғаздана қалды.

- Е, бәсе, өзім де солай ойлап едім. Қазір елдің көбі – коммерсант. Бір жағынан сол да дұрыс шығар. Ішер асқа, киер киімге жарымайтын үй-күйсіз журналист болғанша, әрине, сол дұрыс.

- Әй, сен өйтіп сырттай бал ашпа, мен редактор болдым, – деді Әлекең оның бұл сөзін жақтырмай.

Жаңа ғана коммерсант деп бәйек қаққан Есекеннің есі кетіп, оны редакторлығымен қызу құттықтап жатты:

- Дұрыс болған... өте дұрыс! Ұзағынан сүйіндірсін! Бізден де бір редактор шықсын да... Әлеке, сен жарадың!

Құттықтауын құттықтағанмен, соңғы күндері еш газеттің редакторы қызметтен босамағанын есіне алды. Ал Әлекең ішінен: «Бағанадан бері осылай болу керек еді ғой» деп шалқайған үстіне шалқайта түсті. Дегбірі қашқан Есекең:

- Қай газетті басқарасын? – деп сұрады.

- А, ол жаңадан ашылды.
- «Е, бәсе» деді Есекең ішінен,
- Аты қалай?
- «Кәкүр-шүкір».
- О, тоба, басқа ат таппай қалдыңдар ма?
- Несі бар, жақсы ат.
- Сонда не жазасыңдар?
- Аты айтып тұр емес пе? Не болса, соны жазамыз. Тек саясатқа жоламаймыз.

Есекеннің қор болған қағаз бен газет оқырмандарына жаны ашылды.

- Ә, нағыз өсек газеті десенші.

- Әлі көресің, бәрінен де сол газет озады, - деп бұрқ ете қалды Әлекең. Ары қарай мұрнының астынан миңгірлеп: - Сенімен салғыласып тұратын уақытым жоқ. Жұмыс бастан асады, - деп, қоштаспастан жүріп кетті. Күрдасының «өсек газеті» дегені шымбайына тиіп-ақ кетіп еді. Ішінен: «Әлі-ақ көресіңдер, менің газетім дүрілдейді» деп өз-өзін жұбатты.

Ал Есекең әлі де аң-тан. Ішінен: «Кәкір-шүкір», «Кәкүр-шүкір» деп, басын шайқай берді.

АУЫРСАҢ, АРАМ ӨЛЕСІҢ...

Бүгінде кім ауырмайды дейсіз. Ауырмайтын адам ағам заманда, көшпелі кезеңде қалды ғой. Ол кезде қалмақтармен қыркысып қалғанымыз болмаса, «қыңю» етіп ауруды білмеген қазақ едік-ау. Ал егер ілуде біреу ауыра қалса, ауылдың тәуіштері-ақ қоймайтын. Келген мезетте-ақ қай жерің ауыратынын өздері-ақ айтып, ем-домын қолдана бермес пе еді. Ох, заман-ай десейші, ол заман келмеске кетті ғой.

Бүгінде бесіктен белі шықпай жатып ауырып жүрген жап-жас қыз-жігіттерді көргенде өмірден түңіліп кетеді

екенсін. Әй, сорлы елім-ай десейші, коммунизм құрамыз деп жүріп, өзіміз құрып кете жаздадық-ау. Осы нарық дегенің не құрылмады, не мүлдем құрымады. Науқасы созылған адам өледі деуші еді... тфэ, тфэ, тіл-аузым – тасқа! Бірақ заман қашан түзеледі?! Одан да сол социализмның өзі жақсы ма еді деп қалдым. Ол кезде «партия қайда болса – халық сонда» деп, етегінен ұстап ербеңдеп ере беруші едік-ау. Әйтеуір өкіметке жұмыс істесең, өлтірмейтін. Ал қазір ше? Қазір коммерсант болсаң – жақсы. Елді алдап, «сухит-сухит» деп саудамен айналасаң да жаман болмайсың. Ал ондай алдау-арбау қолдан келмесе ше? Просто, өкіметке адал қызмет етсең ше? Онда айтпады деме, бір күні арам өлесің. Біреу бір түйір дәрі берсе, әкел қолыңды! Дәрі бермек тұрмақ, өзің өліп бара жатсаң, қойын-қонышыңды тінтіп, тонап кетеді. Иә, несін айтасың, бүгінде ең дұрысы – ауырмау керек. Ауырдым дегенше... Құдай сақтасын, сіздер ауырмай-ақ қойыңыздар. Бірақ мен ауырдым ғой!

Ауырғанда да қатты ауырдым. Екі бүйірім бүлкілдегенде, жанымды қоярға жер таппай, етбетімнен сұлқ жатып қалдым. Еңірегенімде етегім жасқа толды. О дүниеге аттанып кетуге жақында алатын жалақымды қимадым. Ауруым асқынып бара жатқан соң, әйелім шыдай алмай, «Жедел жәрдем» шақырды. Шыбын жанымды шүбереке түйіп мен жатырмын. Жарты сағатта жететін шығар деген «Жедел жәрдеміміз» жарты күнде келді-ау әйтеуір. «Ақ халатты абзал жанды» көргенде жанарыма жас толды. «Енді жақсы болып қалармын» деген ой жылт ете қалды. Ал дәрігер «Неге шақырдыңдар?» деп «дүңк» ете қалды. Әйелім менің басыма қара бұлтты үйіріп-ақ жатыр. Бірақ дәрігер оны селқос тыңдайтын сияқты ма, қалай?! Бір кезде ол әйелімнің сөзін бөліп:

- Не, сендер елде не болып жатқанын білмейсіңдер ме? – дегені. «Тағы да бірдене болып қалған екен» деп:

- Жо-жоқ, не болды? – деп әйелім екеуміз жамыраса

сұрастық. Сөйтсек, ол «социализммен бірге дәрі-дәрмек те келмеске кетті, қолдан келер көмек жоқ» деп тайып тұрды. Ең болмаса, бір түйір дәрі бермеді-ау, пәтшағар! Емханаға баратын күн сенбі болғандықтан, дүйсенбіге дейін дөңбекшіп жаттым. Бірінші күні емханаға келдім. Бұл жерде ауруымды сылып тастайды деген құр далбаса екен. Диагноз қою үшін үш күнім кетті. Ең бірінші «қалымды» тексерді, сонан соң «қанымды» тексерді, сәулеге түсірді, әйтеуір бүйрегім ауыратынын үшінші күні анықтады-ау.

Бұл кезде мен жүруден қалдым. Бүк түсіп, бүйрегімді ұстап бүкшендеймін. Басымды көтерейін десем, бүйрегім бүлкілдейді. Емхананың дәрігері «ауруханаға алынсын» деген анықтама қағаз жазып берді. Не керек, ауруханаға да келдім. Басымды көтере алмай, әрең жүріп келе жатқанымды көргенде бұндағылар шошып кетті.

- Ойбай, бізде орын жоқ, одан да үйге апарыңдар, арам өлетін болды ғой, - деп байбалам салып жатыр. Әйелім қасына жақындаса, дәрігер әрі ыршып түседі, «Өлтірсендер де орын жоқ» дейді. Бұны бағанадан бері байқап тұрған осында жататын адамның маған жаны ашып кетсе керек:

- Әй, сендер де қызықсыңдар, бірдеңе бермейсіңдер ме? - дегені. Кім болса да құдай тілеуін бергір екен. «Бірдененің» тегін нәрсе емес екенін сезе қойған әйелім, ақшасын алақанына салып, жүгіріп дәрігерге кетті. Көп кешікпей-ақ жанына бір медбике ілестіріп қайта шықты.

Сөйтіп, орын табылды, «бірденені» біз бірнеше рет бердік. Ол байғұстар ыңғайсыздана, имене алады. Рахмет айтуды да ұмытпайды. «Бекер зуре болғансыңдар ғой» дейді. Біз «Түк те етпейді, осы да сөз болып па?» дейміз. Қойшы, әйтеуір қазір халім жақсы. Тек әйелім менің ауруханадан тезірек шыққанымды қалап жүр. «Қалтам қағылды, енді қайтп күн көрем?» дейді, көзінің жасы мөлтілдеп. Қайтп күн көрсе, өйтп күн көрсін, әйтеуір өз жағдайым жаман емес. Жата тұрайын, шыққаннан соң көреміз де...

ҚУДАЙДЫҢ ҚАҒАРЫ

Түн. Үйдің барлығы қалың ұйқыда. Тек мен ғана селдіреген сирек шашымды олай-бұлай ұйпалап, қағазға телміріп отырмын. Қанша жерден ойланып-толғансам да қағаз бетіне бірде бір жөні түзу сөз түсер емес. Ал, таңертең шаш ал десе, бас алатын бастығымның алдында 300 жол мақала жату керек. Ал, менің қазандай басымнан үш жүз жол емес, үш жолдың өзі шығуы неғайбыл. Ойым ойран, ақылым айран. Қаламсабымды қысып ұстап, қатып қалғам. Миым солқ-солқ етеді. Былай бастасам қайтеді?.. Жоқ, болмайды. Ал, былай ше? Тфу, түкке тұрғысыз! Опырмай-ә!.. Қай уақыт болды? Масқара болғанда осылай отырып таң атырмасам болғаны. Ұйқы да қысып барады... Мынау кім өзі? О, тоба, адамға ұқсамайды ғой. Сонда кім болғаны?...

- Сіз кімсіз?

- Мен бе?

- Иә, сіз?

- Танымай қалдым де?

- Танығанда, былай бір жерден көрген сияқтымын ба, қалай?!

- Жә, доғар! Сандырақтамай, жөніне көш. Еш жерден көруің мүмкін емес. Түсіндің бе?

- А, сіз сияқты болдыңыз ғой?

- Жә, жә, жетер енді. Доғар!

- Кешіріңіз, сонда сіз кімсіз?

- Құдаймын!

- Астапыралла, не дейді?!

- Иә, Құдаймын! Маған құлшылық етпесең, қайдан танырсың! Енді-енді ғой өз-өздеріңе келіп, еріндеріңді жыбырлатып жүргендерің. Әйтпесе, шеттеріңнен кәсір болып кетіп едіңдер.

- О не дегеніңіз?! Алла Тағала, қазір сізге деген сеніміміз мол. Қайта құрылып, дініміз бен тілімізді, салт-дәстүрімізді жаңғыртып жатқан жайымыз бар.

- Жә, жарайды. Сендер жазғанда ғана жүйріксіңдер. Бірақ, өздерің елге үлгі-өнеге неге істемейсіңдер, а?

- Нені?

- Әй, саған басты не үшін бердім осы мен? Нені дейді ғой. «Адамның басы – Алланың добы» дегенді ұмыттың ба? Теуіп-теуіп, мыынның мылжа-мылжасын шығарайын ба осы?! Сен маған неге құлшылық етпейсің? Айт жаныңның барында!

- Енді сізге құлшылық етпегенде кімге құлшылық етпекпін?

- Онда мен неғып естімеймін?

- Қайдам? Құлағыңыздың мүкісі жоқ па еді?

- Доғар! Не оттап отырсың? Сен осы мұсылмансың ба? Неге үндемейсің, айт, кәне!

- Мұсылманмын, әрине.

- Далелде!

- Атым да, затым да мұсылман. Керек десеніз, 7 жасымда сүндетке де отырғанмын.

- О, ақымақ! Тіліңді кәлімеге келтірмейсің бе, малғұн?! Намаз неғып оқымайсың?

- Жұмыстан қолым тимейді. Ерте кетем, кеш келем...

- Ораза неге ұстамайсың?

- Гастритпін, асқазанымның ақауы бар.

- Онда неге арақ ішесің?

- Анда-санда ғой.

- О, малғұн! Албасты ұрсын сені, албасты ұрғыр! Мешітке неге бармайсың?

- ...

- Үндемейсің бе? Онда есінде болсын, сен сияқты кәсірлерге тозақтың оты дайын тұр! Сол отқа жанып жатқанда менен көмек күтпе!

- Кешіре гөр, Алла тағала!

- Жоқ. Өз кінәңді өзің жу. Құранды неге сатасыңдар?

- Қай құранды?

- Қанша құран болушы еді, ақымақ?! Құран кітабын! Сонша қымбат бағаға сататындай не әкелеріңнің құны бар? Қайта халыққа уағыздап, тегін таратпайсындар ма, малғұн неме! Жоқ, әлде сатуға болмайтынын білмейсіңдер ме?!

- Кешіріңіз...

- Кешірмеймін! Неге жазбайсындар, неге күреспейсіңдер? Басқа діннің кітабын тегін таратуды, арзан бағаға сатуды білесіңдер. Ал, өздеріңе келгенде өзегінен тебесіңдер. Олардікі неге арзан, біздікі неге қымбат? Мен сенен сұрап тұрмын! Үндемейсің бе, бәрібір менен құтыла алмайсың! Тозаққа жіберемін мен сендерді, тозаққа! Көздеріңе көк шыбын үймелетіп, нағыз оттың ортасына тастаймын, білдің бе?!

- Кешіріңіз... Кешіре көріңіз, Алла тағала!

- Естеріңді жиындар, етектеріңді жабындар! Әлі де кеш емес!

Мен селк ете түстім. Қолым ұйып қалыпты. Басым меңзең. Жаңағы өнім бе, түсім бе, әлі ажырата алмай тұрмын. Қағаздың беті аппақ. Таң қылаң беріп, атып келеді екен. Апыл-ғұпыл киіндім де, мешітке қарай жүгіре жөнелдім.

«МЕН ДЕ БІРДЕҢЕ ДЕЙІНШІ...»

Мыңкетпес Сөйлемесов – тумысынан біртоға, момын жан. Тіпті, үстінен танк өтіп кетсе де мыңқ етпейтін шығар, сірә. Бұған қарап, сіздер оны «тіл-ауыздан айырылған бейшара екен» деп, мүсіркей көрменіздер. Оның тілі де, тісі де, аузы да бар. Анда-санда балаларға айқайлағанын көрсеңіз, сіз де безіп кетер едіңіз. Бірақ ол біз сияқты бейберекет ашу шақыра бермейді. Жылына бір рет, әрі кетсе – екі рет дегендей. Мұнда біз ғой... Жарайды, бізді қоя тұрайық, әңгіме ол туралы ғой. Сөйтіп, ол (Мыңкетпесті айтсам) адам баласына ашылып сөйлеуді білмейді. Керек десеңіз, кезінде әйеліне де

бір ауыз бірдеңе демепті. Ол үшін жеңгесі жүгіріп, сол сөз салған көрінеді. (Ол кезде бұл – бойдақ, әйелінің қыз кезі ғой). Қазір үйелмелі-сүйелмелі үш баласы бар. Ел қатарлы тұрып, өмір сүріп жатыр. Беделі де бір өзіне жетерлік. Бедел демекші, ұжымшар тарамай тұрғанда бұның суреті құрмет тақтасынан түспейтін. Жұмыс істесе, тауды қопаратын. Жиналыста бұны басқаларға үлгі етуші еді. Қазір ғой құрмет тақтасы да, ұжымшар да, жиналыс та құрыған. Елдің бәрі бет-бетімен кетті. Айтпақшы, ұжымшар құрығанымен, жиналыс түпкілікті жойылып кетпеген екен.

Ал бүгін сол ұмыт қалған ұжымшарда үлкен бір жиналыс өтпекші. Бұл жиналысқа Астанадан арнайы қонақ та келіп қатыспақшы екен. «Ел құлағы – елу» деген, қаңқу сөзге құлақ түрсек, жанағы келген қонағымыз депутат болудан дәмелі көрінеді. Өзі – осы ауылдікі. Кезінде астанаға барып, оқып-тоқып, сол жақта калып қойған. Тағы елдің аузындағы бытыранқы сөздің басын біріктірсек, бұл қонағымыз ауылға сый-сияпатын ала келіпті. Анау-мынау емес – бұл ауылда емге табылмайтын ас тұзы! Соны сақтауын келістіргендерге тегін, ал депутат болуына қошемет көрсеткендерге аздаған тын-тебен де бере салатын көрінеді. Міне, керемет деп осыны айт.

Клубқа жұрт әрең сыйды. Соңғы бес жылда бұнда бүйтіп адам жиналмаған шығар. Ілгеріректе «индийский кино» болғанда ғана осылай жиналатұғын. Одан бері қай заман?! Ырду-дырду сөздер ұжымшардың төрағасы төбесін көрсеткенде сап тыйылды. Ол қақырынып, жөтеліп алды да, өзінің «жүйелі» сөздерін бастап кетті. Келген қонақты күнге теңеп, «Егер бұл кісі депутаттыққа өтпесе, күніміз түн болады» деді. Бұл сөзді естігенде болашақ депутаттың көңілі босап, көзіне жас үйірді. Қайта-қайта төрағаның бетінен былшылдата сүйіп, бір қап тұзды сыйға тартты. Екінші болып бұрынғы агроном, қазіргі алыпсатар Зуылдаков сөйледі. Ол да қонақты бірденеге теңегісі келді. Бірақ кімге,

неге тенерін білмей, біраз әуреге түсті. Ақыры «ай десе аузы, күн десе көзі бар» деп, лаға жөнелді.

Бұнан соң сөз сөйлеушілер тіпті көбейіп кетті. Бірін-бірі тыңдауды қойып, ортаға шығушылар опыр-топыр болды да қалды. Төбелес басталып кетер ме еді кім білсін, әйтеуір әбүйір болғанда милиция келіп, әрең дегенде әркімді өз орнына жайғастырды. Осы кезде ешкім күтпеген тосын оқиға болды. Танк басса да тырп етпейтін Мыңқетпес қолын көтеріп, «Мен де бірдеңе дейінші» дегені. Жұрт сілтідей тына қалды. Жау келіп жағадан алып жатса да жақ ашпайтын Мыңқетпестің бұл тірлігіне елдің барлығы аң-таң. Мыңқетпес орнынан тұруын тұрса да не дерін білмей, делсал. Тіпті, аузына бір сөз түсер емес. Тер деген төгіліп кетті. Елдің іші пыса бастады. «Оу, сөйлесейші», «Енді қашан?» деген дүңкілдеген дауыстар бұның тынысын тарылтып жіберді. Болашақ депутатқа көзі түсіп еді, оның қабағы қарс жабылып қалыпты. Ол ішінен «Бәрі бітті» деді. Көз алды бұлддырап, тізесі дірілдеп кетті. «Жо-жоқ! Тегін тұздан айырылмау қажет!» Кенет бұл дүр сілкінді. Бар даусымен ышқына: «Ура, жолдастар!» деп айқайлап жіберді. Сол, сол-ақ екен, елдің барлығы «уралап» жамырай жөнелді. Клубтың іші «уралаған» дауыстан құлақ тұнады. Барлығының көз алдарында — тұз. Тегін тұз! Ал депутат болса, екі езуі екі құлағында. Ол да анда-санда «Ура! Ура!» деп қояды.

ЕРІН ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ

Ернім сулана береді...Токтаңызшы... Айтпақшы...

Иә, иә, кәдімгі ерін сөзі қайдан шыққанын сіз білесіз бе, білмейсіз бе? Жә, жарайды, білсеңіз де, білмесеңіз де мен өз білетінімді баяндап берейін. Өз білетінім емес-ау, бұлтартпайтын факт. Дегенмен, факті мен актіні ақтарып жататын уақыт жоқ. Одан да сөз төркініне тікелей

көшейін. Сонымен, ерін сөзі қайдан шыққан? Ол неғып ерін? Жақ, бет немесе ет емес? Вот, гәптің барлығы осында жатыр. Құдайшылығын айтыңыздаршы, барлығыңыздың да жеке еріндеріңіз бар ғой. Міне, соны неге ерекше жақсы көреміз, а? Оған «ауыз» деген құрметті атақ беріп, тапқан-таянғанымызды соның алдына неге тосамыз? Ол өкпелеп бұртиып қалса, алдында зыр жүгіріп неге бәйек қағамыз? Жоқ, әлде, қорқамыз ба? Жоқ, қорықпаймыз. Біреумен ерегісе қалсақ, оған «Аузыңның быт-шытын шығарайын ба?» дейміз. Ол зәре-күты қалмай аузын қызғыштай қорғайды. Неге? Өйткені, ауыз оған керек. Жақтырмаған адамға «Аузың ырбиып кетіпті» дейміз. Ол жатып келіп ашуланады. Басқа жері ырбимақ тұрмақ, жыртылып кетсе де мән бермейді. Ал, «аузымды атама» дейді. Өйткені, ауызға ауыз салғанды жек көреді. Міне, еріннің неге керек екенін енді білдіңіз бе? Білсеңіз де неге ерін аталғанын түсінген шығарсыз. Бәленің бәрі сол сөз төркінінде жатыр ғой. Олай болса, сол сөз төркініне көшіп, тарихтан бір сыр шертелікші.

Әлкисса, сол ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызылда, бөдене жүні ұзында, Адам деген алып тұлға жаратылышты. Адамды адам еткен – еңбек екенін өздеріңіз де Карл Маркс арқылы білесіздер. Сол еңбекті ету үшін, мұратына жету үшін, әрине, жұмысты барлығы жұмыла істеуі қажет болады. Ақыры араласа келе, адамның бар мүшесі өздеріне тиісті жұмысты бөліп алады. Айталық, аяқ – жүру, қол – ұстау, құлақ – есту, көз көру қызметтерін атқаратын болған. Басқалары да зыр жүгіріп еңбек етеді. Мұнда құдай атқанда, ертеннен кара кешке дейін түк бітірмей көзге күйік болып жатып алған сол кәдімгі ерін бопты. Бұны ешкім жақтырмапты. Араларына да қоспай, оны еріншек деп атап, іргелерін одан аулақ ұстапты. Сөйтіп, ерін бастапқыда «еріншек» атанған көрінеді. Еріншектің ертеңі бітуші ме еді, «ертен,

ертең» деп жүргенде жүдеп-жадап, өлуге айналыпты. «Өлдім» десең аузыңа су тамызбайтынына көзі жеткен еріншек, ендігі жерде еңбек етуге бел байлайды. Бірақ неден, қалай баратынын білмей дал болады. Ақыры ары ойлап, бері ойлап, быттиған бетке барады. Келісімен кенедей жабысып, сүліктей сорып, сүйіп-сүйіп алады. Бетің қанша жерден бетсіз болғанмен, бұған іші жылып, бүйрегі бұрып қалады. Өйткені, бұрын-сонды бетті бүйтіп ешкім мейірлене сүймеген-тұғын. Содан не керек, «еріншек» байғұс қанша жерден ерініп тұрса да дөңгелеген бетті көргенде бас салып сүйе беріпті. Бетті бетіне мақтаудан да жалықпапты. Соның арқасында еріншегің нарттай қызарып, біраз бедел де жинап алыпты. Беделі бар «еріншек» ендігі жерде беттің тек қалыңдауын, қарны салпаңдауын ғана сүйетін болыпты. Ал ерлі-зайыптыларға келгенде «еріншек» байғұс алдына жан салмапты. Өтірік болсын, шын болсын, «Сүйем, сүйем!» деп ауызға ауыз салғанда ол жарықтықтарды ажыратып алу қияметтің-қияметіне айналыпты. Бірін-бірінен ажырата алмай жүргенде «Ерекең» дененің басқа мүшелеріне де емін-еркін жүйткі жөнеліпті. Бір таңданарлығы, ешкім бұған «Бұның не?» демеген екен. Қайта сүйсіне түсіп, «тағы да сүйе түссе екен» деп, іштерінен тілеп жата беріпті. Осыны сезгендей еріншегің де емініп сүйе беріпті, сүйе беріпті. Кейін Еріншектің бұл қылығына риза болғандығы сонша, оны ендігі жерде еркелетіп, «Ерін» атап кетіпті. «Ауру қалса да әдет қалмайды» деген, сол ерніңіз әлі күнге дейін еңбек етпей еркімен шауып жүр.

Ал біз болсақ, оны айрықша жақсы көреміз. Өйтпегенде ше? Ерніміз аман болса, әлі де талай адамдарға емінеміз де. Иә, солай...

БІЗ – ТАРАЗДЫҚПЫЗ!

Кешкі сағат жетілер шамасы. Мен елмен бірге нық тіресіп екі аяғымнан тік тұрсам да қалғып-мүлгіп, автобуста келемін. Сырт суық болғанмен, автобус жылы. Адам көптігінен, әрине. Әйтпесе, Қытайдың қуықтай көлігіне жылу пешін кім орнатты дейсіз. Бұған да тауба. Бізге пешпен жыли ма, елмен жыли ма, әйтеуір үйдегідей үршип қалмасақ – болғаны. Мұнда маужырап тұрып тәтті қиялға да берілуге болады. «Шіркін!» деймін, қазір үйге кіріп барғанда жылу батериясы қолды күйдірейдей ыстық болып тұрса! Менің құлындарым трусси-мәйкішен шауып жүрсе, ал кемпірім екеуміз жылы үйде терлеп-тепшіп шай ішіп, теледидар көріп отырсақ қой» деймін. Менің қиялымды орта жастағы әйелдің «О, боже мой! Что вы делаете?!» деген оқыс дауысы бұзды. Мұрнымды тыжырайтып, дауыс шыққан жаққа мойнымды бұрсам, бір жас жігіттің қолы жаңағы әйелдің омырауына жабысып-ақ қалыпты. Әлгі байқұс қазақ екен. Бар орысшасын шатып-бұтып: «Извините, рука сама нашла, некуда поставить» дейді мінгірлеп. Қайтсін байқұс, мына автобуста қол емес, екі аяққа әрең-әрең орын табылып тұр.

Тәтті қиялымды одан ары жалғастыра бергенде еңгезердей бір еркек тұтқаға жармаса бере, менің аяғымды мыжып қалмасы бар ма? Көзімнен от жарқ етті, дауысым шаңқ ете қалды. «Сволочь, жаның барда аяғыңды тарт!».

- Ой, бауырым, айып етпеші, бұл – аяқ емес, таяқ қой. Ол протезді тық-тық еткізіп түртті де, туфлиге қарағанда бір точка ғана алатын жерді әрең тауып, тұра қалды. Мен оның жанына қаяу түсіріп алғанымна налып, «Кешіріңіз» дедім мінгірлеп. Ол да «Оқасы жоқ, қайта сіз кешіріңіз. Мен сіздің аяғыңызды аямай-ақ жаншып кеттім ғой» дейді, кәдімгідей маған жаны ашып.

«Мүгедекке кім орын берер екен?» деп, отырғандарға қарасам, кілең – өзіміздің қарадомалақтар. Бәрі де фашистерді қырып келгендей, тырп етер түрі жоқ.

«Жастар – біздің болашағымыз» деп оқығандай, мен не дейін?! Үндемедім. Әйтеуір аялдамаға аман жеткеніме қуанып, үйге қарай келгенде жұрттың бәрі «қалың ұйқыға» кетіпті. Пәтерімнің қоңырауын басқанымда үш құлыншағым құлдыраңдап алдымнан шығып есікті ашты. Автобуста берілген қиялымның бүгін де орындалмасын балаларымның қабат-қабат киімдерінен байқадым. Әйтсе де сыр бермей, табалдырықты аттаған бойда сырт киімімді шеше бастадым. Сол-ақ екен, үлкен ұлым «Көке, жаурап қаласыз, шешінбей-ақ қойыңыз» деді. Қалған екеуі де алақандарын ысқылап, «Көке, шешінбеңіз. Жүріңіз, шай ішеміз» деп үрпиісіп тұр. «Жоқ» дедім мен. «Әкелерің Мурманскіде служить еткен, бұл не, тәйірі?! Қазір мен мәйкішең отырамын». Спальныйға барып, мәйкішең келген мені көргенде әйелім құлап қала жаздады. «Жын ұрайын деді ме сені?! Бар, киініп кел, қатып қаласың». «Еркектің екі сөйлегені – өлгені», қайтпаймын, қатпаймын» деймін қасарысып. Сол-ақ екен, балаларым «Көкеміз Мурманскіде служить еткен. Қатпайды» деп шапқылап жүр. Не керек, мен де айтқанымнан қайтпай, шәйді тура автобустағы тәтті қиялымдағыдай мәйкішең отырып іштім. Балаларымды ойнаттып, телевизор көргенде де солай жүрдім. Құлындарыма «Не, мен Ивановтан кембін бе? Керек болса, не только үйде, сыртта да мәйкішең жүремін. Тіпті ертеңнен бастап қарға жуынамын, мұзды ойып, суға түсем» деп қоям. Балаларым мәз. Әйелім болса, «Мынаны бүгін точно жын ұрған» деп, жатын бөлмеге кетті.

Бір уақытта қарасам, ақша бұлттың ішінде ұшып жүрмін деймін. Балаларыма қол бұлғап қоям. Бірақ олар

ойнап-күлмейді. Көңілдері пәс. Мені жерге шақырып жатыр. Ал мен болсам, жерге түскім жоқ. Ұшу деген бала кездегі арманым еді, сол арманға енді ғана қол жеткізгенде қалай ғана жерге түсем?! Мұнда ауа-райы да не ыстық, не суық емес, бірқалыпты ма қалай?! Бір қарасам, ақша бұлт дегенім ақ халатты дәрігер боп шығады. Жанымда отыр. «Әбден суық өтіп кеткен. Өзін күтпеген» дейді ме? «Неге «қой» демедіңіз» дейді ме? Әйтеуір әйеліме әжептәуір дауыс көтеріп жатыр. Бір қарасам, мен Таразда емес, Мурманскіде жүрмін. Мәйкішең, казармада сарбаздармен сапырылысып. Иә, осылай болу керек, сыртта – 40 градус аяз, ал іште – 20 градус жылы. Бұл – саған Тараз емес тоңып қалатын, Мурманск ғой, Мурманск. Заполярье!» деп қояды служактарым. «Иә, Заполярьеде служить еткен қандай жақсы?! Мен служить етем, ете берем...». Тура осы жерде сандырақтап жатып, оянып кеттім. Денем – өрт. Әйелім басымда, балаларым қасымда.

- Көке, Мурманскіде служить етпей-ақ қойыңызшы! Тараз жақсы ғой, - дейді олар жыламсырай.

«Мурманскісі құрысын, онда нем бар?! Мен сендермен мәңгілік біргемін. Өйткені, мен – тараздықпын» дедім басымды көтере.

«Біз де сізбен біргеміз. Біз де – тараздықпыз, көке!». Олардың қуанғанын көріп, менің де көңілім серги бастады. Құрысын! Шынында да, мен Мурманскідегі казармада жүрген жоқпын ғой. Бұл – Тараз. Өз үйім – өлең төсегім. Тек сақтықта – қорлық жоқ. Мәйкішең жүруді қою керек. Сәл шыдасақ, қыс та кетер, жаз да келер. Иә, солай, бауырым! Солай, тараздықтар! Шыдайық. Басқа амал жоқ.

МӘРИӘ БІЗГЕ КЕЛЕ МЕ?

Соңғы жылдары көрермендердің көзайымы болған Виктория Руффоның (әйтпесе, қарапайым Мәриә) Ресейге келіп-кеткенін барлығыңыз білетін шығарсыздар.

Мәскеуге қарай ұптық. Шақырса, несі бар?! Құдайға шүкір, қазақтар – қашаннан қонақжай халық. Қанша жерден тарығып жүрсек те, бір қонақты күтіп алатындай жағдайымыз бар шығар. Ал ондай-мұндай кемшілік кетіп жатса, оған Мәриә мән бере қоймас. Өйткені, ол – қарапайым ғой. Әйтпесе, қабырғасы қақырап, іргесі сөгіліп, киноы кетіп, ию-ию болып жатқан Ресейге қызығып келді ғой дейсің бе. «Шақырғаннан қалма, шақырмағанға барма» демекші, Ресей шақырған соң, келді-дағы. Енді міне, біз шақырып отырмыз. Оның қанша уақыты жоқ болса да біз кинолып өтініш жасаған соң, келіп-кетуге уәдесін берген сияқты. Енді Мәриәмен болған сұхбатты сол калпында назарларыңызға ұсынып отырмыз.

- Виктория ханым, сіз қазақстандықтардың ең сүйікті актрисасына айналдыңыз. Өзіңіз басты рөлде ойнаған «Қарапайым Мәриә» фильмін қалт жібермей қадағалап келеміз.

- Рахмет, рахмет! Бірақ сіз мені «ханым» демей, жәй Виктория немесе сол кинодағыдай «қарапайым Мәриә» дегеніңіз жөн болар. Ал қазақстандықтарды мен ерекше жақсы көремін, өйткені, олар – менің қандасым ғой.

- Кешіріңіз, қандай қандас?! Түсінбедім.

- Түсінбейтін несі бар? Бірақ тарихтан хабарыңыз жоқ екені көрініп-ақ тұр.

- Шынымды айтсам, өзгенің тарихын оқымыз деп, өзімізге орын қалмапты. Құдайға шүкір, есептіреп қалған есімізді енді жиып жатқан жағдайымыз бар.

- Оқасы жоқ. Ештен кеш – жақсы. Бізде «Көш жүре түзеледі» деген мақал бар. Бірте-бірте бәрі орнына келер.

- Кешіріңіз, жанағы мақал бізде де бар.

- Оған таңқалудың керегі жоқ. Кезінде сіздер мен біздер етене араласып жатқан бір ел едік.

- Сонда қалай?! Мексика мен қазақ...

-Тарихты тереңірек оқысаңыз, сақдәуірінде сапырылысып жатқан бір халық екенімізге көзіңіз жететіні анық.

- Солай ма?! «Естімеген елде көп» деген.

- Мәселен, Мексика деген – көне түрік сөзі. Мағынасы – мекен, ұя. Сол баяғы шапқыншылық кезінде кетіп қалғанбыз.

- Мұхиттың арғы жағына ма?

- Жаудан қашқан адам мұхит-сұхитына қарайды ғой дейсің бе? Өттік те, кеттік. «Барған жеріміз құтты мекен болсын» деп бабаларымыз «Мекен ұя» қойған екен, бертін келе Мексика атанып кетті ғой.

- Апырмай, ә, мынауың қызық екен!

- Қызық емес, бұл – шежіре. Ал енді айып етпесеңіздер, мен тұрайын, көрермендер күтіп қалар. Сіздерді Қазақстаннан келді деген соң, іші-бауырым елжіреп, әрен дегенде сытылып шықтым.

- Кешіріңіз, біз сізді Қазақстанға қонаққа шақыра келіп едік. Заманымыз қанша қиын болса да халқымыз құдайға шүкір, сіз сияқты актрисаны қиналмай күтіп алатынына шүбә жоқ. Қайта өзіңізбен дидаласып, көңілдері көтеріліп, бір серпіліп қалар еді. Оған қалай қарайсыз?

- Тіпті не дерімді білмей тұрмын. Жарайды, қаныма тартпасам, қазақ болам ба? Барамын әз ұяма! Ал жақсы, көріскенше күн жақсы болсын!

- Сау болыңыз.

Міне, осылай Мәриә біздің қандасымыз болып шықты. Енді таяу арада Қазақстанға да келіп қалар. Тек ол елім-жұртым деп келгенде жөңді қарсы алмай қызарып қалып жүрмесек болғаны да. Бірақ Мәриә бізді түсінер. Мүмкін, бізді қызартпай-ақ қояйын деп, қайта айналып Қазақстанға соқпас. Өйткені, ол – қарапайым ғой, қарапайым.

Ұялтпай-ақ қояйын дейді де.

ЕКІНШІ БӨЛІМ



Қоғамның қотырын
кім қасиды?

скетчтер



ӨЛІМ МЕН ӨМІР

- Дәрігер, өтінемін тезірек көмектесіңіздерші?
- Не, мен сенің басыбайлы құлыңмын ба сонша, неге өктемдейсің?
- Жо-жок. О не дегеніңіз? Мына балам бүк түсіп, бүгіліп тұрған соң, есім шығып кеткені ғой.
- Бізде көз жоқ дейсің бе? Көріп тұрмын ауырып тұрғанын.
- Аппендицит болар.
- Болса, болар. Қазір не көп, соқырішек көп.
- Дәрігер, өтінемін! Бірдеме етіңізші.
- Ой, шіркін-ай, ә! Сендерге оңай бірдеңе ете салу. Қазір соқырішек – ең «сложный» операция, білдің бе?
- Білемін ғой, білемін.
- Сен түкті де білмейсің. Білсең, бүйтіп тұрмас едің. Соқыр ішектен адам өліп кетеді, білдің бе?
- О, құдайым-ай, өзің жар бола гөр! Дәрігер, өтінемін...
- Не, дәрігер?! Не өтінесің? Менде дәрі-дәрмек жоқ.
- Сонда қалай? Сұрапыл соғыс кезінде де болған дәрілер қайда кеткен?!
- Ол – соғыс кезі, қазір – нарық заманы. Біз жекешеленіп кеткенбіз.
- Сіз дәрігерсіз ғой. Досына емес, жауына да қол ұшын созып, ажалға араша түсеміз деп ант қабылдаған ақ халатты абзал жандар сіздер емессіздер ме?
- Болсақ, болармыз. Бірақ ол заман келмеске кетті. Қазір қалталыларға қызмет етеміз де, ал жоқ болса...
- Сонда не мына бала өле бере ме?!
- Бала сіздікі, менікі емес.
- Сонда не дейсіз?
- 30 мың теңге деймін.
- Не?!
- Құлағың керек бе, 30 мың теңге деймін.
- Аһ!.. (талып қалады, оған дәрігерлік көмек көрсетіледі)

- 30 мың теңге дейсіз бе, мен оны қайдан табамын?! Алатын зейнетақым – 3-ақ мың теңге. Жалғыз сиырымды ұрлап кеткен.

- Маған бәрібір. Жағдайын айтып жалпандап келетін сіз сияқтылар көп. Так что, 30 мың теңге төлемей, ешқандай операция болмайды. Иә, баланың жазығы жоқ, әрине, ал бізде азық жоқ.

- Жарайды, жарайды, мен келістім. Тек сіз операция жасай беріңіз. Мен бала жазылғанша тауып қалармын.

- Кімді ақымақ қылғыңыз келіп тұр. Операция ақша алақанға түскенде ғана жасалады. Айтпақшы, сіз жаңа талып қалғанда бірінші дәрігерлік көмек көрсетілген. Ол үшін 300 теңге төлейсіз.

- Не үшін дейсіз?

- Дәрігерлік көмек үшін деймін. Балаңыздан бұрын өзіңіз о дүниеге аттанып кете жаздап, спирт іскетіп, бетіңізді бері қаратып алдық емес пе?

- Ә, жарайды. Мінекейіңіз... Енді ана баланы бірдеңе етіңізші!

- Ақша.

- Болады.

- Қашан?

- Екі-үш күнде.

- Мына бала сіздікі ме, жоқ па?

- Менікі.

- Өгей емес пе?

- Құдай сақтасын!

- Құдай сақтамайды, мен сақтаймын. Ал мен сақтау үшін айтқан ақшаны алақанға сал.

- Мен тапқанша өліп кетуі мүмкін ғой.

- Әбден мүмкін. Сондықтан тезірек тап.

- Басқа жолы жоқ па?

- Бар.

- Қандай?

- Бартер.
- О, дәрігер, менің 5 қойым бар.
- Үш, үш мыңнан аламын.
- Қазір ет қымбат қой.
- Әй, сен базарда тұрған жоқсың, білдің бе? Балаң әл үстінде жатқаны – анау.
- Жарайды, жарайды, келістім.
- Келіспегенде қайда барасың? Тағы нең бар?
- Үйім бар.
- Қалада ма?
- Жок, далада.
- Болмайды, басқа не айтасың?
- Тауығым бар.
- Қанша?
- Тоғыз тауық, бір қораз.
- Оның бәрін не істеймін? Жарайды, жүз теңгеден алайын.
- Жүз теңге?!
- Енді не, мың теңгеден берейін деп пе едің? Бала сенікі гөй.
- Қойдык.
- Қойсаңыз, ары кеттік. Тағы нең бар?
- Есегім бар.
- Есек?! Есің дұрыс па өзі?!
- Онда соқа, күрек, тырма...
- Соқа, күрек, тырмаңды басыңа жастанып жат! Білдің бе?
- Ә, айтпақшы, телевизорым бар.
- Цветной ма?
- Жок.
- Онда өзіне қалдыр. Өле қалсаң, көріңе ала кетерсін. Бол, бол, тағы нең бар? Тезірек айт, бала ауырып жатыр.
- Е, құдайым-ай, тағы нем бар еді?! Ә, айтпақшы, құдам тойда атаған бір тана бар.
- Бере ме?
- Бермегенде, қызын жесір қалдырмайтын шығар.

- Жарайды, 4 мың.
- Ең болмаса, жеті десенізіші.
- Нені жеті деймін?
- Тананы. Қазір сиырдың бағасы ұшып тұр ғой.
- Маған десе, үсіп тұрсын. Осының барлығы сенің балаң үшін, білдің бе?
- Жарайды, келістім.
- Келіспегенде Қоқан асып кетесің бе? Ал қалған 10 мыңды ертеңнен қалдырмай, алақаныма сал! Атаған нәрселеріңді екі күннің ішінде ауылдағы қайын жұртыма апарып таста. Түсіндің бе?
- Түсіндім.
- Түсінсең, мен жұмысқа кірісейін. Адам тағдыры бәрінен де қымбат.

ДЕЛИКАТЕС

- Әй, официант, бері кел!
- Әміріңізге құлдық, не айтасыз.
- Мынау не?!
- Қайсы?
- Әй, анау маңдайыңдағы көз бе, жоқ әлде без бе? Мынаны айтам, мынаны. (Сұқ саусағымен тамағында жүрген шегірткені көрсетеді).
- Ол ма, ол – ет қой.
- Ет?! Мынау ет пе?! (Ұстап көрсетеді).
- Енді ол шегірткенің еті ғой. (Күмілжіп айтады).
- Малғұн! Бар, заведующийңді шақыр!
- Бұл не шум? (Кафенің менгерушісі келеді)
- «Бұл не шум?» дейді еше! Мынаған не дейсіз? Менің тамағымнан шықты.
- А, бұл ма, бұл – деликатес. Адамның денсаулығына өте пайдалы, между прочим.

- А, не дейсіз?! (Ашулана).

- Иә, нә, өте пайдалы. Өзіңіз білесіз, қазір ет қымбат. Оның үстіне ет асқазанға ауыр. Ал шегіртке – бесплатно. Тіпті қалайың ішіне сайрандап жүрген шегірткені көресіз. Тек ұстауға ерінбесеніз, болғаны.

- Оңбаған! Соңда бұл қандай тағам?!

- Қазақтың ұлттық тағамы – ет. Тек еттің орнына шегірткені пайдаланамыз.

- Малғұн! Не, бәрімізді қытай қылып, қырайын дедіндер ме?

- О, кешіріңіз! Құрт-құмырсқа, бақа-шаянды түк қалдырмай жеп жатқан қытайдың қырылып жатқанын қайдан көрдіңіз? Қайта 1,5 миллиардтан асты.

- Малғұн, енді көрмегенім сенің дәмханаң болсын!

- О, отағасы, ашуланбаңызшы енді. Шегіртке дегенің – ең таза жәндік. Өзіңіз де естіп жүрсіз ғой, «пәлен гектар жерді шегіртке отап кетті» дегенді. Яғни олар бидай жейді. Ал бидай дегенің – нан. Тіпті шегірткені еттің орнына пайдаланғанда қамыр жаюдың қажеті жоқ. Етке де эконом болады. Дайын деликатес.

- Беті аулақ! Өзіңе қалдырдым мына тамағыңды. Өзін жеп, тоя бер!

- Ничего, ничего. Шегірткемен күресе алмай отырған үкіметіміз аман болса, әлі-ақ жеп үйренесің.

ШАПКА

Сахна төрінде зауыттың бастығы тұрады. Оған шетелдік компанияның президентін ілестіріп, өкіл келеді.

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер, төрлетіңіздер!

- Сенкю, сенкю.

- Иә, қандай бұйымтаймен келдіңіздер, құлағым сіздерде. Өкіл сөйлеп кетеді.

- Бұл әлемге әйгілі «Әпербақан Құртқанбайский-Тю-

Тю» компаниясы сіздерге келген мақсаты – бірлесе жұмыс істеу. Яғни тұралаған зауытты төрт аяғынан тік тұрғызып, тапқан табысты тең бөлісу. Жұмысшыларға ай сайын емес, тіпті айына екі рет жалақы беріп, азық-түлік тағамдарын¹
бесплатно босағамыз дейді.

- Бұл деген керемет қой.

- Кереметтің көкесін өнім алғанда көресіз. Пайда деген шаш-етектен, қалай көнесіз бе?

- Келіспегенде?! Келісу керек!

- Онда шаруа бітті, бұл кәмпәние ертеңнен бастап жұмысқа кіріседі.

- Келістік, даже бүгіннен бастап жұмысқа кіріссең де қой демейміз. Тек...

- А, а, шапка ма? Шапка болады.

(Арада уақыт өткен соң)

- Аналар не істеп жатыр?

- Не істеуші еді, еліне тасып жатыр да.

- Тасып жатқанын көріп тұрмын, уәделері қайда? Бізге әлі көк тиын түскен жоқ, жұмысшылардың да ақша алмағанына да алты ай болды.

- Ол жағын білмедім, қазір президенттен сұрайық. Өне, өзі де келе жатыр.

- Е, е. Мынауың не қылайын деп жатыр, ей?

- Үндемеңіз. Шапка кигізейін деп жатыр.

- Шапкі?

- Иә, модный шапка, кашемирден тігілген. Қазір барлық бастықтар осыңдай шапка киеді.

- Мен кимеймін.

- Кимегенде қайда барасың, анау жақтағылар (қолымен жоғарғы жақты нұсқап) шапка емес, норка тымақ киеді. Оны да біз кигіздік. Білдің бе?

- А, солай ма?

- Солай, солай. Так что, сөзді қой да киіп ал. Әйтпесе, шапкасыз қаласың.

(Олар бастыққа шапканы кигізіп сахнадан шығып кетеді.
Осы кезде бухгалтер келеді)

- Басеке-ау, басеке!

- Не?

- Шапкіңіз құтты болсын!

- Айтсын, айтсын. Айтпақшы, көзіңді жұмшы.

- Ал, жұмдым, басеке.

- Енді аш.

- Бұл не, басеке?

- Тақия.

- Тақия?

- Иә, иә, тақия. Өзің көріп тұрсың, мен шапкі кидім, ана жақтағылар тымақ киіпті. Сен ең болмаса, тақия кисейші, өзімізсің ғой.

- (күмілжіп) Енді, басеке, өзіңіз айтсаңыз, киеміз ғой. Тек жұмысшылардан ұят болды. Олардың ақпа алмағанына қай заман? Соттасып жүрмей ме?

- Кіммен?

- Бізбен.

- Бізбен? Бізбен қалай соттасады. Олар келісімшартқа бізбен емес, «Әпербақан Құртқанбайский-Тю-Тю» компаниясымен отырды ғой. Міне, соттасса, солармен соттассын. Ал қазір олар – «Тю-Тю» тайып тұрды емес пе? Хе-хе-хе... Так что, қыңқ демей, тақияңды киіп ал. Қарашы, өзіңе қатып кетті.

- Рахмет, басеке, рахмет.

- Е, е, сен маған емес, рахметіңді «Тю-Тю»-ге айт. Сондай компаниялар көп болса, біздің тамағымыз тоқ болады. Көйлегіміз көк, қайғымыз жоқ болады. Білдің бе?

- Білдім, басеке, білдім.

- Білсең, кеттік.

- Қайда?

- Қайдасы несі, жумаймыз ба?

- А, эбизательно ғой. Кеттік, басеке, кеттік.

ӘННИҢ ӘЛЕГІ

- Әй, жүгермек, бері кел!

- Не?

- Бәле! Мынауың не? (Күнделікті көрсетеді).

- ...

- Мынауың не деймін саған ?!

- Ек-і.

- Еки (кекете). Сен осы қашан бес аласың, а?

- ...

- Неге үндемейсің, ей? Көзіңді ойып, басыңды жарайын ба?!

- ...

- Әй, ынжық неме! Ынжық болмасаң, ән сабағынан екі алар ма едің? Жаман неменің нағашыларына тартуын. Жә, жарайды. Сонымен екіні қалай алдың?

- Даусың жоқ дейді.

- Даусыңмен бірге құрып кет, құрып кеткір! Өстіп мұрныңның астынан мінгірлеп тұрсаң, әрине, даусың болмайды. Ән деген ол – ән ғой! Оны саңқылдап айту керек, саңқылдап!

- Мен сөйттім ғой.

- Ал.

- Ал мұғалім әнді айқайлап айтуға болмайды, оны ырғақпен, нақышына келтіре, нәзік айту керек дейді. Ал, сен болсаң, айқайлап әннің сәнін кетірдің деді.

- (Күмілжіп). Дұрыс айтады... Ән дегеніміз ол – ән. Оны әдемілеп ырғақпен айту керек. Әйтпесе, күр барылдағанмен, бола ма екен?

- Енді өзіңіз жана саңқылдап айту керек дедіңіз ғой.

- Әй, сен әкенмен жағаласпа! Қара мұның әкесімен сөз салыстыруын! Бүгін бүйтсең, ертең бетімнен алып, жағама жармасарсың. Әй, малғұн десе, сен алдымен әніңді үйреніп ал, түсіндің бе?

- ...

- Түсіндің бе деймін мен саған?!

- Түсіндім.

- Түсінсен, әннің де пайдасы көп. Ертең ер жетіп, той-томалаққа барасың. Міне, сонда ән айтпасаң, біреулер «әкеңді» деп әкірендеп боктайды. Бойжеткендер саған мойнын бұрып та карамайды. Түріңе қарашы, өзіңнің не бойың, не ойың жоқ. Маған тартсаң ғой, жігіттің сұлтаны болар едің. Жаман неме, нағашыларыңа тартып кеткенсің... Жарайды, міне, сол кезде саған әннің пайдасы көп тиеді. Әдемілеп тұрып ән айтсаң, қыздардың бәрі шетінен топырлап құлай береді. Түсіндің бе?

- Әке, олар неге құлайды? (түсінбей).

- Әнге, ән айтып тұрған саған құлайды.

- Бәрі топырлап маған құласа, мені басып қалмай ма?.

- О, ақымақ! О, малғұн! Саған адам деп әңгіме айтып тұрған мен де ақымақпын. Әй, олар құлағанда жалпылдап жерге құлайды деп тұрғаным жоқ, сенің әлемі әннің ғашық болып, өзіңді ұнатып қалады деп тұрмын. Түсіндің бе, малғұн?

- Маған ғашық болмай-ақ қойсың. Менің қызым бар.

- А, не дейді?!

- Қызым бар деймін.

- Ол кім тағы да?

- Света.

- О, сүмелек! Света дейді. Сен қызға ғашық болғанша мұрныңды сүртіп ал, алдымен. Ал, жарайды, әкеңмен жағаласа бермей, қай әнді өттіңдер, соны айтшы.

- «Ана» әнін.

- Неге «Ана» әнін? Сонда әке әні қайда? Алдымен неге соны өтпейсіңдер, а?

- Енді апай айтты ғой, «ең бірінші, біз аналарға борыштармыз» деп.

- Ал сонда, әкелер ше? Сонда бізге борышты емессіңдер

ме? Ішкізіп-жегізетін – біз. Ақша табатын – тағы да біз. Сонда сендер бізге борыштар емессіңдер ғой, а? Жарайды, ана туралы өткен екенсіңдер, басымды қатырмай шешене бар. Әнді сол үйретсін. Маған әке туралы өткенде келесің, бар!

- Мамам жаңа қуып жіберген...

- Неге?

- «Бұл аптада тамаққа да, сабаққа да кезекші – әкең, сол үйретеді» дейді.

- Былжырамасын, ана туралы әнді анасы үйрету керек! Ал, «Әке» әнін өткенде өзім үйретем. Сонда 5 аласың! Түсіндің бе?

- Түсіндім...

- Түсінсең, сөстнiп тұра бермей, бар енді. Бар!

МАМАНДЫҚТЫ БӨЛУ

- Міне, біздің дәмханаға Мәкең де келді.

- Мәкең ол кім?

- Тс-с! Ол – қазір білдей мектептің директоры. Мәке, төрлетіңіз.

- Рахмет, рахмет.

- Қалай, Мәке, күйлі-қуаттысыз ба?

- Не, күйлі болатын мені келіншек деп пе едің?

- Кешіріңіз, Мәке. Былай – өзіңіздің, әйеліңіздің жағдайы қалай дегенім ғой.

- Осы сенің менің әйеліміңнің жағдайыңда нең бар-ей, а?

- Айып етпеңіз, Мәке... Енді былай – үй-іші, бала-шаға дегендей.

- Үй-іші, бала-шаға. Одан да «Мал-жан аман ба?» деп сұрамайсың ба?

- Иә, иә. Сол – мал-жан...

- Біле білсең, қазір ең бастысы – мал! Білдің бе?

- Білдім, Мәке, білдім.
- Сен түк те білмейсің. Білсең, бүйтіп мәймөңкелемей, тоқ етерін бірден айтар едің.
- (Осы кезде олардың жандарына жас жігіт келеді).
- Ассалаумағалейкум, аға!
- Оу, жиенжан, сен қайдан жүрсің?
- Осындамын ғой.
- Жәйша ма?
- Жәй, жұмыс болмаған соң, ең болмаса, күлкіге қарық болайын деп, «Қалжыңбастар» дәмханасына орналасқам.
- Е, дұрыс, дұрыс. Өмір сүре білу үшін күле білу керек дейсің ғой. Айтпақшы, осы сен институт бітірдің емес пе?
- Бітірдім.
- Онда неғып бос жүрсің?
- Қысқарып кеттік қой.
- Не, бойың ұзын ба еді соншама қысқаратын?
- Жоқ, тілім ұзын болды.
- Ә, солай де. Жарайды, маған кел. Орын тауып берем.
- Орын?
- Иә, орын. Математикадан сабақ беретін боласың.
- Математикадан?.. Мен физкультурныйды бітіргем ғой.
- Ничего. Үйреніп кетесің.
- Мен есек құрлы есеп білмеймін ғой.
- Ештеңе етпейді, ең бастысы – есепті сен емес, балалар білсе – болғаны.
- Ал білмесе ше?
- Білмесе, жүгіртіп қоясың. Келістік пе?
- Келісуін келісемін ғой. Бірақ қалай болар екен?!
- Ол жағына басыңды қатырма. Бар, бара бер. Ертең маған келетін бол. (Жанындағыға қарап) Ал сен неғып тұрсың сәстип?

- Мен бе?
 - Иә, сен.
 - Менің де қызым оқуды бітіріп еді.
 - Ал...
 - Соны қарамағыңызға алмас па екенсіз?
 - Ә, солай де. Ол өзі кімге тартқан?
 - Құдды өзім ғой.
 - Өзің сияқты болса, қызыңнан түк те шықпайды.
 - Неге?
 - Өйткені, сенен қуса, құмалақ түспейді.
 - О не дегеніңіз, Мәке?! Түседі ғой, түседі.
 - Не түседі.
 - Құмалақты айтам.
 - Оны не қылым?
 - Ой, кешіріңіз, сол құмалақ түсіретін малды айтам.
 - Ә, солай де. Осы сенің қызың қай оқуды бітірген?
 - Мединститутты.
 - Мединститут?
 - Иә.
 - Ә, жарайды, физкультурадан сабақ беретін болады.
 - Физкультурадан?! Ол өмірі жүгіріп көрмеген ғой.
 - Ничего, ол емес, балалар жүгірсе – болғаны.
- Ал жазатайым жарақат алса, міне, сонда дәрігерлік мамандығы да керек болады. Қалай, ә?!
- Өте дұрыс, Мәке! Басыңыз – бас емес, алтын қазына ғой!
 - Ә, олай болса, шайынды құй. Мен де бір күлкіге қарық болып, дәмханаңда демалайын.

АРАҚ ЖҮРГЕН ЖЕРІ – АЗАП

- Әй, сендер не істеп отырсыңдар, а?! «Кеңседе арақ ішпеңдер» деп қанша рет айтам?

- Бұл арақ емес ғой, бәсеке.

- Не, сонда мен соқырмын ба? Анау не?

- Ол – самопал!

- Самопал? Енді жетпегені сол еді, самопалды түп-түқиянымен құрту керек!

- Біз де құртып жатырмыз ғой, бәсеке.

- Қалай?

- Ішіп, бәсеке, ішіп.

- Тәйт, әрі! Осы сендердің ішпей жүретін кездерің бола ма өзі?!

- Болады ғой, бәсеке.

- Қашан?

- Сенбі мен жексенбі күні.

- Сенбі мен жексенбі?!.

- Иә, ол күні әйеліміз ешқайда шығармай, үйге қамап қояды.

- Жок, бұлай болмайды, ертеңнен бастап екеуіңді де жұмыстан қуам.

- Ангуланбаңызшы, бәсеке, бүгін мейрам ғой. Енді мейрамда болады ғой, былай аздап...

- Мейрам, ол қандай мейрам?

- Виктория туып, соны жуып жатырмыз.

- Виктория?

- Иә, Виктория.

- Виктория дегенің кім, әйелің бе?

- Жоға, тәйірі, мысығым ғой.

- Мысық?

- Иә, әйелім «мысық әпермесен, асылып өлем» деген соң, әдемі мысық әпергем. Сол туып, үй-ішімізбен қуанып, жолдас-жораны шақырып дегендей, жуғанбыз. Содан бас

ауырып дегендей... Ал былай беталды іше бермейміз ғой, бәсеке.

- Мен сендерді құртам! Бұл түрлеріңмен адам болмайсыңдар.

- Құрта алмайсыз, бәсеке.

- Құртқанда қалай, құртам! Бүгіннен бастап жұмыстан босатам, білдің бе?

- Босата алмайсыз, бәсеке.

- Сонда мен бе сені босата алмайтын?

- Иә, бұрынғы бастық та «құртам, құртам» деп жүріп, өзі кұрып кетті ғой.

- Соншама сен кім едің, аспанды тіреп тұрған, а?

- Мен бе?

- Иә, сен, ақымақ!

- Мен Нәкеңнің баласымын ғой, бәсеке.

- Ә-ә... Солай ма?

- Солай, солай, бәсеке.

- Енді өзің де қызықсын, бағанадан бері солай деп бірден айтпайсың ба?

- Өзіңіз ғой, табалдырықты аттамай жатып зіркілдеп.

- Ну, ничего, жұмыс қой, жұмыс. Жұмыс болған соң, ұрыс болады.

- Әрине, бәсеке, оған әңгіме жоқ қой.

- Тек сен көп ішіп, көзге түсіп қалуыңды қой.

- Жарайды, бәсеке... Бәсеке, айтпақшы, сіз жапондардың апельсин қабығын не істейтінін білесіз бе?

- Оны неғылам?

- Жай әншейін, біліп алсын дегенім ғой.

- Ал ондай жанашырлығың болса, айта ғой.

- Жоқ, болмайды, бәсеке. Алдымен сіз бір жарты қойыңыз.

- Саған дауа жоқ екен. Мә, жұмыстан соң алып ішерсің. Енді айта бер. Сөйтп, жапондар апельсин қабығын не істейді?

- Лақтырып тастайды!

- Не, не?

- Иә, нә, ол ақымақтар лақтырып тастайды. Қайта казактар шәйға салып ішеді ғой. Вообщее, араққа салып ішсе де жаман емес.

- Қой, саған дауа жоқ екен. Не қып ішсең, о қып іш. Әйтеуір ешкімнің көзіне көрінбендерші. Ал мен кеттім, 6-ға дейін ешкімге есік ашпаңдар. 6-дан кейін үйге тайыңдар! Түсіндіңдер ме.

- Түсіндік, бәсеке, түсіндік! Уф, қызылкөз пәледен құтылдык па, жоқ па, толтыра құйшы.



ҮШІНШІ БӨЛІМ



Күлесің бе,
жылайсың ба?

сықақтар



ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРУ

Мен не үшін жинағанымды
Іштей сезген шығарсыңдар,
Бәріміз – бір командамыз,
Оны айтпай-ақ ұғарсыңдар.
Ертең ел алдында маскара болмайық,
Бір ауыздан қолдайық,
Оған мен дайын десеңдер,
Қамымды шын жесеңдер,
Тас-түйін келіндер,
Ол үшін, қане,
Өз ұсыныстарыңды беріңдер!
- Оу, бәсеке,
Сіз дайын болсаңыз,
Біз – дайын!
Не десеңіз де көнеміз,
Есепті мұздай етіп,
Өткізіп береміз,
- Олай болса,
Баяндамадан соң
Екі-үш қарияны –
Сөзге шешен дарияны шығарамыз,
Жақсылап мені мақтасын.
- Оныңызды құп аламыз!
- Мұғалім мен дәрігерді де ұмытпайық,
Бір-бірімізді ұлықтайық,
- Дұрыс, бәсеке, дұрыс!
Өтеді жиын тыныш.
Дәрігерді де, директорды да сөйлетеміз,
Керек десеңіз, алдыңызда билетеміз
- Так, тағы кім бар?
О, айтпақшы, шаруа да сөйлесін,
Бірақ сынға жол бермесін!

- Ол жағынан қам жеменіз,
Оны да ертіп келеміз.
Түні бойы отырып
Сөзін де жазып береміз.
- Тынған, Сынған.
- Тағы қайсысы бар еді, құдайым-ау?!
- Көнген, Сөнген.
- Иә, сол ауылдардың шалдары
Шатақ деп еді
«Су, жол, жарық жоқ» деп,
Ылғи мазамды алып келеді.
Жиын болса, болғаны –
Айқайлап кеп береді.
Айтпақшы,
Ол ауылдың әкімдері кім еді?
- Мен.
- Мен.
- Мен.
- Иә, сен, сенсең – сен,
Барлығың мен үшін тең,
Бірақ жұмыстарың кем.
Ебін тауып екі,
Жымқырып жүріп, жеті асайсыңдар,
Өз тірліктерінді жасайсыңдар.
Су да, жарық пен жол да...
Барлығы да құрысын!
Ең бастысы – есеп!
Жақсы өтсе,
Мәртебеміз өсед.
Сондықтан да
Шалдарыңа абай болыңдар!
Түнімен атқа қоныңдар.
Үйме-үй кіріп,
Аралап жүріп,

Жағдайын біліп,
Ауыздарын жабыңдар!
Жарай ма?
- Құп, болады, бәсеке!
Барамыз,
Көреміз,
Жолында тіпті өлеміз.
Әйтеуір көндіріп келеміз.
- Көнбесе ше?
- Көнбесе, өз обалдары өзіне –
Көк шыбын үймелетеміз көзіне!
- Жоқ,
Оған көңілім толмайды.
Ұрсып, ұруға болмайды.
Жазып жіберуі мүмкін,
Сорлап қалармыз бір күн.
- Онда ыңғайын тзұып,
Сыртынан құлыптап кетеміз,
Есігін тарс жауып.
- Во, бұларың жөн!
Бірақ кім екенін сезбесін,
Халық бізден безбесін.
«Бұзақылар гой» дей саламыз кейін,
Тіс жармаңдар оған дейін.
Әйтеуір ертең калайда,
Оң баға алуым керек,
Солай ма?
- О, оған сөз бар ма?
Бәрі жақсы болады
Біз барда.
- Әрине, сендерге сенемін.
Есептен соң,
Бәріңе «жуып» беремін.
Ал жарайды,

Қазір тарқайық.
Үйді-үйімізге тартайық.
Келісіп алғанымызды
Ешкім білмесін.
Ертең біреу
Сөз қылып жүрмесін.

P.S:

Осылайша есеп өтіп жатыр,
Әкімдердің беделі «өсіп» жатыр.
Қамқорсыз қалған ауыл
Құрдымға кетіп жатыр.

ИТПЕН ИТ БОЛҒАН ЗАМАН

- Ассалаумағалейкум, көке!

- Уағалейкумассалам!

Иә, қалайсың, балам?

- Жақсы, көке.

- Қалада қандай жаңалық?

- Жаңалық көп қой, көп.

Заман болды ғой аста-төк.

- Оқуың қайда?

- А.., ол жүріп жатыр,

Ақшасын төлеп,

Жылына бір-ақ рет барам,

Кім оны біліп жатыр.

Әйтеуір дипломды алам,

Биыл бітеді,

Енді сот болам.

- Ә, солай де,

Оған да ақша бересің бе?

- Онсыз болмайды,

Қызметке алмайды.

- Сонда ақшаны қайдан табасың?

- Қайдан болушы еді,

Еңбек етем.

- Жөн, балам,

Жұмыс істесең, жаман болмағаның,

Қазір көп қой бос жүрген «оңбағаның».

Жас болсаң да, карағым,

Сен жарадың!

Иә, айта отыр,

Қандай жұмыс?

- Ит асыраймын.

- Ит?!
Мен тазымен аңға шыққаныңды емес,

Жұмысыңды сұрап тұрмын.

- Сол – ит асырап жүрмін.

Біле білсеңіз, ол – қып-қызыл ақша.

Табысы мол ғой жақсылап бақса!

- Тәйт, әрі!

- Тәйт, әрі!

Мен сияқты қой бағуға болады,

Ал, ит асырағаның қай онады?

- Ау, көке, мына сіз

Өмір бойы қой соңында жүрсіз.

Ауылды қойшы,

Қалада үй жоқ,

Сонда сіз кімсіз?

Ал біздің тірлік бөлек,

Қазір «дөкейлерге»

Қой емес, ит керек!

Міне, соларға пұлдаймыз.

- «Ұяттан жүрдаймыз» десейші.

Ит те пұл болып па?

- Пұл болғанда қалай!

Табыс таптық қой талай.

Мәселен, сіздің қойыңыз қанша?

- 30 мың теңге болар.

- Міне, онымен кім оңар?

Ал біздің бір ит – 1 мың доллар!

- О сұмдық, сонда оны не істейді?

- Ауласында жүреді,

Бөтендерге үреді.

- Е, ол түсінікті,

Ит болған соң үреді де.

- Жок, ол тек үріп қоймайды,

Төбелеседі.

- Кіммен?

- Адаммен емес қой енді, итпен.

Біле білсеңіз, ол – бизнес,

Кімнің иті женеді –

Соған ақша береді.

Бәс тігіскен мықтылар

Апта сайын

Ит төбелесетін жерге келеді.

- Жә, жетер енді,

Догар, балам!

Не боп кетті мына қоғам?!

Итпен ит болған замам!

Қой, мен қойыма барайын,

Болды, әңгіме тәмам!

ҚОРАЗ БЕН ТАУЫҚ

Қоқиланған қоразың
«Ку-ка-ре-ку» деп шақырды.
- Таң атты, тұрыңдар,
Беті-қолды жуыңдар.
Жұмысқа барыңдар,
Табыс табыңдар, - деп,
Тауықтарға ақырды.
Бірақ онысын,
Шыбын шаққан ғұрлы көрмеді
Мекпендерің «қыт-қытпап»,
Тұруға ыңғай бермеді.
- Әй, сендерге айтып тұрмын,
Әзірше аман жүрмін.
Тілді аласыңдар ма, жоқ па?
- Болды, осы жерде тоқта!
Сен бізге қоқилана берме!
Дайын, эне, суымыз да, жем де.
Бұрынғыдай дала кезіп қажеті жоқ.
Қарын тоқ.
- Дұрыс, дұрыс, - деп,
Басқалары да қолдады.
- Бізге ақырушы болма,
«Таң атты» деп мазаны ап,
Шақырушы болма!
Сенің заманың өтті,
Енді келмеске кетті.
- Жә-жә, жетер енді,
Өздеріне қараңдаршы,
Май басып, домаланып барасыңдар,
Бұл түрлеріңмен
Қалай тұқым табасыңдар?
Жұмыртқаны басуды да қойдыңдар,

Балапан шыгармай,
Оны да жойдыңдар.
- О, пәтшагар!
Бизде нең бар?
Одан да өзінді жөнде.
Оншакты катын алып,
Ортамызда сайран салып,
Таң атпай тұргызушы ең,
Жұмыртқаны таптырып,
Оны бастырып,
Шөжелерді бактырып,
Зыр жүгіртіп, жүргізуші ең.
Енді оған көне қоймаймыз,
Сенің көк тиынға қажетің жоқ.
Өзіміз-ак,
Ойнап-күліп, тойлаймыз.
- Ал, сонда бала тәрбиесі ше?
- «Бала белде, бай жолда»
Гәп болып па сол да?!
Болды, ауызыңды жап!
Бар, жолыңды тап!

P.S:

Нала болып Қораз
Өз жөніне кетті,
Семірген семіз тауықтар
Көп ұзамай-ак етке өтті.

ТЕҢГЕГЕ КӨҢЛ АЙТУ

Теңге, теңге!
Тебершік көрдім мен де.
Халиң мүшкіл,
Онып тұрған жоқсың сен де.
Тәуелсіздікке тәуба деп,
Ең бірінші қуанған мен едім.
Егемендік алған соң,
Дүниеге келген сен едің.
Ашқұрсақ болып жүрсем де,
Ертеңіме сеніп ем,
Жиырма жылда жыламай,
Зор үмітпен келіп ем.
Өзіңді алғаш көргенде
Көз жасқа ерік беріп ем.
Ата-баба аруағы
Бір аунап түсті-ау «өліп ең».
Қуаныш көпке бармады,
Бетіңе түскен бейнені,
Нарық қайта жалмады.
Әбілқайыр, Абылай,
Әл-Фараби, ұлы Абай,
Кешіре гөр, бабалар!
Кешіре гөр, а, Құдай!
Тәуелсіздікке тәуба деп,
Бұнысына да көніп ем.
Енді жағдай не болды?
Болашағың бұлыңғыр,
Айқара ашып есікті
Арғы жақта «рубль» тұр!
Қорғайтын сені кімің тұр?!
Дәтке қуат берелік,
Басқа түссе – баспақшыл,

Онысын да көрелік.
Тұрғаным жоқ мен де оңып,
Ресейің мәз қол соғып.

P.S:

Ортақ ақша – «Алтын»
Болар ма екен күніміз жарқын?!
Әй, қайдам?!

ЖЕР БЕРШІ!

- 10 сотық жер берші!
- Оны не қыласың?
- Үй салайын деп едім.
- Жоқ жер,
Кет, бар!
Керек болса, сатып ал.
- Енді Елбасының
Жарлығы бар еді
«Үйі-күйі жоқтарға
10 сотық жер береді» деген.
Сондықтан да сендерге кеп ем.
- Ә, ол былай ғой –
Кезекке тұра ғой.
- Тұрмын,
10 жыл болды әлі
Жер ала алмай, қаңғырып жүрмін.
Ол кезде 40-ға едім,
Енді 50-ге келемін,
Әлі келер емес кезегім.
Бұл түріммен жерге жете алмай өлермін.
- Ой, сол да сөз боп па?
Бәрі кезегімен келеді.

Саған да жер береді.
- Со кезектің жылжитын түрі жоқ.
- Әрине, сен сияқты келімсектер көп.
Ауылда тыныш жата бермей,
Нең бар қалаға кеп?
- Жата берер едім.
Ол жақта да сатылып кетті жерің .
Қайран, менің елім!..
...Қалды тек өлім.
Жарайды, бәрі құрып кетсін!
1,5 метр жер берші!
Өлмей тұрғанда
Жерленетініме көзім жетсін.
- Ой, сен де соны да сөз қып,
Балаларың бар ма?
- Бар ғой, бар.
7 бала туды Құдай қосқан жар.
Өзі – «Алтын алқа» иесі.
- Болды, жетер.
Жердің де бар киесі.
- Иесі де, киесі де
Қазақ халқы емес пе?
- Жоқ, сен сияқты тобырлар көп,
Ақша кімде болса,
Байлық сонда!
Халық деп, бала деп
Жүре бергенше
Жинау керек еді теңге.
Сонда зар болмас едің жерге.
Енді кіргенде көрге
1,5 метр тауып береміз,
Бірақ оның өзі ақылы
Сондықтан да балаларың қор жиганша өлме.
Енді бара бер,

Тілеуіңді тілеймін мен де.
- Сұмдық!
- Болды, жетер!
Барлық жерді сатып тындық,
Өлсең де жер жоқ!
Міне, бізде мәселе қандай –
Шет елдіктерге берілген жер
Қазақтар үшін жерлеуге де
Бара жатыр қалмай.

P.S:

Уа, Абылай!
Түсінде көрген
Бака-шаян біз болып,
Атандық-ау сұмырай.
Ұсақталған ұрпақты кешіре гөр, Абылай!
Кешіре гөр, о, Құдай!

ҮШ ТІЛДІЛІК

«Барлығын да жалғыз тіл
Екі тіл тек жыланда ғана болады» деп.
Шер-ағаң айтқан ед.
Осылайша нүкте қойылып,
Келімсектер райынан қайтқан ед.
Қазір біз одан да асып кеттік,
Үш тілділікке жеттік.
Айды аспанға шығарып,
«Айдаһар атанамыз» дейміз.
Өз тілімізді емес,
Өзгенің қамын жейміз.
2025 жылы
Толғаңда айы мен күні.

Қалада да, далада
Сайраймыз біз үш тілде.
Кірмесе де санаға,
Ден қоямыз үш тілге
Қазақ тілі –
Оныңды қоя тұр.
Ең бірінші,
Орыс тілін біл.
Сонан соң
Халықаралық тіл –
Ағылшынша сөйлеп жүр.
Мектепте, қызметте,
Тіпті ен далада – жайлауда,
Барлық қазақ
Ағылшынша сайрауда.
Неткен керемет!
Ағылшынша білмеген қазақем,
Нан тауып жей алмай өлер ед.
2025 жылдан соң
Тағы ары кетем,
Тіпті біз
Қытайшаға көшеміз,
Біз осылайша өсеміз.
Мәдениетті халық боп,
Бәрінен озып кетеміз.

P.S:

Бұл не, шын ба, елес пе?
Өркениеттің көкесі –
Өз мәдениетің мен
Ана тіліңде емес пе?!
Балық басынан шіриді,
Бүйте берсе, ұлтымыз
Мәңгірттеніп құриды!

«ҚАЙРАН, ТІЛІМ ҚОР БОЛДЫ-АУ!...»

- Тіліме теріскен шықты!
- Иттікіне.
- Тіліме теріскен шықты!
- Шошқанікіне.
- Тіліме теріскен шықты!
- Есектікіне.
- Өй, надан!

Мұның барлығы – харам.
Адал мал айтпай,
Не болған саған?
- Айып етпеңіз, ағай,
Оның заңы солай.
Теріскен дегенін
Біреуді тілдесең,
Көре алмай күндесең,
Өсектеп, жүндесең шығады.
Ал сиздікі одан да қиын,
Болғанда алқалы жиын,
Қазақ тілін қорладыңыз.
«Оның қажеті жоқ» деп болмадыңыз,
Енді міне, сорладыңыз.
Ана тілінен ант ұрғандар безед.
Оған қалай халық төзед?

Құдайдың екінші аты – халық,
Жүрмейікші қарғысына қалып.

...ИТ

- Ассалаумағалейкум, Гастрит!
Қайырлы күн, Холецистит!
Саламатсың ба, Цистит!
Ау, осыншыма иттер қайдан жүрсіңдер?
Айтыңдаршы, осы сендер кімсіңдер?
Асқазан менікі, бауыр да, қуық та,
Жоқ, әлде өз үйлерің суық па?
Жекеменшікке қол сұғуға
Болмайтынын білмейсіңдер ме?
Тыныш қана жүрмейсіңдер ме?
Общым, сөз қысқа –
Келген іздеріңмен тайыңдар!
Әйтпесе, айтпады деме,
Мұрындарыңды бет қылатын жайым бар.
- Оу, отағасы,
Қатты кеттіңіз ғой.
Кеше түнде өлердей жабысып,
Қабысып, табысып қалып едік.
Не болды сізге?
Бүгін мүлдем танымайсыз,
«Құртамын» деп арылдайсыз.
Екпініңізді басыңыз,
Екеу емес шығар басыңыз.
Бұл – арендаға алған жеріміз.
Қол қойып, міне, басқан мөріңіз.
Так что, бізге күш көрсете берме!
Талайды көргенбіз,
Соның біреуісің ғой сен де.
Қоқиланғанның барлығын
Сабасына түсірдік.
Қой аузынан шөп алмастай етіп,
Қайта түлетіп, ұшырдық.

Ал, көнбегендерін құрттық,
Тас-түнек көрге тықтық.
- Тәйт, әрі!
Іріген ауыздан шіріген сөз шығады,
Сендей иттер боркеміктерді ғана жығады,
Менің күш-қуатым бойымда.
- Жә, жә, жетер!
Не бар екенін білеміз ойыңда.
100 грамм ішіп тағы да
Қоқиланып келесің.
Айтпады деме, бүйте берсең – өлесің!
- Өйдөйт, десе,
Сонда сендер кімсіңдер?
- Мен – Гастрит, анау – Холецистит,
Ал, мынау – Цистит.
- Айналып келгенде, бәрің – итсіңдер.
- Иә, иттігіміз көп итпіз,
Іш құрлысын жеп құртатын китпіз!
- Жарайды, сонда маған не істе демексіңдер?
Байқамай достасыпшын,
Енді қалай қоштасамыз?
- Бізбен достасу оңай болғанмен,
Қоштасу қиын.
Жаңа ғана қоныстанып,
Жасап жатырмыз жиын.
- Жиын? Қандай жиын?!
- Жер бөлісу, атқарылар міндет,
Лажы болса, шақырармыз
Тағы біреулерді үндеп.
Партия құру да ойда бар.
Оппозиция болып
Барлығын сорып,

Күл-талқан етсек,
Сөйтіп, елдің абыройын төксек дейміз.
- Мен жағынан қандай көмек?
- Көмек сол – темекі тарт,
Арақ іш, сырадан да тартынба.
Күні-түні мас болсын халқың да.
- О, бәтшағар, түрлерің жаман екен!
Ойларың арам екен.
Сендермен достасқан
Мен де надан екем!

P.S:

Ит иттігін жасайтынын ұмытпа!
Сондықтан да ішімдікке құнықпа!

ТӨБЕТ ПЕН КҮШІК

- Аф, аф!
Ау, Күшік,
Осы мен саған таң қаламын,
Адамнан қулық аспаушы еді,
Қу Түкең де
Алдынан қия баспаушы еді.
Ал сен болсаң,
Үйіне кіріп алдың,
Масыл болып,
Мойнына мініп алдың.
Қазір бір жанға үрмесең де,
Бөтендерге сес көрсете білмесең де,
Құрақ ұшып алдында
Баласынан бетер мәпелеп,
Саябақта жүргені сені жетелеп.
Ал, мен болсам,

Оларға адал қызмет еттім.
Күндіз үй,
Түнде кірпік қақпай
Қой күзеттім.
Сөйгіп,
Ит деген атыма адал болдым.
Қожайынға саулық тілеп.
Ыстығына күйіп,
Суығына тондым.
- Әф, әф!
Ау, Төбет!
Ол заман келмеске кетті ғой.
Біле білсен,
Сендердің түптеріне
Білместіктерің жетті ғой.
Бүгінде бар күшік қалада,
Не бар қаңғып,
Қой соңында – далада?!
Сендер ғой ақымақ болдыңдар,
Қақаған қыста,
Бүрсеңдеп тондыңдар.
Күндіз-түні жүгіріп жүріп,
Арсылдап үріп,
Үйқы көрмедіңдер.
Керек десең, тышқак лақты да
Қасқырға бермедіңдер.
Сондағы қойың қайсы?
Бәрі құрып бітті.
Оны Қасқыр емес,
Адамның қасқыры жеп құртты.
Сондықтан сен де
Қалаға тез қоныс теп.
Мұнда не көп – сүйек-саяқ көп.
Мүмкін, біреу мүсіркеп,

Үйіне кіргізіп алар.
Тілін тапсаң, тіпті
Онда шаруа бітті –
Бетінді сүйіп, жалар.
Ол үшін тек
Жоныңды күдірейте берме.
Үретінге – үр,
Күлетінге – күл,
Мысық құсап, еркелеп жүр.

* * *

Міне, нарық заманы – осы,
Зәлім ит – сұм адамның досы!

АУЫЗ БЕН АСҚАЗАН

- Оу, Ауыз,
Сен жалмауыз,
Осы неге бірдеме тістемейсің?
Сонан соң «зуылдап барып,
Асқазанға түс» демейсің?
Мұнда біз бір қауым елміз ғой,
Қабырға қайысып,
Қарын қабысып,
Ішек жабысып,
Бәрі де зар боп өлді ғой.
- Әй, сен, давай, сөзді қой!
Бүгінде тірлік істемегенге
Тілім нан жоқ,
Ол жағын біліп қой!
Құдайшылығыңды айтшы,
Осы менің

Қолды қаққан жерім бар ма?
Әкелгеннің бәрін,
Ойдой-й, опырдым!
Өзіңе тіс арқылы майдалап,
Жұтқыншақтан жіберіп отырдым.
Мал тапқыш қолың бүгінде
«Өз күніңді өзің көр» деп отыр.
«Әйтпесе, мейлі, аштан өл!» деп отыр.
Сондықтан мен де,
Өзгеріп лезде,
Көрмеген соң көмегін қолдың,
Көпіріп көп сөйлейтін болдым.
Яғни,
Бұрынғы салпы ауызың мен емес.
Кешегі күннің бәрі – елес.
Қазір қызыл сөзден сорпа сапырамын,
Тапқан табысты шет ел асырамын.
Осы кезге дейін сені асырадым,
Енді ол дәурен өтті.
Ашып алайық бетті,
Қампиған қарып
Салпып қалмасын десең,
Бізге «заказ» бересің,
Әйтпесе, аштан өлесің.
Сондықтан тірлік істе!
Шайнап берер
Тістен көмек күтпе.
Асап жіберер
Ауызды да ұмыт.
Өйткені, біз
Өз алдымызға
Кеткенбіз коммерция құрып.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

- Оу, катындар,
Теңдік алғанымызға қанша жыл?
- 100 жылдан асты.
- Вот, мәселе қайда?
Ал біз болсақ әлі де,
Істетпейміз басты.
- Қалай?
- Иә, айтсаңшы, давай!
- Шуылдамаңдар, түге,
Біз еркектермен теңбіз бе?
- Теңбіз.
- Айтқанға оңай,
Шын мәнінде қалай?
- Шынында да солай.
- Жоқ, олай емес.
Ақылдары болса да келте,
Еркектер әлі де ерке.
Айтыңдаршы,
Үйде кім кір жуады?
- Біз.
- Баланы кім туады?
- Біз.
- Базарға баратын кім?
- Біз.
- Азық-түлік алатын кім?
- Біз.
- Төсек салатын кім?
- Біз.
- Ал оның рахатын көретін кім?
- Еркектер.
- Оған жол беретін кім?
- Әйелдер.

- Енді осы дұрыс па?
Олар 8 сағат жұмыс істесе,
Біз де істеп жүрміз жұмысты,
Қалай түзетеміз деп тұрмысты.
Ал олар – шеттерінен ерке,
Той-томалақта – серке.
Жұмыста – бастық.
- ???
- Мұндай еркектерге ату керек тасты.
Өркениетті елде еш қисынға келмейді,
Гендерлік саясат оған жол бермейді.
Біз кір жусаяқ,
Олар кірді сығу керек.
Біз бала тусаяқ,
Олар бізбен бірге толғатып,
Қасымызда тұру керек.
Бір-екі бала жетеді,
Көп тапсақ,
Қадіріміз кетеді.
Одан да еркектер сияқты біз де
Бастық, әкім болайық!
Үйден гөрі, түзде жүріп,
Үкіметке жақын болайық!
Еркектерді еркелетпей,
Қатын емес,
Батыр болайық!
Міне, сонда онамыз.
Шын мәнінде еркектермен,
Тең праволы боламыз!
P.S:
Гендерлік саясатты
Үкіметтің өзі қолдады,
Еркектер мен әйелдер
Орнын ауыстырып алмаса – болғаны!

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИНШЕ

Кеше:

- Уа, кімсің?

- Хатшымын.

Халқыммен жақсымын.

Ауыл деген береке ғой –

Маңыраған мал да,

Егін де, жер де,

Бәрі, бәрі, осы елде!

Бүгін:

- Уа, кімсің?

- Әкімін!

Халқыма «жақынмын».

«Заман түлкі болса,

Тазы болып шал» деген,

Мен де қулығымды асырдым.

Социализмде коммунист хатшы едім,

Енді, міне, әкім болып,

Бетпердемді жасырдым.

«Ахуал қалай?» дейсің бе?

Құдайға шүкір, жаман емес.

Бұрынғыдай қорқатын заман емес,

Жиын-терім біткен соң,

Астанада үй алып,

Машина мінсем деймін.

«Жигулиді» тастап,

«Тойотамен» жүрсем деймін.

«Мал» дейсің бе?

Малды маңыратпай,

Бәрін «бартер» қылдық,

Көкелеріміздің

Құлқынына беріп тыңдық.

Егін бе?

Несін айтайын,
Баяғыдай болмаса да,
Егеміз, орамыз,
Өнімді де аламыз.
Бірақ бәрін жанармай үшін,
«ШНОС»-қа бере саламыз.
Ал, өзіміз сол –
Үй алып, машиналы болып қаламыз.
А, халық па?
Халық жүріп жатыр,
Өлмеген соң, тірі әруақ боп,
Өмір сүріп жатыр.
Солай, қалқам,
Біздің былығымызды кім біліп жатыр?
...5 мың теңге алған жемқорлар
Сотталып құрып жатыр.

ЕСЕП БЕРУ

- Мө-ө-ө! Мө-өө!
Әй, Тышқан,
Кәне, жаным кел.
Не істеп, не қойдың, есеп бер!
- О, біздің істегеніміз көп,
Заман болды ғой, аста-төк.
Құрылыс қарқынды жүрді.
Жұрт қос-қостан,
Машина мінді.
Халықтың дегеніне көндік,
Несіне пәтер де бердік.
Біз жасамаған қалмады іс,
Сондықтан да айналып өтті дағдарыс!
- Әркімге бір телміріп,

Әр нәрсені кеміріп,
Жүруші едің, Тышқаным,
Қалай кеткенсің семіріп?!
...Құрылысың құрдымға кетті.
Дағдарыстың құрығы ол да жетті.
Банкке қарызға батырып,
Халықты кара суға катырып,
Қинапсың ғой көпті, -
Деп, Сиырың қаһарын төкті.

P.S:

Не десек те,
Айран ішкен кетіп қалды құтылып.
Қош делік,
«Шелек қалды бос» делік.
Толтыра алар ма екен Сиырың
Келе жатқан жұтынып?!.

ТОЙДЫҢ ӘЛЕГІ

- Ассалаумағалейкум, Бөке!
- Уағалейкумассалам, Төке!
- Иә, қайдап?
- Жұмыс жактан ғой.
- Айтпақшы, ертең той,
- Сізді шақырып едік қой.
- Ұмытып кетпеңіз.
- Бөке, айып етпеңіз,
- Ертең тірлік дегендей...
- Ештеңе етпейді,
- Кешігіп болса да жетсеңіз.
- Енді тағы бір жолы...
- Бұл – тойдың емес шығар соңы.

Беретінімді қазір-ақ бере салайын,
Ертең тыныш демалайын.
- Оу, Төке, сіздің бергеніңіз емес,
Келгеніңіз керек.
Басқалардың орны бөлек,
Сіздің орныңыз бөлек.
- Айтпақшы, тойға кімдер келед?
- Құда-құдағи, жекжат-жұрат.
- Мен оны тұрғаным жоқ сұрап.
- Енді кім?
- Басшылардан айтам.
- Басшы дегенде...
Бас дәрігер сіз ғой.
Басқалар мені қайтсін?
Ағайын сіз бен біз ғой.
- Бөке, мен сізді сыйлаймын
Бірақ дұрыс түсініңіз,
Жұмыс орнымды қимаймын.
Сіз – зейнеткер, мен – қызметкер,
Сізге қалай той жасасаңыз да жарасады,
Ал менің орныма көп адамдар таласады.
- Ау, Төке, не деп кеттіңіз
Зейнеткерің не, қызметкерің не?
Ертең біз сияқты боласындар сендер де.
- Жо-жоқ, сіз ашу шақырмаңыз!
- Ал сіз басымды қатырмаңыз!
- Бөке, сәл сабыр етіңізші!
Ең болмаса, тыңдап кетіңізші,
Бүгін тәртіптік кеңес
Жиын өткізді
Тойға барған басшыларды
Топырлатып сонда жеткізді.
Екі-үшеуіне қатаң сөгіс берді,
Екі-үшеуі жұмыстан қуылсын деп,

Басып жіберді мөрді.
- Сонда жазықтары не?
- Айттым ғой, тойға барды деп...
- Ә, тойда тойып алып,
Ойнақты салып...
- Жо-жок, тіпті олай емес.
- Енді басшыларды да босату онай емес.
Жок, әлде біреудің әйелімен...
- Атай көрменіз,
Ондай да болмаған
Жарылған бас,
Бүлінген тас та жок,
Барлығы да дін-аман.
- Сонда не үшін?
- Тойға барғаны үшін.
- Бар жазықтары сол ма?
- Сол.
- Ммм..
Енді түсіндім.

P.S:

Астанада жел тұрса,
Басқа қалада дауыл болады.
Бүйткен қазақтың
Тірлігі қалай онады?!

ЖҰМЫСҚА АЛУ

- Ассалаумағалейкум, аға!
- Уағалейкумассалам!
Молда бол, балам!
Иә, жай ма?
- Жай.
Сізді директор болды деген сон,
Қолыңызды алайын деп,
Реті келсе,
Жұмыс жағын қарайын деп
- Ә, солай де.
- Солай, аға, солай.
Мұғалім болсам деп едім,
Мамандығыма қарай
- Сен сияқтылар келіп жатыр талай,
Жарайд,
Қайсысын бітірдің?
- Физкультурныйды ғой, ағай.
- «Есеп білмеген – есек» деуші еді,
«Адам болмай өшеді» деуші еді,
Басыңдағы ми ма, жоқ, әлде кебек пе,
Айтшы, қане, мына заманда
Физкультурашы керек пе?!
- Енді мен бала кезімнен
Спортты жақсы көріп ем,
Чемпион болатыныма сеніп ем
- Иә, болдың ба?
- Болдым.
Ауданда топ жарып,
Облыста да жеңдім.
Тіпті республикадан да
Бірінші болып келдім
- Сөйтпін?
- Сөйтпін, Алматыға бардым,

Физкультурныйды бітіріп алдым.
Қазір жұмыссыз қалдым.
- Әрине, жұмыссыз қаласыңдар,
Өйткені, барлығың бірдей
Физкультурныйға барасыңдар.
Жарайды, әкеңді жақсы білуші ем,
Ертең кел.
Айтпақшы, 300 долларыңды
Қазір бер.
- Жұмыс бола ма, ағай?
- Ой, баламысың деген!
Болғанда қалай!
Математикадан сабақ бересің,
Арғы жағын көресің.
- Ағай, мен есептен «нөлмін».
Тәйт, ары!
Басқалар естісе, «өлдім».
Ең бастысы – сен емес,
Балалар білсе, болғаны.
- Білмесе ше?
- Иә, қиын боп тұр- ау
Сол жағы.
Но, нешауа,
Сен спортшысың ғой,
Ер балалардың төбесін оясын,
Қыздарды жүгіртпін қоясың.
Мұным қалай?
- Генийсіз ғой, ағай!
- Болды, басты қатырмай, бар!
300 долларыңды қалтама сал.

P.S:

Міне, бізде солай –
Кадр мәселесі оңай
Шешіле береді
Көк қағазыңа қарай.

ҰШТЫ, ҰШТЫ

- Ұшты, ұшты. Не ұшты?
- Доп ұшты.
- Дұрыс емес.
- Ұшты, ұшты. Не ұшты?
- Құс ұшты.
- Жоқ, тағы да кателестің.
- Ұшты, ұшты...
- Таптым. Айдын ұшты!
- Ол кім ?
- Ғарышкер ше, Айымбетов!
- Ә, жарайды.
- Бірақ мен кім емес, не ұшты деп тұрмын гой.
- Не ұшты, не?
- Шынымен соны білмейсің бе?
- Енді доп болмаса, құс болмаса,
- Айдын болмаса...
- Оның бәрі – далбаса!
- Доллар ұшты, доллар!
- Теңгенің құны түсті.
- Доллар ұшты.
- Ұша берсін доллар,
- Онда менің нем бар?
- Ау, бәтшағар,
- Азық-түлік, киім-кешек
- Бәрі де енді шарықтап өсед.
- Жоқ, оның – өсек.
- Біз ақшаны теңгемен аламыз ба?
- Аламыз.
- Азық түлік, киім-кешегіңді де...
- Тіпті жиһаз-мүлік, керуует-төсегіңді де,
- Теңгемен аламыз ба?
- Аламыз.

- Онда кімге кінәрат тағамыз?
- Ой, сен де!
Көрмес – түйені де көрмес.
Шарықтаған доллар,
Қайта орнына келмес.
Бағаны енді,
Қанша құрықтасаң да
Ырыққа көнбес.
- Иә, бопты, бір мәнісі болар.
- Айтшы, енді қалай бұған көңіл толар?
Түйені түгімен жұтып жатқан...
- Тес!
...Иә, солар!

P.S:

«Бәріміз біріміз үшін,
Біріміз бәріміз үшін!» –
Кез келді-ау деймін
Атой салып атқа қонар!

ДОМБЫРА МЕН СКРИПКА

мысал

- Ассалаумағалейкум, Қобыз!
- Қобыз?
«Қобызың» не, ей, доңыз?!
- А, кешіріңіз,
Сонда сіз кімсіз?
- Батыстың ұлы аспабы –
Скрипка дегенің мен боламын.
Шопен, Бетховен, Бах та
Өлмес туындыларын сомдаған.
Ал сен кімсің?

- Бұнда қайдан жүрсің?
- Мен өз ел,
Өз жерімде тұрмын ғой,
Қазақтың өлмес
Рухында жүрмін ғой.
- Сен бе?
- Иә, мен:
«Екі ішектің бірін тарт та,
Бірін сәл-сәл кем бұра,
Нағыз қазақ – қазақ емес,
Нағыз қазақ – Домбыра!
- А, Құрманғазы мен Әміренің
Көзі екенсің ғой, тіпті
Талап-талғамы мықты
Француздарды мойындатқан
Нағыз қазақтың
Өзі екенсің ғой!
- Иә, иә,
Мың өліп, мың тірілген қазаққа,
Серік болған Домбырамын.
Хан баласы өлгенде,
Естіруге келгенде
Шындықты айту тыйылса да,
Көмейіме ыстық қорғасын құйылса да,
Араша түсіп халқыма
Өз-өзіме берік болған Домбырамын.
- Бірақ сен «Конгресс-холл»-да
Болмадың ғой,
Бірде-бір сыйлық алмадың ғой.
- Қандай холл, қандай сый?
- Мецнаттар тағайындаған «Тарлан»,
Саф алтыннан құйылып,
Көздің жазуын алған.
- А, мен онда болғам,

Еңбегім бағаланбаған соң,
Жанарыммен жер шұқып қалғам.
- Қазақтарға сінбесе де еңбегім,
Маған «Тарлан» бергенде
Өз-өзіме сенбедім.
Әйтсе де барлығыңнан
Биік тұрдым, ерледім.
- Иә, несін айтасың,
Сен біздің жігерімізді
Құм етіп, жерледің.
Өз елімде бағаланбаса еңбегім –
Халықтың рухымен бірге өлгенім,
Тәубе етерім – тек сенің
Шыққан жерің Шығыста,
Қобыздан бастау алып,
Скрипка атанғаныңды ұмытпа!
Тегін ұмытқан – тексіз,
...Қазақ үшін
Домбыраның күдіреті шексіз!

ТҮРМЕГЕ ТҮСІП ҚАЛҒАНЫ

- Мынауың не, тұрысың?
Бүйткен күнің құрысың!
Тапқан ақшаң азғантай,
Оңбады ғой бір ісің.
Ана көрші жас бала,
Тапқанын айтпа, масқара...
Өзі билдей коммерсант,
Құйылып жатыр ақша да.
Астында аппақ «Вольвасы»,
Бизнесмен кілең жолдасы, -
Деп айқайлап әйелі күйеуіне ұрысты.
«Таста, - деді, - жұмысты»,

«Баста, - деді, - тың істі».
«Ресей менен Қытай бар,
Қалтаңа ақша салып ал,
Өтімді тауар сатып ал.
Жас бала құрлы жоқсың ба?
Ұяттың бәрін жиып қой,
Мәселенің барлығы
Ақшада екенін біліп қой.
Біз де бизнесмен болайық,
Көлік сатып алайық.
Доллар жинап тау етіп,
Көлдей шалқып қалайық».
Шәңкілдеп күніге қатыны,
Мазаны әбден алған соң,
Күйеуі тастап жұмысты
Коммерсант болуға тырысты.
Көбейтіп енді жүрісті,
Қытай кетті қыдырып,
Ресей кетті жүгіріп.
Күн-түн тыным таппады
Дамыл тауып жатпады.
Үйіне де қонбады,
Сонда да ақша болмады,
Ісі де бір оңбады.
Зыр жүгіріп жүргенде,
Түрмеге түсіп қалғаны...
... Баланы өзі баға алмай,
Тамаққа ақша таба алмай,
Бүгінде әйелі жылап жүр,
Күдайдан кешірім сұрап жүр...

* * *

Қанағат, рахым болмаса,
Байлық деген – далбаса.

ҚЫЗҒЫШ ҚҰС

«Ау, Қызғыш құс, Қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос»,
Нарық қысқан заманда
Жұмыссыздықпен болдым дос.
Сені көлден айырған –
Лашын құстың текпіні,
Мені ақшадан айырған –
Бюрократтар екпіні.
Сенің көлің суалды,
Менің жерім қуарды.
Айтшы, сонда, Қызғыш құс,
Кім жылап, кім қуанды?
Жеріміз де бөлінді,
Еліміз де бүлінді.
Шенеунік пен коммерсант
Көкке ұшырар күлімді.
Қалықтап ұшқан, Қызғыш құс,
Кім түсінер мұңымды?
Саған айтып отырмын,
Іштегі бар сырымды.
Қызғыш құс-ай, Қызғыш құс,
Жақсылыққа апарар
Жылт еткен бір сәуле жоқ.
Ішқұса боп отырмын,
Көңілімде күдік көп.
Екеуміз де жабырқазу,
Басшылар болса – саңырау.
Түсінсеңші сен мұны,
Қалықтап ұшқан, жаным-ау!
Ау, Қызғыш құс, Қызғыш құс,
Қона алмай көліңе,
Көңілің күпті сенің де.
Нала боп мына өмірге,

Жүрісім мынау менің де.
Мөлт-мөлт етіп жанарың,
Несіне маған қарадың?
Қолдан келер дәрмен жоқ.
Көмектесер, қарағым.
Нарық болмай өнерім,
Алақан жая жөнелдім.
Шыдамның да шегі бар,
Бір күні нансыз өлермін.
Қызғыш құс-ау, Қызғұш құс,
Сонда мені көмер кім?..

ПАТША АҒЗАМ ЖАРЛЫҒЫ

мысал

Аң патшасы Арыстан
Жинап барлық аңдарды,
Өз ойын ортаға салған-ды:
- Шындықты айтпай болмайды,
Сендерге көңілім толмайды.
Орманда меніреу тыныштық,
Қалықтап ұшқан құс та жоқ,
Жортып жүрген аң да жоқ,
Налитын бұған жан да жоқ.
Барлығы да бүкшендеп,
Бетіңе тіке қарамай,
Жаныңа тіпті жоламай,
Қашады-ай кеп, қашады-ай.
Жоқ, достар, бұлай болмайды,
Жаман сөз жерде қалмайды.
Бетке айтпай, сыпылдап,
Сыртыңнан айтса, сол – қайғы.
Ендігі жерде саспайық,
Қайта құрыла бастайық.

Сондықтан беремін жарлық –
Болмасын ешкімге тарлық.
Бетке басып айтыңдар,
Қалмасын іште сын барлық!
Сен, Жолбарыс, жортып жүр,
Барлық аңның халін біл.
Ештеңеден қысылмай,
Шындықты айтып, еркін жүр.
Бәріңе қояр осы шарт –
Бүкшендеу деген болмасын,
Сәби болсын, мейлі, қарт!
Естігенде бұл сөзді,
Барлық аңдар қуанды.
Патша ағзам жарлығын,
Орындауды құп алды.
...Содан өтті көп айлар,
Жылжып жатты жылдар да...
Бірақ шындық болмады,
Арыстан да оңбады.
Өз тағынан тайғақтап,
Кете барды жан сақтап.
Әділет деген жалғанда
Айтшы, осы болған ба?
Тыныштық та бұзылып,
Ұрыс та болды бұл маңда.
Түр-түсіне бөлініп,
Тарап кетті аңдар да.
Арыстан болса, үршіп,
Тыныш отыр қылтиып.
Қасқыр-түлкі жорғты кеп,
«Айхойлатып» жүретін,
Осы заман мықты» деп.
- Олар ма?
- Өмір сүріп жатыр олар да,
Бұрынғысынан бетер бүкшендеп...

ӘЙЕЛДЕР-АЙ, ӘЙЕЛДЕР!

Муқазалиша

Әйелдер-ай, әйелдер-ай, қандайсың?
Базардан еш қалмайсың
Қара қазан, қара бала қамы үшін,
Қара қапшық арқалапсың әр қайсын

Әйелдер-ай,
әйелдерге обал-ай!
Жүргендері жәрдемақы ала алмай.
(Қара қапшық арқаладың содан-ай).
Көз жасыңды көрмейді-ау әкімдер
Қарғыс атқыр, құрсын мына қоғам-ай!

Үйде отырған еркектерді көп дейді,
Ойбай, ойбай, басқа елде өйтпейді.
Әйел деген – әдемі ғой, әдемі,
Әйтпесе,
Бала тууды шектейді.
...Өспейді қазақ, өспейді.

ЖАР ТАҢДАУ

Жасы 18-22-лер шамасында, бойы 170 см-ден аспайтын,
мінезі жұмсақ, өзі әдемі, өмірлік жолдасым болар жар
іздеймін.

Газет жарнамасынан.

Өзіме адал жар іздеймін:
Орта бойлы,
Салмақты, ойлы,
Аузы оймақтай.

Аққұбаша, қыр мұрынды,
Өзі бұрымды болса,
Қолы мен аяғында,
Тал бойында мін болмаса.
Обшым, ай мен күндей болса,
Жұмысқа шыдамды,
Күш-қуаты сарқылмас пілдей болса.
Азанменен тұрып,
Зыр жүгіріп жүріп,
Тірлік істесе,
«Ақанды» татып алмай,
Шампанды да ішпесе.
Ал, мен қанша «тойып» келсем де,
Дәу жұдырықпен қойып, персем де,
Ренжуді еш білмесе.
Қайта күлім қағып,
Достарымның тілін тауып,
Барын алдыма тосса,
Сөйтіп, мені қатарға қосса.
Өзі үнмешіл әйел болса,
«Импортный» киім кимесе,
Қытайдікін қанағат тұтып,
Қыдырып көп жүрмесе.
5-6 бала тауып,
Қойды бағып, сиырды сауып,
«Отағасы» деп үзіліп тұрса.
Алдымнан қия баспай,
«Баламыздың әкесі» деп
Сызылып тұрса.
Аз тамақ ішетін болса,
Мен үшін отқа да,
Суға да түсетін болса.
Базарға да өзі барса,
Бақшаны да өзі салса,

Қысы-жазы дамыл таптай,
Мігірсіз жұмыс істесе,
Ауырып бүк түспесе.
...Міне, осындай жар іздеймін
Бір күні өзі келіп,
Есігімді қағар деген үмітімді үзбеймін.

* * *

Әрине, «Қымызды кім ішпейді,
Қызды кім айттырмайды» десек те,
Аяз би әлін, құмырсқа жолын
Білгені жөн-ау.
Әйтпесе, ортамызда осындай
Есек дәмелілер көп-ау.

ҚЫЗ ҚИЯЛЫ

Ох, шіркін!
Менің болашақ жарым,
Өзімді сүйетін жаным,
Төлегендей сұлу,
Баяндай батыр болса!
Менің төркініме көл-көсір,
Өз ағайын-жұртына
Кәпір болса.
Ақшаны үсті-үстіне
Таба берсе.
Алтын мен күмісті
Ала берсе.
Үйіміз дүниеге сыймаса,
Жақұт пен жауһарлар ғана жинаса.
Қыздарға көзін сүзбесе,
«Тек сен» деп,

Жүрегі мені іздесе,
Мен қыдырып жүргенде,
Бақыттан басым айналып күлгенде,
Құрбыларым қызғанып,
Дұшпандарым сызданып,
Өліп кете жаздаса.
Ал бізге Құдай
Бергенінен жазбаса,
Бай болып,
Төрт құбыламыз сай болып,
Өмір жалғаса берсе, жалғаса.

* * *

«Кедей – бай,
Бай – Құдай болсам» дейді ғой,
Қыз қиялы не ойласа да
Мейлі ғой.
Тек әркімнің өз жолы бар:
«Таңдаған – тазға жолығар!»

АРМАН ҚЫЗДАР – ЖАЛҒАН ҚЫЗДАР

Қыздар-ай, қыздар,
Күргыр қыздар!
Барлығың да
Ай мен күн,
Жұлдызсыңдар!
Баға жетпес
Құндызсыңдар.
Дүниенің сәні –
Қыздар ғой, қыздар,
Қыздар ғой бәрі.
Қыс пен күзін,

Жаз бен көктем,
Әсем еді бәрі неткен?!
Күн мен түнін,
Ай мен жылың,
Шертеді бізге
Қыздар сырын.
Тау мен тас та,
Көл мен шөл де,
Сағым ғой, сағым.
Барлық жерде,
Ақуды көрсең,
Жүзгенін көлде,
Ол да қыздар
Сен, мейлі, сенбе,
Ох, қыздар, қыздар!
Шайтансыздар!
Шынымды бүгін
Айтам, қыздар.
Біреудің бағы,
Біреудің соры,
Еркектерді
Меншіктеп алғансыздар!
Апайтөс батыр,
Ақнық ақын,
Ғұлама ғалым,
Небір мықты
Жігіттің бәрі шүйкебас қызға
Келмейді әлі!
Соғыста жеңу
Түк емес ерге,
Қыздары көрсе,
Қарайды жерге.
Не деген заңды?!
Таңдап ап жарды,

Береміз бәрін
Қолдағы барды!
Не деген сұмдық!,
Не деген құлдық?!
Жеңе алмай қызды
Жерге біз кірдік,
(Беріліп тындық).
Тұтқынға түскен,
Біз де бір күшік.
Шәуілдеп үріп,
Қоямыз кейде
Алғанда ішіп.
Ох, қыздар, қыздар!
Армансыздар!
Қол жеткенде
Арлансыздар!
Жалғансыздар, жалғансыздар!

НЕСИЕ ТӨЙ

(әні бар)

Біз – қазақпыз – дархан халық,
Жасайтын той барын салып.
Той жасаймыз несие алып,
Жарандар, қараңдар!

Қайырмасы:

Келіңіздер, көріңіздер,
Қуанышты бөліңіздер!
Өлең айтып, би билейік,
Таң атқанша сіз бен біздер.
Қараңдар, жарандар!

Үйім де жоқ, күйім де жоқ
Банкіде көк тиын да жоқ,
Бәрібір де көңілім тоқ.
Жарандар, қараңдар!

Қызым да бар, ұлым да бар,
Демеймін мен дүние тар.
Бар байлығым – балалар бар.
Жарандар, қараңдар!

Немере мен шөберені
Өсірем деп сенем енді,
Көрсем деймін неменені,
Жарандар, қараңдар!

Түп-тамырым сіңді терең,
Қуанышты бірге бөлем,
Айтылып жатыр міне, өлең.
Жарандар, қараңдар!

Үкіметке сенім де жоқ,
Үй салатын жерім де жоқ,
Бәрібір де көңілім тоқ.
Жарандар, қараңдар!

Қазақ өсіп, өркендесін,
Қыдарымыз еркелесін,
Ұлдарымыз көркемдесін.
Жарандар, қараңдар!

Ұрпағымыз өсе берсін,
Жер сатқандар өше берсін,
Халқым алға көше берсін!
Жарандар, қараңдар!
Қазақ мәңгі жасай берсін!!!

МОДА

- Қызым, тоқташы!
- Не болды, ата, жәй ма?
- Жәй.
Әкең бар ма, қызым?
- Бар.
- Шешең ше?
- Бар.
- Жұмыс істей ме?
- Істейді.
- Ішпей ме?
- Ішпейді.
- Онда жалақылары аз-ау деймін.
- Жок.
Керісінше көп.
Әкемнің бизнесі бар,
Бордақылап сатады мал.
Шешем де емес тықыр.
Білдей бір мекемеде бас бухгалтер.
Құдайға шүкір.
- Онда, қызым,
Жыртық шалбармен неге жүрсін,
Дейсін бе әлде ел күлсін?
Жылт-жылт екізбей сан етіңді,
Жамап алсайшы, құрысын.
- Ә, мынау ма?
Бұл – мода, ата, мода!
- Сонда қалай?
- Бұл сән шалбар ғой,
Тігілген солай.
Өздеріңіз де киген шығарсыздар,
Жас кездеріңізде «джинсиді» талай.
- Жок.

«Жын-сымынды» біз білмейтінбіз,
Жыртық шабарды өліп кетсек те кимейтінбіз.
Дал-далымыз шығып,
Көшеде жүрмейтінбіз.
Қой, қызым,
Тілімді алсаң, бұны киме!
Жөні түзу шалбар бар шығар үйде.
- Ой, аташка, хватить, а!
Түк түсінбейсіз бәрібір – «деревня»!

P.S:

Қызға жаны ашыған ақсақал
Қатты сөз естіп қалды.
«Түсінігі мол» қызымыз.
Аузына келгенін оттап, кете барды.

ЖОЛ ЖЫРЫ

- Бөке, ассалаумағалейкум!
- Уағалейкумассалам!
- Қайдан келесіз?
- Құрылыс басқармасынан.
- Не, әлі жол бітпеді ме?
- Біткен еді...
- Енді?
- Бір жылдай жанымыз кіріп,
Машинамен жүйткіп жүріп,
Мәз болып қалып едік,
Жететін жерімізге зуылдап барып едік.
Тақтайдай тегіс жол,
Бізге де керегі еді ғой сол.
- Ә, дұрыс болған.
- Жоқ, тірлік жоқ оңған.

- Here?
- Сол...
- Айтсайшы, бол!
- Не айтары бар?
Асфальтталған көшеміз
Тас-талқан етіліп тасталды.
Жылу құбырын жаңалау
Енді ғана басталды.
- Апырмай, ә!
Жол салмай тұрып жаңалауға...
- Ойбай, үндеме, қаласың дауға.
Қазір сол мәселені көтерем деп,
Келемін таяқ жеп.
- Here?
- «Оған бола бас қатырма» дейді.
Үкімет біздің камымызды жейді.
Ең бастысы – жылу,
Жылудың қадірін керек қой білу.
Қақаған қыста
Мүмкін емес жылусыз өмір сүру.
Қазылған жол қалпына келеді,
Оған қосымша қаржы бөледі.
Ол, ол ма, «биыл – жылу,
Ендігі жылы суық су
Құбырлары алмастырылады,
Осылайша жұмыс жалғастырылады» дейді.
- А, мейлі.
- Иә, солай, «үндеме» дейді.

P.S:

Ойымыз жоқ бұзық,
Дегенмен де «жол жыры»
Бізде шынында да қызық!
Желге ұшқан қаржыны
Кім берер екен тізіп?!

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ



Қазақи
қалжыңдар
хикаялар



ҚОНАҚ КҮТУ

Қазіргі таңда есімі елге белгілі, қарымды журналист, дарынды телепродюсер Серік Аббас-Шах ең алғаш тілшілік қызметін Жамбыл облысындағы жергілікті телеарнадан бастаған. Бастысы – ол емес, әрине. Серік сол кездің өзінде өткірлігімен көзге түсіп, өжеттігімен «өлмес» хабарлар жасағандығында. Оның Желтоқсан жайлы деректі фильмі біраз жылдар эфирдің бренді болды. Тұрар Рысқұлов, Асанбай Асқаров жайлы жасаған хабары да кезінде жақсы бағаланды. Қазір де құндылығын жоғалта қойған жоқ деп ойлаймын. Оның хабарлары әлі күнге дейін облыстық телеарнаның алтын қорында сақтаулы тұр. Сол Серік әріптестерімен, оның ішінде өзі бір бөлмеде отыратын Есағаңмен қатты қалжыңдасатын. Оны басқа емес, Есағаңның өзі айтып отыратын. «Естіген құлақта жазық жоқ». Әлқисса.

Бір күні Есағаң табан астында Жуалы ауданына съемкаға шығатын болады да қасында отырған Секеңе:

- Әй, бала, мен іс-сапарға кетіп барамын. Кешке қарай келермін. Жеңгеңе телефон соқсам, көтермейді. Біраздан соң қоңырау шалып, айта сал, - дейді де, Жуалы қайдасың деп тартып кетеді.

Аманатқа қиянат жоқ, бір уақытта Секең жеңгейге қоңырау шалады. Арғы жақтан жеңгесінің «Әлеу» деген қоңыр үнін естіп сала:

- Жеңеше, саламатсыз ба! Бұл мен ғой – Серік. Есағаң «срочно» Жуалыға съемкаға кетті. Бірақ кешке келеді. Таразда Алматыдан келген бір топ ақын-жазушы достары жүр екен. «Кешке соларды үйге ілестіріп барам. Етті мольрақ салып, асып қойсын» деп сізге сәлем айтты. Соны маған «айта салшы» деп еді, - деп, телефон тұтқасын қоя салады.

Ойында түк жоқ Есағаң кешеуілдетіп үйіне жетсе, есік алдында Секең жүр.

- Өй, Серік, сен мұнда неғып жүрсің? – деп сұрамай ма Есағаң.

- Есаға, «сапардан жақсы қайтсам, жуамын» деп едіңіз ғой, - деді ол саспастан.

- А, солай дедім бе, есімде жоқ. Жарайды. Жүр, үйге кірейік.

Есағаң үйге бастай бергенде Секең:

- Мен жалғыз емеспін, - дейді.

- Тағы кім бар?

- Өзіңіздің келініңіз бен режиссер Нәзила ғой.

- Ә, жарайды. Шақыр оларды, - деп сапардан көңілді қайтқан Есағаң алға түседі.

Есік ашқан әйеліне:

- Балымжан, қарсы ал, қонақ келді, - дейді

- Білем, білем. Келіңіздер, кіріңіздер. Бәрі дайын, - деп, ол да бәйек болып жатыр.

Төргі бөмеде дастархан жайнап тұр. Өз көзіне өзі сенбеген Есағаң одан бетер марқайып:

- Көрдiңдер ме, менің кемпірім қандай?! Жайнап тұр емес пе дастархан?! Бәрі сендер үшін. Ал, жайғасыңдар, - дейді.

«Қонақтар» дастархан басына жайғасып, бір екі рюмка ішке кеткен соң, бағанадан бері алаңдап отырған Балымжан жеңгеміз Есағаңа қарап:

- Ет езіліп кететін болды, қонақтар қайда? – деп сұрамай ма.

Есі шыққан Есағаң:

- Саған қандай қонақ керек? Міне, отыр ғой, - дейді.

- Жо, жоқ Алматыдан келген ақын-жазушыларды айтамын.

- Оны саған кім айтты?

- Серік айтты.

Ол Секеңе қарайды. Серік болса, мырс-мырс күліп отыр.

- Әй, сен де бір... Не болса да соғымның жартысы кетті. Қайның қатырған екен. Әкеле бер етiңдi. Өзім де келін

скеуіне ерулік беріп, үйге шақырайын деп жүр едім. Тіпті бұл дұрыс болды, - деп, рюмканы толтыра беріпті. Қайшысының қалжыңын енді ғана сезген жеңгей де мырс етіп күліп, ас бөлмеге беттепті.

Еш зілі жоқ, қайны мен жеңгенің арасында жарасым тапқан қайран, қазақтың қалжыңдары-ай дессейші!

СЕРІКТИҢ АББАС-ШАХ АТАНУЫ

Сол Серік бір күні кабинетке кірген бойда әй-шай жоқ Есағаңа:

- Менің аты-жөнім ұнамайды, - дейді.

Есағаң аң-таң болып, «Кімге?» деп сұрамай ма.

- Өзіме.

- Неге?

Сол-ақ екен Секең:

- Сіздің де фамилияңыз оңып тұрған жоқ. Төрекұлов. «Төре» дегені дұрыс, «кұлды» қалай түсінеміз? Елдер сияқты бөліп те жаза алмайсыз. Мәселен, Төре-хан, Әлім-бек, Керім-бай. Міне, көрдіңіз бе? Керемет! Қазір осындай есім мен фамилияны иеленгендер аты-тегін бөліп жазып, бірден бек, хан немесе бай болып кетті. Мен де өзгеріс енгізсем бе деймін. Бірақ болмайды. Не атым, не ата-тегім келіп тұрған жоқ. Ал сізге тіпті болмайды. Оданша «Төре»-ге «би»-ді қоссаңыз, қатып кетер еді.

- Ә, жоқ, бала. Мен азан шақырып қойған аты-жөнімді ешқашан өзгертпеймін. Ал сен Аббас атаңа хан атағын бере сал. Сонда «Аббас-хан» болып шыға келесің.

- Жоқ, мен ешкімді қайталамауым керек.

- Әй, сен де басымды қытырдың ғой.

Осы жерде біраз ойланып қалған Есағаң:

- Онда сен «шах» болсаң, қайтеді. «Аббас-Шах».

Қатып тұр емес пе? Ешкімді қайталамайсың. Әрі «шах» «ханнан» да, «бектен» де, «байдан» да кем емес. А, қалай қарайсың?

Секең шынында да ойланып қалады. Ертесіне эфирден өткен хабарының титріне «Серік Аббас-Шах» деп жазып жібереді. Міне, содан бері...

Қазір бөліп жазу моладан қалды ма, жоқ, әлде жұрт «хан», «бек», «бай» бола алмайтындарын түсінді ме, айтуеір тәубелеріне келіп, аттары мен тектерін қиқалауды қойды. Ал Аббас-Шахтың орны бөлек. Ол шын мәнінде телеарнаның шахына айналды.

«ҰЛДЫ ЖУУ»

Жамбыл облыстық телеарнасына жанадан кірген кезім. Жұмыс көп, дамыл таппаймыз. Жаппай қысқартудың тұсы. Екі-үш адамның қызметін істеуге тура келеді. Өзіміз – оператор, өзіміз – тілші, дикторлық қызметті де қат-қабат атқарамыз. Бір күні жұмыстың соңында Исабек Күзембасев екеуміз бір «көк шишаны» ортаға қойып, сінді ғана бастағанымыз сол еді, бас редакторымыз, Мұқан Әбілқайыров кіріп келді (Марқұмның жатқан жері жаннатта болсын).

- Не істеп отырсыңдар? – деді үні қатқылданып.

Үстелдің үстінде тұрған шөлмекті тығып үлгерсе алмаған біз байқұстың аузымызға не түссін, жанарымызбен жер шұқыдық.

- Мен екеуінді жұмыс істеп отыр ма десем, тойлап отыр екенсіңдер ғой. Ол үшін не болатынын білесіңдер ме?

- Енді жұмыс аяғы ғой. Мына Исабектің әйелі босаныпты. Соны былай, атап өтейік деп,.. – дедім мен мінгірлеп.

- Кім босанды? – деп басшымыз сәл жібіп, Исабекке қарады. Мен саса бастадым. Өйткені, Исабектің әйелінің аяғы ауыр болғанмен, әлі босана қойған жоқ еді. Исабегім де ер екен.

- Ұл! – деп таңдайы тақ ете қалды.

- Жарайды, онда. Ұлды болсаң, жууға болады, - деп, бас редакторымыз жанымызға жайғасты. Арқа-жарқа болып, әй, бір кеңінен отырдық-ау!

Ертеңіне бас мең-зең. Оны да қойшы. «Исабектің әйелі босанбағанын бас редакторымыз біліп қойса не болады?» деп, қылпылдап отырмын. «Өтірік айтып нем бар еді, шаруым бітті» деймін ішімнен. Бір уақытта Исекеңнің төрт тал шашы бар төбесі көрінді. Екі езуі екі құлағында.

- Бақытжан, аузың дуалы екен. Әйелім шынында да босанды, ұл тапты! – деп қарап тұр. Мен жүрегім жарылардай қуанып, Исабектің бетінен шөлпіндетіп сүйіп жатырмын. Ол да маз. Мен де маз. Ол әйелінің босанғанына, мен басыма үйірілген үйдей бәледен құтылғанымға мазбін. Енді ше? Құдай екеуміздің де тілеуімізді берді емес пе?

«ЖҮР, БАҚЫТЖАН, МОНШАҒА»

Қазақта соғымбасы деген жақсы дәстүр бар. Жаңа жылдың алдында екі-үш жігіттің басын қосайын деп, үйге шақырдым. Ет піскенше емін-жарқын әңгімелесіп отырғанбыз. Бір кезде Асекең – Асқарбек Сейілханов «Бақытжан, өлеңіңді оқышы» демесі бар ма? Мен өлең емес, сықақ жазатынымды, өкінішке орай, оны жатқа білмейтінімді айтып, ақталып жатырмын. Оған пысқырған Асекең жоқ, «Сен болмасаң, балаң оқиды. Мен білетін Санат (тұңғыш ұлымды айтады – Б.С.) атасының өлеңін білуі керек. Шақыршы» деді. Қонақтардың алдына келген Санат сасқан жоқ. Атасының өлеңін судырата оқи жөнелді. Сондағысы мынау:

- Жүр, Бақытжан, моншаға.
- Кір емеспін соншама.
- Жүр, Бақытжан, бұлаққа.
- Не бар шаршап жырақта?
- Құлағың кір, мойның кір,
Жуынуды қойдың бір.
- «Жүр» дегенге жүрмесең,
Үйде жуын онда сен.
- Тұр Бақытжан есінеп,
«Жуынамын несің?» деп.

Бұны естіген жігіттер қыран-топан күлкіге көмілді. Ал мен не дейін? Бала кезімде моншаға бармай қырсығып, әкемнің маған жазған мазактау өлеңі кітабына сніп кеткені рас. Кезінде оны әкемнің өзі оқып бергенде жинақты «жыртам» деп ашуланғаным да бар. Сол кезде әкем «Жарайды, менің қолымдағы кітапты жыртсаң, жыртарсың. Бірақ, бүкіл Қазақстанға тарап кеткен өлеңді қалай құртасың?» деп күлгені әлі есімде. Енді міне, өзім

де әке болғанда тағы алдымнан шығып отыр. Оны басқа емес, ұлым оқып жатса, не шара?! Баланың аты – бала. Болар іс болды. Содан бері Асекең ұялы телефоныма «Жүр, Бақытжан, моншаға» деп «смс» жіберетін болды. Иә, бармағанда қайтем? Бүгінде әкем жоқ. Ессіне аптасына бір рет әкемнің өлеңін еске салып, моншаға «жетектеп» алып баратын Асекең бар.

АСЕКЕҢНЕН «ҚУТЫЛУ»

Мен облыстық телеарнаға келгенде Асекең ағам – Асқарбек Сейілхановпен бірден араласып кеттім. Қашан көрсең де ашық-жарқын, қабақ шытуды білмейтін жігіт ағасы мені жатсынған жоқ. Ол менің алдымда 2-3 ай бұрын ғана Қызылордадан біржолата көшіп келіп, режиссер болып қызметке тұрыпты. Екеуіміздің жұбымыз жазылмайды. Бірге жүреміз, бірге тұрамыз. Хабарды да бірге жасаймыз. Мен – редактор, ол – режиссер. Бір күні Асекең:

- Қордайға барып келдім. Сюжет керек пе? – деді.

Ол кезде марқұм Мұса Рахманбердиевтің басшылық ететін тұсы. Күніне 10-12 сюжет береміз. Ақпаратта істейтін 4-5 адамға бұл өте ауыр. Мұрнымыздан шаншылып жүрген кезіміз. Салған жерден:

- Әкел, - дедім. Оқып отырмын. Тілі жатық. Бір-екі жерін түрткенім болмаса, дайын материал.

- Жазып тұрсайшы, - дедім.

- Жақсы, - деп шығып кеткен Асекең бұдан кейін, әй, бір бұрқыратты-ау дейсін. Ол тек жазып қана емес, өзі түсіріп, өзі монтаждап, өзі эфирге дайындап, қолымызды ұзартып-ақ тастады. Кейін 1-басшының сеніп тапсырған «Ән-жұмбақ» хабарын жүргізіп, облыс жұртшылығына танылды. «Ән-жұмбақ аға» атанды.

Асекеннің енді жүрмейтін жері, қамтымайтын хабары қалмады. Бір күні менің апталық хабарым «Стадионды» жасап отыр.

- Мұның не? – десем.

- Спорт қой, - дейді

- Жарайды, айыбыңды жуасың, - деймін.

Обалы не керек, «жуу» жағын ол қатырады. Осылайша, Асекең талай тележурналисті жұмыссыз қалдыра жаздады. Ақыры одан жоғарылатып «құтылды». (Ол – бас редактор, кейін қазақ драма театрының директоры болды).

ЖҮРМЕЙТІН МАШИНА

Телеарнада жұмыс істегеніме 20 жылдан асты. Жаңадан келген жастардың өзі көлік алып жатқан соң, «мен де бір мәшине мінейін» деп, «Опель» алып, енді ғана үйреніп жүрген кезім. Бір күні жұмысқа Асекең келді. Келген бойда әй-шәй жоқ:

- Әй, бала, сен көлік алғанда «көрімдігі» деп жүргізуші куәлігіңді әпердім. Талай машинамы міндің. Ендігі кезек – сенікі. Жүр, кеттік, - деді.

Бәрі рас. Кетсек, кеттік. «Қырсықанда қымыран іриді», машинаға келіп отырғанда оның қозғалар түрі жоқ. «Скоростька» салып, рульді бұрамын, мыңқ етсейші шіркінің! Мен Асекеңе қараймын. Ол маған. Бірақ үн жоқ. «Не болды?» дегенді негін шошайта ыммен білдірді. «Әкесі өлгенді де естіртеді»,

- Машина жүрмейді, - дедім.

Асекең күлкіге көмілді де қалды. Менің жыным қозды. Күлкісін әрең тежеген ол:

- Әй, сен ең бірінші машинаңды от алдырсаңшы, - демесі бар емес пе.

Сөйтсе, от алдыруды ұмытып кетіппін. Кілтті бұрап қалып едім, көлік те «дар» ете қалды. Екеуміз де мәз. Мен от алғанына, ол мені қатырғанына. Ең бастысы, баратын жерге аман жеттік.

* * *

Сол Асекең тағы бірде келіп, сайрандап желіп, көлікпен ұшып келе жатқан кезіміз. Салқын сыраның буымен бағдаршамның көгі тұрмақ, сарысына үлгермей, қызылына өте шықтық. «Іздегенге – сұраған», ысқырығы жер жарған жол сақшысы тоқтатты. Асекең маған «Отыра бер» деді де, өзі түсті. МАИ қызметкерлерімен сөйлесіп жатыр. Ымыраға келді-ау деймін, бір уақытта «Бол, тез!» деп, алдыңғы орындыққа қонжиды. Жүрдік те кеттік. Ертесіне Асекең хабарласады:

- Ау, бала, менің газетімді көрдің бе?

- Көруін көрдім. Көліктен түсерде өзіңіз алдыңыз ғой.

- Алуын алдым. Бірақ бірінші беті жоқ. Ішінің де сау-тамтығы қалмаған. Не болғанын түсінсем, бұйырмасын.

- Асеке, айып етпе. Кеше полиция тоқтатқанда «ніс білінбесін» деп, газетті шайнай беріппін.

- Өй, сен де бір!.. Өзім де солай ойлап едім. Бір газет қарызсын, бала, - деп тұтқаны қоя салды.

Жарайды. Газеттің жарасы жеңіл ғой. Әйтеуір, бас аман, «право» қалтада. Әйтсе де сол көлікті көп ұзамай-ақ соғып тындым. «Көп асқанға – бір тосқан». Содан кейін ішсем, рульге отырмайтын болдым.

* * *

Қарымды қаламгер, жалынды журналист Амангелді Әбіл бір күні құдаларының көңілін қымай, тойда қатты «сілтенкіреп» жіберсе керек. Ертесіне «сынып» тұрған басын жібіту үшін Асекеңе барады. Асқарбек Сейілханов – ол кезде Жамбыл облыстық телсеарнаның бас редакторы. Амангелді Асекеңді «қайын аға» деп ойнайтын. Асекең де «күйеу баласының» бетін қаққан емес. Соған әбден үйреніп алған Әбекең келген бойда:

- «Қайын аға» дегенде, қайын аға.

Болмай тұр менің бүгін жайым, аға.

Көр қазған мен бас жазған – сауабы бір

Бар ма сізде 100 грам дайын, аға? – демей ме.

Сөйтсе, Асекең аспай-саспай:

- Дұрыс. Көр қазған мен бас жазған бірдей,

Қайта-қайта басынды жазып жүрмей.

Бір-ақ рет сауабынды алайын,

Көріңді қазып бере салайын, - депті.

Мұндай жауапты күтпеген Әбекең әжептеуір өкпелейді. Арқасынан қаққан Асекең:

- Пайғамбар да күйеуді сыйлаған, сендей майталман журналист жігіт не қаласа да әнерем, жүр, кеттік, - деп буфетті бетке алып, өзі бастай жөнеліпті.

* * *

Жамбыл облыстық «Ақ жол» гаетінде редактордың орынбасарлық қызметі біраз уақыт бос тұрады. Бұрыннан істеп келе жатқан сақа журналистердің иектері қышып жүргенде, Бекнұр Сатыбалдиевтің ісін оңдап, әкімдік қолдап, қонжия кетеді. Сөйтіп өрімдей жап-жас жігіт білдей бас редактордың оң қолы болып шыға келеді. Оны орынтаққа отырғызу үшін облыс әкімдігінің ішкі саясат бөлімінен арнайы өкілдер келіп, ұжымның

жалпы жиналысы өтеді. Әркім жас журналистке қолдау білдіріп, өздерінің өзекжарды сөздерін айтып сәттілік тілейді. Сонда Амангелді Әбіл орнынан тұрып:

- Мен де бір қуаныш, бір өкініш бар, - дейді. - Қуанышым – енді ғана ел көзіне түсіп, жалынды журналист бола бастаған Бекиұрдың басына бақ, астына тақ конғандығы. Өкінішім...

Осы сөзге келгенде бәрі ішінен тына қалады. Тілінің қышымасы бар одан көбісі «Біз де осы орынтақтан дәмелі едік, сен алдымызды орап кеттің» дегенді айтады десе керек. Әйтсе де, Әбекең саспастан «Өкінішім – енді қимас, сыйлас қаламгер жігіттер келіп қалғанда кімге сеніп, кімді жұмсаймыз? Ым-жымын білдірмей жеткізудің шебері тек өзің едің» депті. Бас редактордың орынбасарын енді жүгіртіп жіберетін Әбекеңнің басы скеу емес қой.



БЕСІНШІ БӨЛІМ



ҚЫТЫҒЫҢ
КЕЛЕ МЕ?

*бірқақпайлар,
езутартарлар*



- Орыстар мен қазақтардың айырмашылығы бар ма?
- Бар. Орыстар – европеоид, қазақтар – монголоид.
- Ал ұқсастығы ше?
- Екеуі де ішуден алдарына жан салмайды.

- Жапондар мен қазақтардың айырмашылығы неде?
- Қазақтардың бастары бос, қолымен жұмыс істейді. Жапондардың қолдары бос, баспен жұмыс істейді.

- Орыстардан еврейлерді қалай ажыратуға болады?
- Еврейлер «қарапайым орыспын» дейді. Орыстар «ұлы орыспыз» дейді.

- Балам, осы біз тәуелсіз елміз бе?
- Ой, ата, егемендік алғанмызға 25 жыл болды ғой.
- Онда неге әлі күнге дейін баспалар жиналыста орысша сөйлейді?
- Енді онда басқа ағайындар да отырады. Түсінікті болу үшін де. Оларды сыйлау керек қой.
- Жарайды, сонда олар бізді қашан сыйлайды?
- ?!

- Балам, қазақтардың шешен халық екенін бәрі мойындайды ғой?
- Мойындайды, ата.
- Ал сол қазақтардың жағдайы неге мүшкіл?
- Өйткені, біз сөзге бармыз да, іске жоқпыз.

- Ата, осы сіз феодализмді, социализмді, енді міне, капитализмді де көрдіңіз. Шыныңызды айтыңызшы, қай кезеңде өмір сүрген жақсы?

- Е, несің айтасың, балам. Бай болсаң – феодализмде, кедей болсаң – социализмде, жемқор болсаң, капитализмде өмір сүрген жақсы.

- Ата, сіз бүгінде 10 бала, 30 немере, енді міне, шөбере де сүйіп отырсыз. Құдайға шүкір, атақ-даңқтан да кенде емессіз. Олай болса, бақыттысыз ба?

- Жоқ.

- Неге?

- Себебі, сүйгеніммен қосыла алған жоқпын.

- Ал ата, сіз ше?

- Мен әбден бақыттымын.

- Неге?

- Себебі, мынаның алдын орап, сүйгенін алып қашып кеткенмін.

- Адам маймылдан жаралды деген рас па?

- Рас болса, рас шығар?

- Неге?

- Ішіп алған адамды қарапшы, маймылдан несі кем?

Журналист экономистен:

- Мына заман қашан түзеледі? – деп сұрайды.

- Жақында.

- Оны неге сүйеніп айтып отырсыз?

- Енді жаланап жүргеніміз болмаса, құлдилаудың шегіне жеттік қой.

* * *

Журналист коммерсанттан:

- Баюдың басты себебі неде? – деп сұрайды.

- ?!

- Сіз сұрағымды түсінбей қалдыңыз-ау деймін, осындай дәрежеге қалай жеттіңіз?

- ?!

- Не, тіліңізді жұтып қойғансыз ба?

- Жоқ, ең бастысы – жасап жатқан тірлігіңді ешкімге жария етпеуде.

* * *

Үйге шақырылған жедел жәрдем дәрігеріне:

- Өтінемін, тезірек жүріңізші, өліп барады!

- Е, онда сыртта күте тұрайық.

- Неге?

- Бәрібір дәрі-дәрмек жоқ.

* * *

Әйелі күйеуіне:

- Жаным, бүгін киноға барайықшы.

- Жоқ, футболға барам.

- Немене, футболың менен артық болғаны ма?

- Әрине.

- Сонда қалай?

- Сені күніге көрем, ал футболды анда-санда ғана.

* * *

Күйеуі әйеліне:

- Сүйіктім, мен жоқта біреуді тауып алмайсың ба?

- Олай демеші, жаным! Мен ешқашан да ешкімге жоламаймын.

- Онда менің еш алаңсыз қыдыра беруіме болады ғой?

- ?!

- Сүйіктім, сенің ерніңнен сүйсем, арманым жоқ! Лаулап жанып, өртеніп кетер едім.

- Онда сүймей-ақ қой.

- Сүйіктім, сен маған тұрмысқа шықсаң, өмір бойы мойныма көтеріп өтер едім.

- Қой, елден ұят қой.

- Жаным, мен сені жақсы көремін!

- Не дейсің, тағы да айтшы.

- «Мен саған ғашықпын» деймін.

- Тағы, тағы да айта түсші!

- Мен сені сүйемін!

- Тағы, тағы да...

- Өй, өзің саңыраумысың?!

Әйелі күйеуіне:

- Сүйіктім, сен алтын сырға алып берем деп едің ғой.

- Қашан?

- Осыдан үш ай бұрын.

- Ә, ол кезде үйленбей тұрған кезіміз ғой.

- ?!

Жаңадан үйленген жігіттердің әнігімесі:

- Осы сен балаңның қай күні дүниеге келгенін қаламайсың?

- Әрине, 29 ақпанда.

- Неге?

- Енді балаңның туған күнін төрт жылда бір-ақ рет тойлау масқара ғой. Ал сен ше?

- 15 сәуірде.
- Неге?
- Ол күні қайын енем туған.

* * *

Директор әйел қарамағында істейтін күйеуіне:

- Бүгін үйге ертерек қайтып, тамақ істеп қоюды ұмытпа.
- Мен осы кімін, сенің күйеуіңмін бе, жоқ па?
- Үйде күйеуімісің, жұмыста жұмысшымысың. Басты қатырмай, бар! Тапсырманы орында!
- Қап, кешке үйге келерсің!
- Сен де ертең жұмысқа қайтып келеріңді ұмытпа!

* * *

Әйеліне қатты ашуланған күйеуі кішкентай баласына келіп:

- Балам, мен кімін?
- Әкемің.
- Ақымақ! Мен – қоғам қайраткерімін.
- Ана жатқан кім?
- Анам
- Ақымақ! Ол – үйкүшік, «бездельница». Түсіндің бе? Ал айта қойшы, мен кімін?
- Ақымақсың.
- ?!

* * *

Бастығы қызметкеріне:

- Сенің осы арақ ішпей жүретін кезің бола ма?
- Болады.
- Қашан?
- Сенбі мен жексенбі.
- Сонда қалай?
- Ол күні әйелім үйден шығармай қамап қояды.

* * *

Полиция саудагерге:

- Осы сен арақ сатасың ба?

- Жоқ.

- Неге сатпайсың?

- Ол үшін сіз жауапқа тартасыз ғой.

- Тартпаймын.

- Онда айыппұл саласыз.

- Жоқ, мен арақ алам.

* * *

Екінші дүниежүзілік соғыс бітіп, орыстар жапондықтарға жылжиды. Жапон офицері қолбасшыға:
- Бас қолбасшы, орыстар өлген-тірілгеніне карамай, «уралап» жүгіріп келеді.

- Жүгірістері қалай тұзу ме?

- Жоқ. Немістермен соғыста әбден машықтанып алса керек, жыланша ирелеңдеп жүргенде оқ тигізер емес.

- Онда берілеміз.

- Түсінбедім?

- Түсінбейтін несі бар. Олар бәрібір жеңбей қоймайды.

- Қалайша?

- Өйткені, олар – удай мас.

* * *

Журналист түннің бір уағында жедел жәрдемге хабарласады:

- Алло, дәрігер, өтінемін, тезірек жетіңізші! Қызым қаламсабымды жұтып қойды.

- Астапыралла, не дейді? Енді не істеп отырсыз?

- Не істеуші едім, лаж жоқ, қарындашпен жазып отырмын.

Ішіп келген журналист әйеліне:

- Бүгін бізде кім қонақ болғанын білесің бе?

- Кім?

- Анау «Пәленше» деген ақиық ақынның өзі болды. Біздің газетке өлеңі шықты. Соны жудық... Ық... ық...

Ертесіне тағы ішіп келеді.

- Бүгін «Түгенше» деген ақберен жазушының әңгімесі шықты. Соны жудық... Ық... ық...

Келесі күні тағы ішіп келген күйеуіне:

- Тағы да, ақын-жазушыларың келді ме?

- Жок, енді өзімнің әңгімем шықты... Ық... ық..

- ?!

Журналистің әйелі күйеуіне:

- Осы сендер жұртқа баспасөз бетінен «арақ ішпендер» дегенде бәледейсіңдер. Ал, өздерің неге ішесіңдер?

- Күйіктен.

- Қайдағы күйік?

- Ақылымызды алмаған соң, күйеміз де.



АЛТЫНШЫ БӨЛІМ



Балаларға —
балқаймақ

*шымшымалар,
мысалдар*



ӘРІП ҮЙРЕТУ (нарық әліппесі)

- Ал, балам,
Жасың 7-ге келді.
Енді сабаққа барасың,
Жақсы оқысаң,
«С» деген баға аласың.
Мен де сонда сені жақсы көрем,
Не қаласаң,
Бәрін әкеп берем.
Ал, енді
Біраз сөзбен таныстырайын,
Жөн болар, білгенің әріп жайын.
Міне, мынау «А» болады.
Яғни, «алтын», «асыл», «ақша»,
Бұларды кім мол тапса,
Мықты азамат болады,
Түбі сол адам оңады.
Ал, енді мынау «Ә» деген...
Не бар еді, Құдайым-ау?
Айтпақшы, «әкім» скен.
Ол да бір, балам, зор кісі.
Мықты болады оның ісі.
Енді «Б» дегенің –
«Байлық» қой.
Кім бай болса,
Соның тамағы тоқ болады.
Киімі көк болады,
Қайғысы жоқ болады,
Осы жағын біліп қой.
Әрі қарай қарай қай әріп еді.
Әй, құрысыншы, жетер енді!
Бола бермейінші арам тер,

Басқасын мұғалімнің үйретер.
Сол үшін ол
Ақша алады ғой.
Бұны да, балам, біліп қой.

БИЗНЕСКЕ БАУЛУ

Балам, әріптерді білесің бе?
Енді ер жеттің,
Дайындал мына өмірмен күресуге.
Біле білсең,
Бізге «Оқы, оқы және оқы!» деп,
Қақсап келді.
Себебі, білімсіздер «ақсап» келді.
Ол кезде білімсіздер оңбайтын,
Кеудесін керіп те жүре алмайтын.
Ал, қазір рахат қой.
Оқымай-ақ адам боласың,
Зыр жүгірсең, оңасың.
Бүгінде оқымыстылардың есі жоқ
Не ішерге асы, не киерге киім жоқ.
Жүрген бір бейшара,
Әйтеуір рухани тоқ.
Оларға не дерсің?!
Өздеріне жақсы болса, жүре берсің.
Ал, біздер өйтпейміз,
Жүгіріп жүріп,
Тірлігімізді күйттейміз.
Мәселен,
Мен бір мекемені басқарам,
Сол үшін де қыруар ақша алам.
Өзім ашқан фирмам бар,
Яғни, жекеменшіктің.

Не екенін білесің бе, жекеменшіктің?
Жарайды, өскесін бәрін білетін боласың,
Өйткені, сен болашақ қожасың!
Сондықтан осы кезден,
Өз ісіңе тас-түйін бол.
Ешкімге есе жіберме,
Саған айтар ақылым – сол!
Әйтпесе, байлығың
Тістегеннің аузында,
Ұстағанның қолында кетеді.
Сөйтіп, түбіңе
Білместігің жетеді.
Кейінірек санауды да үйретем,
Қайтсем де сені миы етем!
Ал, қане,
Бастайық сабақты.
Кел, отыр қасыма,
Кейін ішерсің тамақты.
Мына әріпті білесің бе?
Бұл «А» болады.
Яғни, «Агдам» деген арақ.
Жалпы, біздің сабак
Сол араққа байланысты.
Айтқанымнан шықпай,
Айдзуыма көн.
Мына заманда
Арақтың атын білген жөн,
Бітірерсің сонда мың істі.
Бүгінде арақ –
Өтімді тауар,
Барлығы оны алар.
Жарайды, әрі кеттік
Келесі әріп «Ә» болады,
Бұған тоқталмаймыз,

Себебі, ол жатып ішер жан болады.
Сонан кейін «Б» болады.
Яғни, «Бормотуха»,
Оны маскүнемдер ішеді.
Сен оған жолама,
Қадірің бірден түседі.
Сонан соң «В» – «Вермут»,
Оны алуға болады
Өтімді тауар – құт.
«Г» – «Горбачев»,
КСРО президентін білесің бе?
Бұның оған қатысы жоқ,
Зато, пайдасы көп.
«Г» әрлін аттап өтейін,
Арақтың ағы жоқ қой.
Тоқтамай-ақ кетейін.
«Д» – «Дагестан»,
Бұл арақ та жаман емес.
Бірақ оған да тоқталмаймыз,
Өйткені, ол өтімді тауар емес...

* * *

Осылайша әкесі есіп отыр,
«Коммерсант боласың» деп бөсіп отыр.
...Ал түкке түсінбеген баласының
Көкейін ұйқы тесіп отыр.

БОЛАШАҚ БАЛА

- Папа-ау!
- Ау, балам.
- Анау не?
- Ол мектеп қой.
- Мектеп?
- Иә, мектеп.
Кішкене өспі, еггеп,
Келер жылы сонда барасың,
Он жыл оқып, білім аласың.
Сонан соң институтка түсірем!
- Онда не істеймін?
- Бес жыл оқысың,
Зердеңе білім тоқисың
- Папа-ау.
- Ау.
- Бірдеңе айтсам,
Ұрыспайсың ба?
- Жо-жок, құлыным,
Саған ұрысқанша,
Неге жұлынбайды менің жұлыным.
- Менің оқығым келмейді.
- А, не дейді?!
- «Оқығым келмейді» деймін.
Одан да рәкет болам.
«Мерседес» мініп,
Әй-әй әйел алам.
- Не, ғалым болғың келмей ме?
- Ғалым?!
Ол кім?
- Ол – мына мен,
Сенің әкең!
- Жо-жок!

Мен сіз сияқты болмаймын.
Керегі жоқ,
Оқуыңа бармаймын.
- Неге?
- Себебі, сен жаяу жүресің.
Тек үй мен жұмысты ғана білесің
Ал, рэкеттер өйтпейді,
Әдемі мәшине мініп жүйткіді.
- Қой, қой, балам,
«Жақсы сөз – жарым ырыс»,
Рэкет дегенің –
Атыс-ұрыс.
Ал сен болсаң,
Азамат болуға тырыс!
Жарай ма?

* * *

Осы жерде әкесіне өкпелеп,
Бұртиып қалды бала.
Заман солай болса, не шара?!.

ӘКЕ МЕН БАЛА

екінші түрі

- Папа-ау!
- Ау.
- Анау не?
- Ол ма, ол – кафе.
- Онда не істейді?
- Тамақ ішеді.
- Сонан соң?
- Сонан соң арақ ішеді.
- Сонан соң не істейді?

- Қызарып мастанады,
Көлгірсіп мақтанады.
- Сонан соң?
- Сонан соң не болушы еді –
Төбелес басталады.
- Папа-ау...
- Ау.
- Кафе жаман ба?
- Жаман деуге болмайды,
Бірақ оны көп жағалаған
Адам оңбайды.
- Папа-ау...
- Ау.
- Анау не?
- Ол ма, ол – казино.
- Казино?
- Онда не істейді?
- Ойын ойнайды.
- Кімдер?
- Кімдер болушы еді – үлкендер.
- Сіз де ойнадыңыз ба?
- Ойнағанда қандай,
Ұтылдық қой талай.
Ақпаның салып бәрін,
Мүшкіл болған халім.
- Папа-ау...
- Ау...
- Мен де ойнайыншы
- Тәйт!
- Бұл райыңнан қайт.
- Неге?
- Ол – жаман ойын,
Жете бермейді оған ойын.
- Сіз сияқты папа болғанда,

Жұмысқа тұрып, миым толғанда,
Ойнауға бола ма?

- Болмайд.

Оны ойнағандар оңбайд.

- Сіз ше?

- Мен басында білмедім.

Енді міне, қалта тесік жүргенім.

- Папа-ау...

- Ау...

- Анау не?

- Ол ма, ол – сауна.

- Сауна?

- Иә, сауна.

- Онда не істейді?

- Шомылады.

- Кімдер?

- Үлкендер.

- Біз ше?

- Сендерге монша да жетеді.

Саунаға барған бала,

Бассейнге батып кетеді.

- Папа-ау...

- Ау...

- Тәтейлер де ағайлармен бірге түсе ме?

- Тәйт, қайдағы тәтей?

- Анау отырғандарды айтам.

- Ах, шайтан?!.

Ашуланған әкесі

Не дерін білмей алек.

Көзге түскенін сұрайтын

Балаға бір жауабы керек.

ЖҮБАТУ

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Әлди, әлди, ақ бөпем,
Бесіксіз-ақ жат, бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жылағанмен бола ма?
Жілік іздеп келейін,
Итті аңдып көрейін.
Тартып алып аузынан,
Өзіңе шағып берейін.
Қасарысып бермесе,
Аузынан бір тебейін.
«Арс» етіп ол тістесе,
Арыздығын істесе,
Нар тәуекел, көрейін!

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Сауысканнан сақ бөпем.
Бұрынғының баласы
Емуші еді құйрық май.
Не боп кетті, заман-ай?
Мынау – міне, резеңке,
Еме бер, тек «шыр» деме.
Қузты жоқ бірақ та,
Алдамшы ғана бірдеңе.

Әлди, әлди, әлдіім,
Болмай отыр жай-күйім.
Саған берер сүтім жоқ,
Маған да еш күтім жоқ.

Өкпелеме сондықтан,
Көре бер бұның барлығын,
Бүйірді қысқан нарықтан.

ЕСЕП БІЛМЕГЕН – ЕСЕК

- Бадыққезов!
- Мен.
- 1-ге бірді қосшы.
- Екі.
- Ой, молодец!
- Отыр, 5!
- Сужұқпасов!
- Мен.
- 3-ке үшті қосшы
- Бес.
- Өй, кеңкелес!
- Дұрыс емес.
- Мәселен, сенде 3 алма бар,
Жаныңдағы Қасым,
Санап сені досым,
Тағы 3 алма берді.
Сонда қанша болады?
- Алма қолыма толады.
- Толғанын емес,
Санын айт деймін.
- Жеті.
- Отыр, 2!
- Бөксебаева, қане, сен айта қойшы!
- Әпкей, Қасым маған алма бермейді.
- А, не дейді?
- «Алма бермейді» деймін.
- Қайдағы алма?

- Сіз айтқан 3 алманы айтам.
- А, ол – жай мысал ғой.
Жарайды, саған 3 алманы
Жанар берсін.
3 алманы Анар берсін.
- Әпкей, Жанар берсе де,
Анар бере қоймас.
- Неге?
- Өйткені, ол өзі
Қанша жесе де тоймас.
- Мейлі, бермесе, бермей-ақ қойсын,
Өзі-ақ жеп тойсын.
Мен саған басқа мысал айтайын,
Ал, сен болсаң,
Түсініп ал сөздің мәні-жайын.
3 алма менде болсын дейік,
3 алма сенде болсын дейік,
Екеуміз де Ерікке берейік,
Кәне, қанша болғанын шешіп көрейік.
- Әпкей, мен Ерікке бермеймін.
- Неге?
- Өйткені, ол мені ұрад,
Үзілісте шашымнан тартып қуад.
Одан да Серікке беремін.
- Әпкей, маған керегі жоқ.
Қарным тоқ.
Үйде онсыз да алма көп.
- Әпкей, онда маған берсінші!
- Менің де жегім келеді.
- Жә, шуламаңдар!
Бәріңе береді.
- Жо-жоқ, әпкей,
Өзім-ақ жеймін.
Өзімнің де жегім келеді.

САНАМАҚ

Бас бармақ,
Жұмыс сенен басталмақ,
Базарға тез барып қайт,
Орыс арағын алып қайт.
Таза екеніне көз жеткіз,
Айқайласып сөз өткіз.
Әйтеуір қайтсең де,
Арзанға алуға тырыс.
Мейлі ұрыс, мейлі жұлыс.

Балалы үйрек,
Қашанғы жүресің билеп,
Кіре ме өзіңе ес?
Алсам ба екен түйреп?!
Әй, бірақ түбі сен,
Коммерсант боларсың.
Болсаң бол,
Бәрінен озарсың.
Ортаң терек,

Бойың ерек,
Ойың таяз,
Доп қуалап жүрсің әлі,
Сен спортшы болсаң — жақсы.
Бола алмасаң...
Әй, құрысын бәрі!
Сен одан да дәл қазір,
Дүкенге зулап барып қайт.
Түрлі-түсті шараптарды,
Шетелдік небір арақтарды
Мына ақшаға алып қайт.

Шалдар шүмек,
Сен жүзсүмек,
Сар болган гой басма.
Кутук-сүмүк үрөсүбөйсө,
Үчүнө күрөң де кысма.
Бя, жарыды, шылдыңа бар,
Аме, аме,
Ауунада айна,
Жогалган айна, кара басма,
Корискүсүн сатып ал.

Кинжикс бабек,
Сені сүркөп,
Оттошук, түрө гой.
Шалденелди бе,
Ишсе, ише,
«Шамкентский» сыра гой.
Айналайын, аси балам
Айналайын өксөдө.
Сошмактап да жаксы көрөм
Бир мүнөткө эңерем!

МАЗАҚТАМАЛАР

Сенан тамак ишейді,
Анасы болса «иш» дейді,
болмаған соң мешкет
«Тамак иш» деп күнтейді.
Сонда да Сенан ишейді.

Сенет болса, қашпайды,
Тамағын ишпн тастайды.
«Ае = аламын ардауы»,
Үлкен іске бастайды.

Санағи бидің — жұмағың,
Сөздің бидің, тіл алғың.
Нұрсан жылай берсең,
Қаи оны жақсы көреді?

БӘНЕШІМ

Той-той басқан, бәнешім,
Той-той басқан, келші сен.
Кәтерін аң көкешін,
Ойнатады, сенші сен.

Былдыр-былдыр етесін,
Түсінбей әлек көкешін.
Кәтерейін десем мен
Неге қашып кетесін?

ОСЫ ДҰРЫС ПА?

Қанат тілді алмайды,
Топыраққа нунайды.
Күн сайын бір сылтаумен,
Балабақшаға бармайды.

Тазадықты білмейді,
Үсті лезде кірлейді.
Күні бойы дон ойнап,
Үйге де еш кірмейді.

Кешке қарай қалжырап,
Басы түсіп, салбырап,
Қанат үйге қайтады,
Үйқысы кеп маужырап...

ИТ ПЕН МЫСЫҚ

ертегі

Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жүні бөртеде,
Қырғауыл жүні қызылда,
Құйрық жүні ұзында,
Ит пен мысық дос бопты,
Көңілдері бос бопты.
Басқа аңдар оларға,
Маза бермей, өш бопты.
Осындай заман өтіпті,
Бірге туған Қасқыр да,
Итті көрсе, қалшылдап,
«Аулақ жүр!» деп зекіпті.
Мысығың да мәз емес,
Оның да жауы аз емес.
Арғы атасы Жолбарыс
Көрсетпепті қолғабыс.
Үйірінен қуылып,
Туыстардан суынып,
Ит пен Мысық жүргенде,
Кездесіпті бір жерде.
Бірінші Мысық қиылып,
Салем беріпті іліп:
- Сәлеметсіз бе, Төбетім!
Сен десе жағын беретін,
Мысықпын ғой мен, - депті, -
Өзінді жақсы көретін.
Естігенде бұл сөзді,
Ит құлағына сенбепті.
- Аңның бәрі маған өш,
Қалай
Жақсы көресің сен? – депті.

- Ақымақ барлық аңдарын,
Шығардым мен жандарын.
Қолды сілтеп бәріне,
Өзіңді ғана таңдадым.
Сертіме мен берік ем,
Дос болайын сенімен, -
Деп мысығың айтыпты, -
Өзіңді іздеп келіп ем.
Естігенде бұл сөзді,
Итің қатты қуанды.
Құшағын жайып мысыққа,
Дос болуды құп алды.
Содан бері скеуі
Бірге күнін көреді,
Тапса егер тамақты
Екіге тең бөледі
Бәле жоқ деме бірақ та,
Алда екен сынақ та.
Ауырып қалған Итіңді,
Мысық
Тастап кетті жыраққа.
Адам оған жолығып,
Аман қалды төбетің.
(Жарығы бар екен көретін).
Қашып кеткен мысығың
Тамағын тауып жей алмай,
Халге жетіпті өлетін.
Оны да адам көріпті,
Үйіне әкеп, сүт беріпті
Осы кезде мысыққа,
Итің тап беріпті.
«Қой!» дегенге тыңдамай,
Шабаланып, тәніпті.
Ашуланған иесі

Итті қуып шығыпты.
- Үйге енді кірме, - деп,
Далаға үйшік тігіпті.
Содан бері төбетін
Қас болыпты мысыққа.
Дос болатындай бірақ та,
Қасиет бар ма мысықта?

P.S:

Қол алысып, балалар,
Көңіліңе көңіл қос.
Қанша қиын болса да,
Тастамау керек нағыз дос.

ҚИЯЛ

Бұзау үстіне мініп ап,
Шапқым келіп кеткені.
Қасына барып мен жәйлап,
Үстіне мінсем – біткені.

Астымдағы бұзауым
«Арғымақ» болып кетеді.
Айшылық алыс жерлерге,
Бір-ақ күнде жетеді.

Алпамысша айбарлы,
Жауларымды шабамын.
Ақырында жеңіп мен,
Аруымды табамын.

Елге ораламын олжалы:
Күміс теңге, алтын бар.
Байлығымды қолдағы
Таратып берер халқым бар.

... Осылайша қиялдап,
Қарғып міндім «атыма».
Бұзауым болса, мөңкіп қап,
Жалп еткізді тақырға.

ЖЫЛ ҚАЙЫРУ

1. Тышқан
Құлақтары қылтнып,
Тышқан келді тымпынып,
Арпа менен бидай тұр,
Екі ұртында бұлтнып.

«Ас атасы – нан» деген,
Тілегінді қосыңыз.
Арпа, бидай, дән жеген,
Тышқан – біздің досымыз!

2. Сиыр
Сиыр келді мөңіреп,
Шөп салындар тезірек.
Айран мен сүт, балқаймақ,
Ол да берер көбірек.

«Ақ мол болсын» десек біз,
Сиырды күтіп баптайық.
Жем берейік бір уақыт,
Ел үмітін ақтайық.

3. Барыс
Тауда өмір сүретін,
Қарлы шыңда жүретін,
Барыс келді, балалар,
Қадірін қазақ білетін.

Жыл болсын деп табысты,
Қолға алайық бар істі.
Қазақтардың символы –
Қарсы алайық Барысты!

4. Қоян

- Сәбіз, сәбіз, сәбіз, - деп,
Қоян да міне, жетіпті.
Сәбізді түнде ұрлап жеп,
Құлағы өсіп кетіпті.

Үркек Қоян, сужүрек,
Қорықпағын, батыл бол!
Бізден де бар бір тілек –
Шықсыншы биыл егін мол.

5. Ұлу

Келді міне Ұлуым,
Қарашы, оның тұруын!
Кіп-кішкентай болса да,
Төгіп тұр ғой жылуын.

Бейбіт сүйер жәндігім,
Шуақты болсын әр күнің.
Аспанды бұлт торламай,
Бақытты болсын бар Құлын!

6. Жылап

Жылан келді жорғалап,
Аяқ-қолсыз обал-ақ.
Қайтпін күнін көреді,
Жіберейік қолдап-ақ.

Мүмкіндігі шектеулі,
Шет қалмасын жырақта

Өжет жылан, өр жылан,
Бізбен жүрсін бір сапта!

7. Жылқы
Желмен бірге жарысып,
Ауыздықпен алысып,
Жетті Жылқы, алақай!
Қойыңдар, қане, танысып!

Енді біз де саспаймыз,
Жарысудан қашпаймыз.
Қарғыш мініп пыраққа,
Бәрін артқа тастаймыз!

8. Қой
Қой да келді өреген,
Кезек күтіп жөнімен.
Өрісіміз толады
Төрт түліктің төлімен.

Сүп-сүйкімді қошакан,
Ойнақтасын асыр сап.
Аман болсын «Жас Отан»,
Аман болсын жас ұрпақ!

9. Тауық
Жұмыртқа ма, Тауық па,
Бірінші келген өмірге?
Бұл жұмбақты шешіп көр,
Достарыңмен сен бірге.

Қайтейік бас қатырып,
Екеуін де қоя тұр.
Әтеш келді шақырып,
Келді міне, Тауық жыл.

10. Мешін

Маймаң басқан жүрісі,
Шиқылықтап күлісі,
Бүлдіршіннен аумайды,
Бұртиып қалса тұрысы.

Сөйткен Маймыл маймандап,
Келіп қапты жайраңдап.
Нан мен банан берейік,
Мәз болсыншы тайраңдап.

11. Ит

Қасыңда ылғи жүретін,
Ызаланса үретін,
Иттен артық серік жоқ,
Қас пен досты білетін.

Ырыс алды – ынтымақ,
Ынтымаққа ұмтылмақ.
Бейбітшілік кепші –
Достықта тұр бар жұмақ!

12. Доңыз

Талпақ танау Торайым,
Төрлет сен де кел, айым!
Жыл қайырып, қорытып,
Бола берші көзайым.

Бердім міне, балалар,
Сендер санап жүрсін деп,
12 жылда келетін
Мүшел жасты білсін деп!

ЖЕТІНШІ БӨЛІМ



Жүз грамм әзіл,
қырық грамм қалжың,

*әзіл-қалжың,
арнаулар*



СЫҚАҚШЫ ТОЛЫМБЕК ӘЛІМБЕККЕ

- Тойған қозыдай томшып,

Екі бүйірі бұлтиып,

Келе жатқан бұл кім?

- Толымбек.

- Дұрыс.

Той болса да таң атқанша,

Күлдіреді көзіңнен жас аққанша

Бұл кім?

- Толымбек.

- Дұрыс.

Сахнада өз-өзіне сенімді,

Көтереді көңілді.

Бұл кім?

- Толымбек.

- Дұрыс.

Аңдамасаң,

Сөзіңнен тосып,

Жібереді осып.

Ол кім?

- Толымбек.

- Дұрыс.

Жаңылмаған жағы...

- Таптым, таптым!

Толымбек қой тағы!

- Дұрыс.

Ұстазым жайлы

Жазғаным дұрыс,

Бітті бір іс.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН
ҚАЙРАТКЕРІ, ЖАЗУШЫ
КӨСЕМӘЛІ СӘТТІБАЙҰЛЫНА

Еңбек жолын
Аудандық газеттен бастаған,
Қалаға келіп,
Телернаны көріп,
Төселе түсті жас қалам.
«Ақ жолға» барып,
Жігерін жанып,
Онда да істеп тастаған.
«Жас Алашқа» кіріп,
Жүгіріп жүріп,
Еңбек еткен, саспаған.
«Егеменге» тұрып,
Ел қадірін біліп,
Әділдіктен аспаған.
Үкімет пен халық
Алтын көпір салып,
Көтерген көп мәселе
Жүзеге асты
Көсемәлі бастаған.
Енді міне, Ас болып,
Өз ісіне тас болып,
Құлпыртып-ақ жіберді,
Ақжолтай газет –
«Ақ жолға» Бас болып.
Көпшіліктің көкейіндегіні басқан дөп,
Жүргені үшін елдің қамын жеп.
«Сыйға – сый, сыраға – бал» деп,
Облыс әкімі жоғарыға ұсынды,

Елбасы оны түсінді,
«Еңбек қайраткері» атағын берді.
Енді,
Алдағы уақытта да қуанта бер елді.
Жақсылықтың жаршысы,
Сүйіп оқыр бар кісі,
Ақ жол тілеп бәріне,
«Ақ жол» барсын әр үйге!

СЫРШЫЛ АҚЫН ҒАЙНИ ӘЛІМБЕКҚЫЗЫНА

Ғайни деген кім?
Бағасын берейікші шын.
Ең бірінші – тілші,
Бойында жоқ мін.

Халықтың саулығын тілеп,
«Ақ тілекте» жүр ед.
Эфирге шыққан сайын,
Құлпырып кетер гүл ед.

Нәзік жанды қимадың,
Қыз-келіншектер жинадың.
«Айша-бибіге» шығарып,
Керемет хабар сыйладың.

«Айна» шықты тағы да.
Өр тұлғалар бағына.
Күтетін болды көрермен,
Апта сайын сағына.

«Жүрегімдесің менің»
Кітабың шықты сенің.
«Қарлығаш» пен «Ақша бұлт» –
Төккен маңдай терің.

Бағалап сені халық,
«Сыршыл ақын»
Атанғаның анық.
Оқып жүр ел құныға,
Жырыңды іздеп тауып.

ЕЛУГЕ КЕЛГЕН ЕРМАХАН ШАЙҚЫҒА

Ердің жасы – елу,
Елу деген – елге есеп беру.
Ермахан да өсті,
Енді міне, өткізіп жатыр
Шығармашылық кешті.
Демек,
Ол да бастағаны ғой көшті.
Түркістаннан түлеп ұшқан Ерекен,
Шын мәнінде, ер екен.
Ал ол қалай бастады жолды?
Бәрі көз алдымызда болды.
5 жыл барып журфакқа,
Ақыры өз дегеніне жетті,
Қаз МҰУ-ге түсіп кетті.
Содан Қожакеевтен дәріс ап,
Сын-сықақ жаза бастады жата қап.
Бармаған тақырыбы қалмады,
Сатираның барлық жанрын қармады.
Қара сөзбен де, өлеңдетіп,
Жаза берді төпелетіп,
Әзіл, оспақ, әжуа,
Интермедия, скетч,
Қазақи қалжың, хикая,
Тағы да не бар еді, о, тоба?!
Шайхының шайыры
Қалай, қалай жортады, ә?!
Барлығы да керемет,
Тек лирика жазуы керек ед.
Айтпақшы,
Ұмытып барады екем-ау,
Ерекен ол тақырыпқа да барған екен-ау.
5 курстың аяғы,

Ерекең Алматыда
Аты шыққан асаба еді баяғы.
Той жүргізуге Түркістанға келіп,
Меккенің ару қызы
Күләйшаны көріп,
Ғашық болып өліп,
Жазған өлеңі бар еді,
Бар сезімін беріп.
Онысы қалай шықты,
Бағасын бере жатар ақындар мықты.
Ал ең бастысы, Күләйшаның жүрегін түртті.
Осылайша, дипломды қалтаға салып,
Түркістанның ару қызын алып,
Жігеріп жанып,
Өндіре жүрген жазып,
Ерекең біздің Ер екен!

P.S:

Бергенінен берері көп,
Үміттенеміз осылай деп.
Сондықтан да жаз, жаза түс тағы да,
Сын-жебең ондыққа тисін дөп!
Осыменен сөзім тәмам,
Ең бастысы, болсыншы
Ермахан досым аман!
Ол жүре берсе,
Біз күле береміз.
Ал күле берсек,
Ұзақ өмір сүре береміз.
Күлдіре бер, досым!
Шын тілегім – осы!

ҮНДЕМЕ, СЕРІК, ҮНДЕМЕ!

*Шіркеу салған сүңгіден,
Көк аспаным шұрқ тесік.
...Отырам ба намазға,
Шоқынам ба қайтемін?!.*

Серік Томапов.

Үндеме, Серік, үндеме!
(Оңай емес бізге де).
Көк тіретен креске
Көз жұмайық, дым деме!

Шұрқ тесілсе аспаның,
(Аман болсын жас жаның).
Шіркеуге бар шоқын да,
Тілеуін тіле басқаның.

Ораза-намаз тоқтықта,
Не қыласың жоқтықта?
Шіркеуге шеру тартайық,
Кәпірлерің көп мұнда.

Кришнаға кіргендер,
«Крышасы» кетті дейсің бе?
Иеговаға барғандар,
Имансыздар дейсің бе?

Өз елі, өз жерінде
Ашқұрсақ жүрсе не дейсің?
Қалың елім, қазағым,
Аман болсын дегейсің.

Үндеме, Серік, үндеме!
Қайғысыз бізді жүр деме.
Еңсесі төмен мешіттің,
Оңай емес бізге де...

**«АЛАШ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ,
ЖАЗУШЫ
ӘЛДИХАН ҚАЛДЫБАЕВҚА**

Жас жеткіншек бағбаны,
Көп қой оның жазғаны.
Болашақтың қамы үшін,
Әлі де жазу – арманы.

Тараздың ол тарланы,
Биікке тек самғады.
Бар ғұмырын жазуға,
Балаларға арнады.

- Алақайлап, алақай!
Қуанып жүр балақай.
Тағы шыққан бір кітап,
Тарап кетті талапай.

Қолдан қалам түспесін,
Құдай сізге күш берсін!
Балақайлар сағына,
Күтеді жинақ тағы да.

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР БОЛАТ ЖАПАРОВҚА

Бөке-ау,
60-қа келген қалай екен?
Көке-ау!
Мен көргенде сіз жас едіңіз,
Бақыт пен шаттыққа мас едіңіз.
Жазуда ешкімге жол бермедіңіз,
Әкімдердің өзіне қол бермедіңіз.
Әзіл-әжуа да жазып,
Сын-сықақты қазып,
Қаламдастарды қарқ қылдыңыз,
Күлкіге көміп жүрдіңіз.
Ақтың ішінде,
Ақаң болмаса,
Қымыз бен шұбатқа «пас» едіңіз
Қыздарға қырғидай тиіп,
Өліп-өшіп сүйіп, күйіп.
Үйге келгенде
Күләй жеңгеміз
Алушы еді түйіп-түйіп.
Ал енді,
Аузыңызда – Алла,
Қанағат етіп барға,
Жүрмейсіз солға,
Досыңыз болды молда.
Міне, осыны біліп,
Болмасын деп еш күдік,
Нұртілеу* ағамыз
Берді тәспі мен Құранды,
Елге жар қылып!

*Нұртілеу – журналист Нұртілеу Исламалыұлы

«Бисмиллә-рахман-рахим»,
Сыйлықтың білерсің нарқын.
Шын сопы болдың,
Қуә енді халқын,
Жүзің болсын жарқын!

**«БАРЫС» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ
СЕЙІТХАН ЖОШЫБАЕВҚА**

«Қайыңда бар мың жүрек,
Адамда бар бір жүрек»,
Одан ақау шықса сгер,
Опырылып құлар мың тілек.
Оған сіз жол бермейсіз,
Ота жасап емдейсіз.
Неткен ғажап, керемет,
Сезген оны Президент.
Қадіріңізді білсін деп,
Жарқырап сізді жүрсін деп,
Омырауыңызға тақты орденді,
Халқым аман тұрсын деп.
Кеудеге таққан «Барысты»,
Сіз үшін де, біз үшін,
Өткен жыл болды табысты,
Клиникаңыз ашылып,
Қуанысып ел қауышты.
Өлімге еш қимаған,
Адамға өмір сыйлаған,
Сізде бар тағы мың тілек:
- Аман болсын бар жүрек!
Бізде де бар бір тілек:
- Аман тұрсын сол жүрек!
Сок, сок, жүрек,
Сом жүрек!

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҒЫШ ЖІГІТ СҰЛТАНЫ ҚҰРМАНҒАЗЫ ДЕМЕШКЕ

Құрманғазыны біту үшін,
Өміріне үңілейік,
Жүріп өткен жолына жүгінейік.
Жамбыл ауданы,
«Өрнекте» дүниеге келіп,
Бала Құрманғазы дана Құрманғазы
Атанғысы келіп,
Домбыра қолына алған,
Өлең айтып,
Алматыға барған.
Басына бақ қонып,
Тұңғыш жігіт сұлтаны болып,
Ауылға абыроймен оралды,
Құшағы гүлге толып.
Ары карай,
Белесті алды ғой талай.
Әлімқұловтан бата алып,
Ақын-журналист атанып,
Өлең де жазды өрітгіп,
Таң-тамаша сапалық.
Түлкібаста тұрып,
Түлкібаста жүріп,
Жинақ та шығарды
Түлкібас жайлы
Тарихы тұнық.
Оралып Жамбыл жеріне,
Оралып туған еліне,
Көзге түсті ісімен,
Оның сенің, менің де.
Халықтан бата алып,
Депутат атанып,

Театрда ас болып,
Өз ісіне тас болып,
70 жылдыққа тағы да,
Кітап шығарды
Бас болып.
Өрге басып ісі,
Балаларға кіші
Ертегі жазды енді,
деп «Аюдың түсі»!

P.S:

Болды, болды, жетер,
Соза бермей бекер,
«Тфә-тфә»дейік,
Көз тиіп кетер.

ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ ЕРМАХАН ЫБЫРАЙМОВҚА

Атлантаға барып ең,
Қола медаль алып ең.
Іште кеткен қыжылды,
Жаттығуға салып ең.

Сиднейге аттанып,
Барып едің баптанып,
Алтын алқа тақтың да
Қайттың елге шаттанып!

Қазағың тұр аспандап,
Жастар қалай жасқанбақ?
Олимпиадаға апарар
Алтындалды баспалдақ!

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ ЖАСУЛАН ҚЫДЫРБАЕВҚА

Зілтемірді көтеру
Зінгіттей жігіттерге жарасар,
Қазақ қашан шығады,
Чемпиондыққа таласар?
Жігіттер қайда апайтөс,
Қамырша темірді илеген?
Ұсақталып кетті ме,
Қажымұқан, Балуан шолақ
Ұрпақтары шынымен?
- Бар екен, бар! Сүйінші!!!
Жасұланым, жарадың!
Чемпион болып, бірінші!
Қасқайып тұр, қазағым!!
Әнұранымыз асқақтап,
Кеудені қуаныш кернеді.
Көк туымыз аспандап,
Көкке қарай өрледі.
Тараздық жігіт, тарланым,
Алтыннан да қымбат салмағың.
Олимпиада шыңын бағындыр,
Барша қазақтың
Орындап енді арманын!

ДОСТАРЫМ МЕНІҢ, ДОСТАРЫМ!

*ҚазМУУ-ді бітіргенімізге 20 жыл толуына
орай жазылған әзіл-өлең*

Достарым менің, достарым,
Сендерді мен қоштадым.
Өздеріңді көргенде
Әзілімді бастадым.
Так,
Ең бірінші, куратор
Бауыржанға жақ.
Ғалым ғой ол бүгінде
Көңілін оның тап,
Бірақ болу керек сақ.
Жақыпов мырза
Бізге болып ырза,
Шашау шығармай
Алып шықты,
Оған бас иеміз ұл да, қыз да.
Ары карай кеттік,
Қаныбек келмеген соң,
Оны аттап өттік.
Екінші староста – Аяпберген,
Бізге шал боп келген.
Сол шалымыз бүгінде жігіт!
Оны көріп,
Мысымыз басылып, тұр құрып.
Соған қарағанда,
Жеңгеміз мықты ғой,
Қасиетін қояйық біліп.
Ғұбайдуллин Бауыржан!
Бүгінде толған,
Атқа қонған,

Айың туа берсін оңнан,
Ғабит!
Бүгінде ол – тарлан!
Президент сыйлығын алған.
Әлі жігіттер Ғабана сенед.
Себебі, Мүсірепті барлық қазақ
Жақсы көред.
Ғазиз Тастаев!
Отыр ортамызда қасқайып.
Өзі сол қалпы,
Бірақ басынан
Кетіпті ғой шаш тайып.
Айнабай!
Тойыма жалғыз келгені-ай,
Есімнен мәңгі шықпайды,
Сол үшін де «Ал, давай»!
Бақытбек!
Сен де арттырып едің мерейді,
Қарындасыңды іздеп кеп.
Ермахан Әбдіраман!
Сенің кейіпкерің – Бақытжан,
Елге мені таныттың,
Ризамын ғой мен саған!
Жолдасбек Шөпегүл –
Атыраулық алтын ұл.
«Егемен» – ел газеті
Қалірін, достар, оның біл.
Қуандықов Ерлан!
«Честь» береміз саған,
Сен ғой бірінші боп,
Полковник алған.
Сыйлаймын Бәкен – Қосбармақты,
Бір емес,
Екі кітабымды шығардың.

Өзгелерге қайдам,
Өзім үшін салмақты.
Серғалиев Асқар!
Қызметі – «Хабар».
Сюжеті мықты,
Халық көңілін табар.
Ортамызда тұрған –
Тілеуке мен Нұржан.
Бұлар да осал емес,
«Шығыс-медианы» құрған.
Үйғыр менің достарым,
Барлығыңды қостадым,
Әлімжан мен Мінәмжан
Жоғарылаңдар, өс бәрің!
Қыздарым менің, қыздарым,
Мен үшін сендер – гүл – бәрің,
5 жыл ашқұрсақ болып жүргенде,
Макарондарыңның ұмытпаспын дәмін.
Барлығыңды жақсы көремін!
Сендер үшін «өлемін».
Жігіт басыммен иіліп,
Сәлемімді беремін!
Бүгін кеттім,
Аман болсам, 30 жылдыққа тағы келемін!!!

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ МЕН ДЕ БІРДЕҢЕ ДЕЙІНШІ...

Үшем	4
«Базар жоқ»	6
«Абырой емес, атақ-намыс емес, табыс керек»	9
Әлемдегі әділ сот жасасын!	11
Тең – теңімен, тезек – қабымен	15
немесе мен Ұлыстың ұлы күнін	15
қалай қарсы алдым?	15
Байлар да жылайды	18
Тойдың әлегі	20
Сатылған жер, сорлаған ел	24
Кәкүр-шүкір	25
Ауырсаң, арам өлесің	26
Құдайдың қаһары	29
«Мен де бірдеңе дейінші»	31
Ерін туралы ертегі	33
Біз – тараздықпыз!	36
Мәриә бізге келе ме?	39

ЕКІНШІ БӨЛІМ ҚОҒАМНЫҢ ҚОТЫРЫН КІМ ҚАСИДЫ?

Өлім мен өмір	42
Деликатес	45
Шапка	46
Әннің әлегі	49
Мамандықты бөлу	51
Арақ жүрген жері – азап	54

ҮШІНШІ БӨЛІМ
КҮЛЕСҢ БЕ, ЖЫЛАЙСЫҢ БА?

Халыққа есеп беру	58
Итпен ит болған заман	61
Қораз бен Тауық	64
Теңгеге көңіл айту	66
Жер берші!	67
Үш тілділік	69
«Қайран, тілім қор болды-ау!..»	71
...ит	72
Төбет пен Күшік	74
Ауыз бен Асқазан	76
Гендерлік саясат	78
Бейімбет Майлинше	80
Есеп беру	81
Тойдың әлегі	82
Жұмысқа алу	85
Ұшты, ұшты	87
Домбыра мен скрипка	88
Түрмеге түсіп қалғаны	90
Қызғыш күс	92
Патша ағзам жарлығы	93
Әйелдер-ай, әйелдер!	95
Жар таңдау	95
Қыз қиялы	97
Арман қыздар - жалған қыздар	98
Несне той	100
Мода	102
Жол жыры	103

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ
ҚАЗАҚИ ҚАЛЖЫҢДАР

Қонақ күту	106
Серіктің Аббас-Шах атануы	108
«Ұлды жуу»	109
«Жүр, Бақытжан, моншаға»	111
Асекеннен «құтылу»	112
Жүрмейтін машина	113

БЕСІНШІ БӨЛІМ
ҚЫТЫҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?

Орыстар мен қазақтардың айырмашылығы.....	118
---	-----

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ
БАЛАЛАРҒА – БАЛҚАЙМАҚ

Әріп үйрету.....	126
Бизнеске баулу.....	127
Болашақ бала.....	130
Әке мен бала.....	131
Жұбату.....	134
Есеп білмеген – есек.....	135
Санамақ.....	137
Мазақтамалар.....	138
Бөпешім.....	139
Осы дұрыс па?.....	139
Ит пен мысық.....	140
Қиял.....	142
Жыл қайыру.....	143

ЖЕТІНШІ БӨЛІМ
ЖҮЗ ГРАММ ӘЗІЛ, ҚЫРЫҚ ГРАММ ҚАЛЖЫҢ

Сыдақшы Толымбек Әлімбекке.....	148
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Көсемәлі Сәттібайұлына.....	149
Сыршыл ақын Ғайни Әлімбекқызына.....	151
Елуге келген Ермахан Шайқыға.....	152
Үндеме, Серік, үндеме!.....	154
«Алаш» сыйлығының иегері, жазушы Әлдихан Қалдыбаевқа.....	155
Қарымды қаламгер Болат Жапаровқа.....	156
«Барыс» орденінің иегері Сейітхан Жошыбаевқа.....	157
Қазақтың тұғыш жігіт сұлтаны Құрманғазы Демешке.....	158
Олимпиада чемпионы Ермахан Ыбыраймовқа.....	160
Әлем чемпионы Жасұлан Қыдырбаевқа.....	161
Достарым менің, достарым!.....	162

Бақытжан СОВЕТҰЛЫ

БҮЛ – МЕН ҒОЙ

сықақ, әзіл әңгімелер, қалжыңдар

Редакторы Б. Қосбармақов

Корректоры Б. Оспанов

Беттеуші Н. Серғожасұлы

Басуға 31.10.2016 жыл қойылды.

Шішімі 84x108^{1/4}, Қартп түрі «Таймс».

Баспа табиғаты 10,5. Тарауымы 500 дана.

Тапсырыс №130

Тапсырыс берушінің файлдарынан "Printa-Press" баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Л. Хамиди көшесі, 4а үй.

